

БЕКІТІЛДІ

«Өзін-өзі реттейтін Қазақстан бағалаушылар қауымдастығының ұйымы» бағалаушылар палатасының Жалпы жиналысымен
2018 жылғы 30 маусымдағы №1 хаттамасы
(2018 жылғы 13 шілдеден қолданысқа енгізіледі)

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігімен,
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
Бухгалтерлік есеп, аудит пен бағалау
әдіснамасы департаментімен
2019 жылы 15 ақпанда

**«ӨР ҚБҚҰ» БП Палата мүшелерінің
Жалпы жиналысының
2021 жылғы 22 желтоқсандағы
№2 хаттамасымен
енгізілген өзгерістер мен толықтырулар**

**«ӨЗІН-ӨЗІ РЕТТЕЙТІН ҚАЗАҚСТАН БАҒАЛАУШЫЛАР
ҚАУЫМДАСТЫҒЫНЫҢ ҰЙЫМЫ»
БАҒАЛАУШЫЛАР ПАЛАТАСЫНЫҢ СТАНДАРТТАРЫ**

1. Стандарт талаптарын сақтау

1.1. Осы бағалаушылар Палатасының стандарттары «Өзін-өзі реттейтін Қазақстан бағалаушылар қауымдастығының ұйымымен (бұдан әрі – «ӨРҚ БҚҰ» БП) әзірленді және «Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы» 2018 жылғы 10 қаңтардағы №133-VI ҚРЗ (бұдан әрі – БҚЗ) Қазақстан Республикасының заңына, Қазақстан Республикасының стандарттарына және ережелеріне, бағалаушылар Палатасының стандарттарына және ережелеріне, өзге де Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне, «ӨРҚ БҚҰ» БП Жарғысына сәйкес қолданысқа енгізілді және бағалау жүргізу тәртібін анықтайды.

1.2. «ӨРҚ БҚҰ» БП стандарттары (бұдан әрі – Стандарттар), оның мүшелерінің бағалаушылар қызметінің негізгі қағидаларын анықтайды, бағалау жүргізу тәртібіне талаптар бекітеді және бағалау қызметін жүзеге асырады.

1.3. Стандарттар «ӨРҚ БҚҰ» БП мүшелерін және бағалаушылар қызметінің субъектілерін қолдану үшін міндетті болып табылады.

1.4. «ӨРҚ БҚҰ» БП мүшелері бағалау қызметін жүзеге асыру кезінде бағалау қызметі аясындағы заңнаманы, уәкілетті органмен бекітілген стандарттар мен өзге де нормаларды, «ӨРҚ БҚҰ» БП стандарттарын басшылыққа алады, соның ішінде:

- 1) Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 05 мамырдағы № 519 бұйрығымен бекітілген 3 қосымшаға сәйкес «Бағалау негізі және құн түрі» бағалау стандартын;
- 2) Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 05 мамырдағы № 519 бұйрығымен бекітілген 1 қосымшаға сәйкес «Жылжымалы мүлік құнын бағалау» бағалау стандартын;
- 3) Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 05 мамырдағы № 519 бұйрығымен бекітілген 2 қосымшаға сәйкес «Жылжымайтын мүлік құнын бағалау» бағалау стандартын;
- 4) Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 05 мамырдағы № 519 бұйрығымен бекітілген 4 қосымшаға сәйкес "Зияткерлік меншік объектілерінің және материалдық емес активтердің құнын бағалау" бағалау стандартын;
- 5) Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 05 мамырдағы № 519 бұйрығымен бекітілген 5 қосымшаға сәйкес "Бизнесті бағалау және бизнеске қатысу құқығы" бағалау стандартын;
- 6) Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 05 мамырдағы № 519 бұйрығымен бекітілген 6 қосымшаға сәйкес "Қаржы құралын бағалау" бағалау стандартын;
- 7) «Бұзылған көлік құралының құнын бағалау» стандартын.

1.5. Ұлттық бағалау стандарты, не Стандарттар қолданылатын терминдердің, анықтамалардың немесе рәсімдердің бірмағыналы түсінуін қамтамасыз етпеген жағдайда «ӨРҚ БҚҰ» БП мүшелері ұлттық бағалау стандарттарына қайшы келмейтін, орыс тіліне аударылған қолданыстағы соңғы редакциядағы Халықаралық бағалау стандарт нормаларын қолдануға құқықтары бар.

«ӨРҚ БҚҰ» БП мүшелері бағалау қызметін жүзеге асыру кезінде бағалаушылардың іскерлік және кәсіптік әдебінің кодексін сақтауға міндетті.

Осы Стандарттар талаптарын бұзғаны үшін бұзушылық жіберген «ӨРҚ БҚҰ» БП мүшелері «ӨРҚ БҚҰ» БП Тәртіптік комитетімен «ӨРҚ БҚҰ» БП Тәртіптік комитет туралы Ережеге сәйкес тәртіптік жаза шарасы қолданылуы мүмкін.

Қосымша:

- 1) Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 05 мамырдағы № 519 бұйрығымен бекітілген 3 қосымшаға сәйкес «Бағалау базалары мен құнның типтері» бағалау стандарты;
- 2) Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 05 мамырдағы № 519 бұйрығымен бекітілген 1 қосымшаға сәйкес «Жылжымалы мүліктің құнын бағалау» бағалау стандарты;
- 3) Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 05 мамырдағы № 519 бұйрығымен бекітілген 2 қосымшаға сәйкес «Жылжымайтын мүліктің құнын бағалау» бағалау стандарты;
- 4) Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 05 мамырдағы № 519 бұйрығымен бекітілген 4 қосымшаға сәйкес «Зияткерлік меншік объектілерінің және материалдық емес активтердің құнын бағалау» бағалау стандарты;

- 5) Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 05 мамырдағы № 519 бұйрығымен бекітілген 5 қосымшаға сәйкес «Бизнесті және бизнеске қатысу құқығын бағалау» бағалау стандарты;
- 6) Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 05 мамырдағы № 519 бұйрығымен бекітілген 6 қосымшаға сәйкес «Қаржы құралдарын бағалау» ұлттық бағалау стандартын;
- 7) «Бұзылған көлік құралының құнын бағалау» стандарты.

2. Кіріспе және міндеттер

- 2.1. Осы ереже «ӨРҚ БҚҰ» БП Стандарттарын білдіреді.
- 2.2. Осы Стандарттарға сәйкес «бағалау бойынша қызмет» түсінігі барлық бағалау үрдісін немесе оның кез келген бөлігін білдіреді, ол бағалау объектісі құнының шамасын анықтауды тұспалдайды. Бағалау бойынша жұмысты орындау қорытындысымен бағалау объектілерімен мәміле жасау мақсаты үшін ұсынылатын жалпы бағалау құны болып табылады, егер бағалау туралы есеп жасау күнінен бастап объектімен мәміле жасау күніне дейін немесе жария оферта ұсынған күнге алты айдан аспаса.

Бағалау туралы қызмет көрсету тәртібінде жұмыстарды орындайтын қатысушы, ол туралы осы Стандарттарда айтылған, бағалаушы деп аталады.

- 2.3. Стандарттар бағалау жүргізу кезінде активтер ретінде де, міндеттемелер ретінде де қолдана алады.

2.3.1. Активтер – ақшалай ағымдарды тудыруда қолданылатын, материалдық емес активтерді бағалаумен байланысты кез келген материалдық немесе материалдық емес активтер.

2.3.2. Міндеттемелер – бұл келісімшарт қатынасынан туындайтын құн құқығы.

2.4. Құнды анықтау үрдісінде бағалаушы Стандарттар мен Ережелер мәліметінде қарастырылған бағалау және бағалау әдісіне ыңғайды қарастырады және өзінің кәсіби тәжірибесін қолданады. Кәсіби пайымдауын қолдану – құнды анықтаудың маңызды кешені, себебі өз табиғаты бойынша бағалау құндылығы құндылық туралы субъективті пайымдау болып табылады.

2.5. Бағалаушының кәсіби пайымдауы – Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына, кәсіби және іскерлік этика кодексінің ережесіне және ұлттық бағалау стандартына, халықаралық және ұлттық бағалау стандарттарына, бағалаушылардың өзін-өзі реттейтін ұйымының бағалау қызметінің стандарттары мен ережелеріне негізделген, бағалаушы оның дәлелді мүшесі болып табылады, бұл бағалау объектісінің нарықтық немесе басқа да құны туралы анықталған қорытындысымен және тиісті зерттеумен расталған. Кәсіби пайымдау бағалау туралы есепте, дәлелдемелік маңыз мәліметінен тұратын құжат ретінде жазбаша түрде көрсетілген.

2.6. Бағалаушылар бағалау қызметі аясындағы заңнама, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтары және Қазақстанда және бағалау объекті орналасқан елдерде бағалау бойынша жұмыстарды жүзеге асыру үрдісінде қолданылатын бағалау стандарттары туралы ақпараттандырылуы тиіс. Осы Стандарттар талаптарын орындау бағалау қызметі аясындағы қолданыстағы

заңнамаға, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтарына және бағалау бойынша қызмет көрсету үрдісінде қолданылатын бағалау стандарттарына тең, бағалаушы қарауында және оның жауапкершілігінде қалады.

2.7. Бағалау әдістері мен қағидасын, теориясын тереңнен зерттеу, сондай-ақ оларды қолданған жағдайда осы Стандарттар мен Ережелер мақсаты болып табылмайды.

3. Жалпы жұмыстардың алғышарттары

3.1. *Бағалау және пайымдау құны.* Осы стандарттар мен ережелер үрдістерін қолдану нақты жағдайларда пайымдау дағдыларын талап етеді. Бұл пайымдаулар объективті жасалады және бағалау қорытындыларын арттыруға немесе төмендетуге қолданбау тиіс. Пайымдау дағдылары мақсатты бағалау есебімен және қабылданған бағалау базасымен, сондай-ақ бағалауда қолданылатын кез келген жол беруде жасалады.

3.2. *Әділдік және қызығушылық шиеленісі.* Әділдік үрдісі бағалаушыға туралық, зияткерлік дәлдік, бағаланылатын мүлікте және қызмет (кәсіби) бабын теріс пайдаланбауда жеке қызығушылық міндеттемелерін жүктейді. Әлеуетті шиеленіс қызығушылықтары туындаған жағдайда бағалаушы ол туралы мәлімдеуі тиіс және тапсырыс берушіден және есепті қолданушылардан, егер олар белгілі болса, жұмыстарды әрі қарай орындауға рұқсат алады.

3.3. *Кәсіби білім.* Бағалау бойынша жұмыстарды орындауда бағалаушының арнайы білімін, дағдысын және кәсіби тәжірибесін, сәйкестендіру, қажетті ақпараттарды жинау және талдау, тиісті бағалау әдістері мен тәсілдерін қолдану және таңдау құзіреттілігін жүзеге асыру, сондай-ақ өз кәсіби пікірін қолдану және объект құнына қатысты пайымдау айту мүмкіншілігін талап етеді.

3.3.1. Егер бағалаушының ұсынылған бағалау тапсырмасын жетік орындау үшін қажетті тәжірибесі мен кәсіби білімі болмаса, бағалаушы кейбір жалпы білім аспекті бойынша маман көмегіне жүгіне алады (4 тарауды қара), егер бұл бағалау тапсырмасында, сондай-ақ бағалау туралы есепте (11 қара) көрсетілсе ғана.

3.3.2. Бағалаушы талап етілетін кәсіби біліктілікпен бағалау жұмыстарын жүзеге асыра алатынын анықтау үшін ол ең азы төмендегілерді талдай алуы тиіс:

- 1) Бағалау объекті. Объекті пайдалану түрі және нарық сараланымы, оған төмендегілер жатады:
- 2) Бағалау (жүргізу) күні.
- 3) Бағалау бойынша жұмыстарды орындау шарты:
- 4) Бағалау мақсаты.
- 5) Бағалау міндеті (тапсырмасы)
- 6) Болжам және шектегіш жағдай, оны бағалау бойынша жұмыстарды орындау үрдісінде қолдану қажет.
- 7) Қолданылатын құн стандарты.
- 8) Бағалау туралы есеп түрі, ол шығарылатын болады
- 9) Есепте қолдану бойынша шектеу.
- 10) заңдар, Үкімет қаулысы және бағалау объектісінде және /немесе бағалау бойынша жұмыстарды қолдану үрдісінде қолданылатын кәсіби стандарттар.

11) Бағалау жүргізуге әдістемелік талаптар және тапсырыс беруші, үшінші жақ немесе тапсырыс беруші немесе бағалаушыға тәуелді емес жағдайлар тарапынан бағалау рәсімін шектеу дәрежесі.

3.4. Тапсырыс берушімен жұмыс істеуде уағдаластық жетістігі. Бағалаушы бағалау бойынша қызмет көрсетуде тапсырыс берушімен келісімшарт жасасуы тиіс, оның мазмұны заңнамада, Үкімет қаулысында және ұлттық бағалау стандарттарында көрсетілген келісімшарт талаптарына жауап беруі тиіс. Бағалаушы келісілген құжаттамаларды түрлендіруге дайын болуы тиіс, егер бағалау бойынша жұмыстарды орындау үрдісі жағдайында, ол осындай түрлендіруді талап еткен жағдайға тап болса.

3.4.1. Бағалау тапсырыс берушісімен, сондай-ақ көбіне бағалау бойынша есепті қолданушылармен анық уағдаластықты анықтауда мүмкіндікті төмендетеді, яғни бағалаушы немесе тапсырыс беруші (қолданушы) бір бірін күту немесе талаптарды қате түсінуі мүмкін. Тараптар арасындағы уағдаластық жазбаша түрде жасалады және бағалау объектісін, бағалау жұмыстарының мақсаты мен міндетін, тапсырыс беруші мен бағалаушы міндеттемесін қамтиды, қолданылатын жол берушілік және жағдайды шектейтін, есеп түрін, шығарылатын және ол құн стандарт қолданатын.

3.5. Баға, шығындар және құны

3.5.1. Баға — бұл актив үшін төленетін немесе ұсынылатын, сұратылатын ақшалай сома. Нақты қаржылық мүмкіншіліктер, дәлелдер немесе осы сатып алушылар немесе сатушылардың ерекше қызығушылықтары күшінде төленетін баға құнынан ерекшелінуі мүмкін, оны басқа тұлғалар активтерге қосады.

3.5.2. Шығындар активтерді сатып алу немесе құру үшін қажетті соманы көрсетеді. Активтер сатып алынған немесе құрылған жағдайда оған шығындар келтіріледі. Баға шығынмен өзара байланысты, сондықтан актив үшін төленген сома оған жұмсалған шығын болып табылады.

3.5.3. Құн дерек болып табылмайды, пікір болып табылады:

(a) Айрықша ықтимал құн туралы, ол актив үшін төленген, оны айырбастау кезінде немесе

(b) активтерді игеруден экономикалық пайда туралы.

3.5.4. Құн айырбастауда болжамды бағаны ұсынады, бұл ретте болжам оның негізінде құнды есептеп шығарады, бағалау мақсатымен ерекшеленеді. Құн жеке меншік үшін пайданы бағалау есеп-қисабын ұсынады, ол активтерді игеруден белгіленген тарапта алынуы мүмкін.

3.5.5. «Бағалау» сөзі есеп құнын белгілеу үшін қолданылуы мүмкін (жалпы баға) немесе есеп құнын (бағалау актіне) алу үрдісіне жатады.

3.6. Ағымдық қолдану бұл қазіргі уақытта активтерді, міндеттемелерді және/немесе активтер топтарын және/немесе міндеттемелерді қолдану нысаны. Ағымдық қолдану активтерді айырықша тиімді қолдану нысаны болып табылады, бірақ бұл міндетті емес.

3.7. Бағалау объектінің айырықша тиімді қолдануды талдау

3.7.1. Активтердің *нарықтық құны* оларды айырықша тиімді қолдануда көрінеді. Айырықша тиімді қолдану активтерді мынадай қолдануды ұсынады, ол оның нәтижелілігін көбейтеді, заң бойынша қол жетімді және қаржылық құнды.

Айырықша тиімді қолдану активтерді маңызды қолдануды жалғастыруды түсіндіру немесе оның балама қолданылуына сәйкес келу. Ол активтерді осылай қолдануда анықталады, оны нарық қатысушысы бағаны қалыптастыру кезінде есіне алады, оны ол актив үшін ұсынуға дайын.

3.7.2. Жекеше бағаланылатын активтерді айырықша тиімді қолдану активтер тобы құрамында аса тиімді қолдануда ерекшеленуі мүмкін, жалпы құнға активтер салымын есепке алу қажет болғанда.

3.7.3. Айырықша тиімді қолдануды анықтау мынадай талдауды көздейді:

(а) сол немесе өзге қолдану мүмкіндігін қарастыру кезінде қай қолдану түрі нарық қатысушыларының көзқарасымен орынды болатынына назар аудару керек;

(b) заңды қолжетімдік жағдайын тексеру кезінде активтерді қолдануда кез келген заңды шектеуді есепке алу керек, мәселен, ерекшеленген аймақтандыру аймағы;

(с) қаржылық өткізімділік шарты кез келген физикалық мүмкіндікті және заңды қол жетімді активтерді қолданудың балама түрлерін қарастыруды ұсынады, олар осындай қолдануға ауысу шығынын есепке ала отырып, бар қолдануда асыра қайтарым, әдеттегі нарық қатысушысына жеткілікті қайтарым әкелу мүмкіндігі бар.

3.8. *Транзакциялық шығын.* Нарықтық құн мәмілеме жасау нәтижесінде кез келген тараптардың төлеуіне жататын қандайда бір салыққа түзету және сатып алуда сатыпалушының немесе сатуда сатушылардың шығындарын салыстырмай-ақ активтердің айырбас есеп-қисабы болып табылады.

3.9. Бағалаушыға ұсынылатын ақпаратқа қатысты түсініктеме

3.9.1. Қағидат бойынша бағалаушы бастапқы ақпаратты жазбаша түрде алу қажет, оны бағалау бойынша жұмыстарды жүргізу мақсаты үшін ұсынылатын болады.

Бағалау жүргізу кезінде бастапқы ақпараттан мәліметтер және басқа ақпараттауады, оны осы стандартта келтірілген бағалауға әрбір ыңғайда қолданылады. Тиісті бастапқы мәліметтер нақты, әрі болжамды болуы мүмкін.

3.9.2. Нақты деректер мысалына жататындар:

1) барабар немесе салыстырмалы активтер бойынша қол жеткізілген бағалар;

2) активтерден құрылған нақты ақша ағыны;

3) барабар немесе салыстырмалы активтерге нақты шығындар.

Болжамды бастапқы деректер мысалына жататындар:

1) есеп айырысу немесе болжамды ақша ағымы;

2) гипотезалық активтерге есептік шығындар;

3) тәуекелдікке нарық қатысушыларының түсінгіштік қатынасы.

3.9.3. Бастапқы деректер сипаты және дереккөзі бағалау негізіне сәйкес болуы тиіс, оны таңдау өз кезегінде бағалау мақсатына тәуелді. Мәселен, *нарық құнының* көрсеткішін алуда әртүрлі тәсілдемелер және әдістер қолданылуы тиіс — оларда нарықтан алынған бастапқы деректер қолданылған жағдайда. Анықтау бойынша *салыстырмалы тәсілдемеде* атаулы нарық деректері қолданылады. *Табысты тәсілдеменің нарықтық құн көрсеткішін* алу үшін нарық қатысушыларымен қабылданған, осындай бастапқы деректер мен жол берулерді пайдалана отырып қолдану қажет. *Нарықтық құн* көрсеткішін алу үшін шығын тәсілдемесін пайдалану нарық деректеріне негізделген шығын және активтер құнсыздануына талдау жүргізе отырып, балама тиімді активтерді құруға шығындарды анықтау

қарастырылады. Онда, қандай әдіс немесе бағалау әдістері айырықша орынды және мақсатты болып табылады, бағаланатын активтерге айналатын нарықпен байланысты деректер мен міндеттемелерге тәуелді болады. Тиісті түрде нарық деректерінен алынған және талданған негізде кез келген тәсілдеме немесе әдіс *нарық көрсеткішін* алуды қамтамасыз етуге ыңғайлы.

3.10. Жорамал және шектегіш жағдай

3.10.1. Бағалау бойынша жұмыстарды орындау кезіндегі жорамал мен шектегіш жағдайдың болуы жалпы қабылданған тәжірибе болып табылады, бұл жағдай бағалау туралы есепте (6 тарауды қара) қосылуы тиіс. Бағалау туралы есепте осы тарауды қосу мақсаты бағалауға тапсырыс беру аясында орындалатын жүйелі және келісілген жұмыс көлемін анықтау болып табылады, ол үшін бағалаушы объект құнын білікті және тиімді анықтай алуы тиіс. Мысалға, жорамал және шектегіш жағдай көбіне яғни бағалаушы тапсырыс берушімен ұсынылған объект туралы техникалық ақпаратты солай қабылдау туралы ережеден тұрады, оған тексеріс жүргізбейді және оның дұрыстығына жауап бермейді.

3.10.2. Жорамал және шектегіш жағдай талдау үшін қажетті деректер көлемін немесе бағалаушы зерттеуінің ауқымын шектеу не қысқарту үшін арналған емес. Талдау үшін қолжетімді ақпаратты алуға немесе бағалау жұмыстарын жүргізуге шектеу немесе кедергі бағалау үрдісінде туындайтын немесе бағалау бойынша жұмыстарды орындау алдында бағалаушыға белгілі болуы тиіс және қатыса алады. Ұқсас шектеу немесе кедергі, егер олар бағалау қорытындысына әсерін тигізсе бағалау туралы есепте ашылу тиіс.

3.11. Бағалау үрдісінде басқа мамандарың жұмыстарын орындау

3.11.1. Бағалау бойынша жұмыстарды орындау барысында бағалаушы бағалау үрдісіне қатысу үшін басқа маманның жұмысын қолдана алады (мысалға, автокөлік құралы, зияткерлік меншік, құрылыс конструкциясының техникалық жағдайын сараптау бойынша маманның). Маман бағалаушының өзімен немесе бағалаушы жұмыс істейтін компаниямен, немесе үшінші тараппен тартылуы мүмкін, мәселен тапсырыс берушімен. Бағалаушы басқа маманның, оның ішінде басқа бағалаушының жұмысын қолданған кезде ол бағалау туралы есепте осы бағалауда басқа маманның жұмысы қандай шамада қолданғанын көрсетуі тиіс.

3.11.2. Бағалаушымен немесе бағалаушы жұмыс істейтін компанияны тарту кезінде басқа маманды, оның ішінде осы компанияның қызметкерін бағалаушы соңғысы талап етілген салада қажетті білімі мен тәжірибесін игергені туралы сенімін алу мақсатында осы маманның біліктілігіне көз жеткізуі тиіс. Маманның біліктілігін анықтау үрдісінде бағалаушы мынаған назар аударуы тиіс:

а) білім деңгейіне, сондай-ақ кәсіби сертификаттарына, дипломына, осы салада маманның құзіреттілігін растайтын лицензияға немесе басқа құжатқа.

б) ұқсас салада алынған басқа қызметкерлер мен бәсекелестер ортасындағы маманның беделі және орны.

с) маманның дағдысы және оның бағалау тұжырымдамасын, талаптарын түсінуі, ол нақты жұмыстарды орындау кезінде білімі ілеспе заңдарға, Үкімет қаулылары мен стандарттарына сәйкес келуі.

д) бағалау бойынша жұмыс түрінде маманның тәжірибесі.

е) нарықта маманның білім және тәжірибе деңгейі, оған бағаланатын активтер немесе міндеттемелер жатады.

3.11.3. Егер тартылатын маманның біліктілігі жеткілікті болса, бағалаушы оны бағалау үрдісі жұмысында қолдана алады. Бағалаушы оның біліктілігіне сенімі болмаса, маманды жұмысқа тартауы тиіс.

4. Бағалау тапсырмасы

4.1. Бағалауды белгілеудің көптеген түрлері бар. Стандарттар бағалау тапсырмасын кең шоғырда қолдану үшін арналған, бағалау сараптамасын қоса алғанда. Бағалаушы бағалауды белгіленген мақсатқа сәйкес қатаң жүргізуі тиіс, ол оны алушы ұсынылған қызмет сипаты және барлық шектеулер туралы түсінігі болуы тиіс, оны бағалауда қолдануы мүмкін.

4.2. Бағалау тапсырмасы төмендегі жазылған ережені ашатын, жазбаға түрде дайындалуы және расталуы тиіс. Кейбір активтер классы немесе оларды қолдану осы стандарт шегінуінде қарастырылған, сондай-ақ бағалауға тапсырма дайындау кезінде қосымша талаптар қарастырылуы тиіс. Бұл талаптар активтер немесе бағалауды қолдану бойынша тиісті стандарттарда жазылған.

4.3. Бағалау тапсырмасына негізгі талаптар.

а) Сәйкестендіргіш деректер және бағалаушы мәртебесі

(i) Бағалаушының сәйкестендіргіш деректері. Бағалаушы жеке тұлға ретінде де және заңды тұлға ретінде де болуы мүмкін;

(ii) сол факт, яғни бағалаушы объективті және әділ баға ұсыну жағдайы;

(iii) бағалаушыда бағалау объектісіне немесе бағалау тапсырыс берушісі болып табылатын тарапқа қандай да бір маңызды қатысы бары немесе жоғы;

(iv) сол факт, яғни бағалаушы бағалау жүргізу үшін жеткілікті құзіретті.

Егер бағалаушыға тапсырманың кез келген бөлігін орындау кезінде үшінші адамның маңызды көмегі қажет болса, бағалау тапсырмасында осындай көмекшінің сипатын, сондай-ақ оның бағалау нәтижесіне әсер ету деңгейін көрсету және келісу қажет.

(b) Тапсырыс берушінің және кез келген басқа да болжалды бағалау қолданушыларының сәйкестендіргіш деректері. Адамдар туралы ақпаратты растау, олардың қызығушылығы бағалау жасау, бағалау бойынша есептің нысанын және мазмұнын анықтау үрдісінде маңызды кезең болып табылады және есеп олардың қажеттілігін қанағаттандыратын ақпараттан тұратынына кепіл береді.

с). Бағалау тапсырмасында адамдар шеңберіндегі қатынасқа кез келген шектеу көрсетілуі және келісілуі тиіс, олар тек бағалауға ғана сүйене алады.

4.4. *Бағалау мақсаты.* Бағалау тапсырмасына мақсат айқын тұжырымдалуы тиіс, оған сәйкес бағалау жасалады. Мәселен, несиені қамтамасыз етуге арналған бағалау, акцияларды беру немесе акциялар эмиссиясын қамтамасыз етуге арналған бағалау. Бағалау мақсаты бағалау базасын анықтайтын болады.

Бағалау нәтижесі мәтіннен тыс немесе бағалау тапсырмасына қарастырылмаған басқа да мақсаттарда қолданыла алмайды.

4.5. *Бағалауға жататын активтерді немесе міндеттемелерді анықтау.* Активтер арасындағы айырмашылықтар және осы активті қолдануға заңды құқық пен экономикалық құзығушылық туралы ескертпені талап етуі мүмкін.

4.5.1. Егер бағалауға басқа да активтермен тіркесуде қолданылатын актив жатса, онда бұл активтер бағалауға жататынын анықтау қажет, қараудан шығарылса, бірақ қолжетімді деп саналады немесе қараудан шығарылады және қолжетімді деп саналмайды.

4.6. *Бағалау базасы.* Бағалау базасы бағалау мақсатымен сәйкес болуы тиіс. Кез келген қолданылатын бағалау базасының анықтау дереккөзін көрсету қажет немесе таңдалған базаға негізделу қажет. Бұл талаптар есепті сараптауға жатады. МСО құпталған бағалау базасы анықталады және «МСО қағидаларында» қарастырылады, алайда басқа да базалар қолданылуы мүмкін. Сондай-ақ бағалау нәтижесі қандай валютада ұсыналытынын анықтауды талап етуі мүмкін.

4.7. *Бағалау күні.* Бағалау күні есепті бекіту күнінен, бағалау жүргізу және аяқтау күнінен ерекшеленуі мүмкін. Қажеттілік жағдайда барлық есептелген күндер анық белгіленуі тиіс.

4.8. *Жүргізілетін зерттеу көлемі.* Бағалау тапсырмасында объектіні қарауға, бағалау мақсатымен талдау және сұрау салу жүргізуге қатысты қарастырылған кез келген шектеулер жазылуы тиіс.

4.8.1. Егер жүргізілетін жұмыс көлемін шектеу салдарынан маңызды ақпарат қолжетімді болмаса, бірақ бағалау тапсырмасы қабылданса, онда бағалау тапсырмасында жорамал немесе *арнайы жорамалдар* олардың жеңуіне қажетті және тиісті шектеулер тіркелуі тиіс.

4.9. *Сипаты және ақпарат дереккөзі, ол бағалауға негізделеді.* Бағалау тапсырмасында кез келген маңызды ақпарат сипатын және дереккөзін көрсету және келісу қажет, ол бағалау негізіне жатады.

4.10. *Жорамал және арнайы жорамал.* Бағалау жүргізу және есеп жасау үрдісіне жасалатын барлық жорамалдар мен арнайы жорамалдарды тіркеу керек. Жорамал нақты тексерістер немесе зерттеулер жүргізусіз тиісті бағалау тапсырмасы аясында факт ретінде орынды қабылданатын жағдайды ұсынады. Бұл жағдай бағалауды түсіну кезінде оларды тану үшін жеткілікті болатыны туралы мәлімдеме.

4.10.1 Арнайы жорамал — бұл нақты фактілерден ерекшелінетін фактілерді болжайды, бағалау күніне немесе әдеттегі нарық қатысушысымен бағалау күніне мәлімдеме жасалмауға жол беру.

4.10.2. *Арнайы жорамал* құн жағдайын өзгертуге әсер етуді сипаттау үшін жиі қолданылады. Мысалға, *арнайы жорамалға* мыналар жатады:

- 1) Жобаланатын тапсырма бағалау күніне құрылыспен нақты аяқталған;
- 2) Белгілі келісімшарттар, ол іс жүзінде бағалау күніне жасалған жоқ;
- 3) Қаржы құралы қисық табыстылық көмегімен бағаланады, нарық қатысушылары қолданғаннан ерекшеленеді.

4.10.3. Бағалау жүргізуде орынды және тиісті мақсатты ұсынатын жорамал мен арнайы жорамал ғана қолданылуы тиіс.

4.11. *Есепті таратуға және жариялауға, қолдануға шектеу.* Егер қажет болса, бағалауды қолдана алатын немесе оған сүйенетін адамдар шеңберін шектеу, онда бағалау тапсырмасы тиісті түсіндіруден тұруы тиіс. Егер бағалау нәтижесін қолдануды шектеуге әкеп соғатын жағдай бекітілсе, ол туралы бағалау тапсырмасында мәлімдеу керек.

4.12. Бағалау қолданыстағы стандарттарға сәйкес жүргізілгенін растау. Стандарттарға сәйкес растау қажетті талап болып табылады, бағалау мақсаты қолданыстағы стандарттардан ауытқуды талап ету жағдайы туындауы мүмкін. Бағалау тапсырмасында бағалаушы кез келген осындай ауытқуларды анықтауға және олардың заңға сыйымдылығын негіздеуге міндетті. Стандарттардан ауытқу, егер ол бағалаудың қателесуіне әкелмеген жағдайда ғана ақталады.

4.13. Бағалау тапсырмасы ұсынылатын есеп үлгісін растауы тиіс. Егер есепке байланысты Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2018 жылғы 03 мамырдағы № 503 бұйрығымен бекітілген «Бағалау туралы есептің нысаны мен мазмұнына қойылатын талаптарда» қарастырылатын қандай да бір маңызды элементті алып тастау ұсынылса, онда тиісті элемент сілтемесін беру қажет.

4.14. Бағалау тапсырмасын өзгерту. Кейбір жоғарыда көрсетілген мәселер бағалауды жүргізу басталғанша немесе бағалау жүргізу үрдісінде қалыптаспаса бағалау тапсырмасына өзгерістер енгізу қажеттілігі туындайды, мәселен, қосымша ақпарат қолжетімді болғанда немесе әрі қарай зерттеуді талап ететін мәселе туындағанда. Бағалау тапсырмасына талаптар бағалау басында келісілген бір құжаттан немесе тапсырманы орындау үрдісінде дайындалатын құжаттар қатарында қалыптастырылады, барлық талаптар есепті ресімдеу және бағалауды аяқтау кезінде құжаттандырылады.

5. Бағалау үрдісін жүзеге асыру

5.1. Бағалау және бағалауды сараптау бойынша жұмыс түрлері

5.1.1. Тапсырыс берушімен келісуге сәйкес (3.4 бөлімді қарау) бағалау және бағалауды сараптау бойынша жұмыс көлемі, сондай-ақ бағаланатын жұмыс түрлері, олар орындалады, бекітіледі.

Бағалау туралы есеп жасау кезінде бағалаушы:

- бағаланатын объектіні талдауы;
- бағалау және бағалау әдісіне амал таңдауы және қолдануы;
- бағалау туралы есеп дайындауы;
- тиісті құжаттар (мұрағат) дайындауы және жүргізуі тиіс.

Жоғарыда келтірілген тізілім және кейбір басқа да талаптар мен ұсыныстарда осы Стандарттар мен Ережелердің бірізді бағалау үрдісі ұйғарылады. Алайда құнды анықтау ақпаратты үздіксіз жинау, түзету және талдау үрдісін ұсынады, сондықтан бағалау рәсімін бірізді орындау кез келген тәртіпте бағалауға және тиісті бағалау стандартына нақты тапсырмаға байланысты бағалаушымен іске асырылады.

5.2.1. Бағалау туралы сараптама қорытындысы бойынша есепті жасау кезінде мұндай есепте ең кемі төмендегілер көрсетілуі тиіс:

- a) жүргізілген талдау көлемі, «Бағалауға тапсырма, онда олардың әрқайсысы тапсырмаға қолданылу дәрежесінде» 4 т. көрсетілген элементті қосқанда;
- b) бағалау туралы рецензияланған есеп және бастапқы деректер, сондай-ақ осы бағалауға негізделген жол беру;
- c) жұмыстарды талдау бойынша сараптама қорытындысы, негіздеуді қосқанда;
- d) есеп жасау күні

5.2. Бағалау объектісін талдау

5.2.1. Бағалау объектісін талдау бағалаушыға әртүрлі амалдар және бағалау әдістерін қарастыру, анықтау және қолдануда көмектеседі. Характер и масштаб данных, необходимых и доступных для осуществления талдауды жүзеге асыру үшін қажетті және қолжетімді деректер сипаты мен масштабы мынадай факторларға байланысты:

- a) бағаланатын объект құрамы;
- b) бағалау белгілеу;
- c) қолданылатын құн стандарты;
- d) құнды анықтау қағидаты;
- e) жіберілетін және шектегіш жағдай;
- f) қолданыстағы заңдар, Үкімет қаулысы және кәсіби стандарттар.

5.2.2. Бағалау объектісін талдау үрдісінде бағалаушы қаржылық, бейқаржылық ретінде (техникалық, экономикалық және құқықтық) ақпаратты қарауы тиіс. Осындай ақпаратты алу мүмкіншілігі және маңызы, түрі бағалау объектісіне байланысты өзгереді және бағалаушы күзіретінде және жауапкершілігінде болады.

a) Бейқаржылық ақпарат. Бағалау тапсырмасына сәйкес бағалаушы бағалау объектісінің құрамын нақты түсіну үшін жеткілікті көлемде ішкі және сыртқы дереккөздерден бейқаржылық ақпаратты жинауы қажет, оның ішінде:

- (i) бағалау объектісінің даму тарихы және шығу тегі;
- (ii) объект құрылымы;
- (iii) бағаланатын құқық және құжаттар, расталатын құқық деректері;
- (iv) Объект оның ішінде мәдени-тарихи) және сервитут ауыртпалығы;
- (v) бағалау объектісін қолдануды шектеу (мысалға, қала құрылысы);
- (vi) бағалау объектісінің техникалық сипаты;
- (vii) бағалау объектісінің құнына әсер ететін басқа да мәселелерді талқылау, мысалы: бағалау объектісінің тең меншік иелері арасындағы келісімшарт, пайдаланудың ағымдық келісімшарты (жалдау), лицензиялық келісімшарт, жеке меншік және балағалу объектісінің қызығушылығын тудыратын шектеулер және басқа да келісімшарт міндеттемелері.

b) Қаржылық ақпарат. Бағалаушы бағаланатын объект бойынша қолданыста бар тиісті қаржылық ақпаратты алады және талдайды, оның ішінде:

- (i) Ретроспективті қаржылық ақпарат, шығын бабы бойынша жылдық шығындарды қосқанда, белгілі жылға объектіні коммерциялық қолданудың негізгі көрсеткіштері;
- (ii) болжамдалатын қаржылық ақпарат, мысалға, коммерциялық қолдану, пайдалану шығындары мен қысқа элементтерді алмастыруға есептеулердің болжамдалатын көрсеткіштері;

Бағалау үрдісінде болжамды қаржылық ақпаратты қолдану қажеттілігі туындағанда бағалаушы онымен мұқият танысуы тиіс, яғни бағалау рәсімдерін жүргізу мақсатында оның жарамдығына көз жеткізуі тиіс.

5.2.3. Кәсіпорындар мен ірі жылжымайтын объектілерді бағалау кезінде несиелеу мақсаты үшін қосымша жүргізіледі:

- 1) өңірдегі жалпы экономикалық жағдайды және әлеуметтік-экономикалық жағдайды шолу;

2) бағаланатын мүлік нарығында ағымдық белсенділікті және үрдісті шолу;

5.3. Бағалауға және бағалау әдісіне тәсілдеме

5.3.1. Бағалау талдауын жүргізу бағалауға үш тәсілдемені қолдануды ұйғарылады, оларды бағалаушы қолдануы тиіс (немесе оларды қолданудан бас тартуға негіздеу). Олардың бәрі баға тепе-теңдігінің экономикалық қағидаларына негізделген, пайда немесе алмастыруды күту. Төмендегілер бағалаудың негізгі тәсілдемелері болып табылады:

- 1) салыстыру тәсілдемесі;
- 2) кіріс тәсілдемесі;
- 3) шығын тәсілдемесі.

5.3.2. Бағалаушы әрбір тәсілдемелер аясында сол және өзге де әдістерді қолдану туралы шешімді өз еркімен қабылдайды. Әдістерді талдауды бағалаушы бағалау объектісінің ерекшелігін, бағалау мақсатын және белгісін (міндетін) есепке ала отырып, жүзеге асыруы тиіс. Бағалау үшін нарық ақпаратының көлемі жеткілікті болғанда барлық үш тәсілдемені қолдану қажет. Әдістердің бірде бірі барлық мүмкіншілік жағдайында қолдану үшін жарамайды. Тәсілдемелердің қайсысын болсада қолдану мүмкіншілігі болмау және шектеу бағалау туралы есепке негізделеді.

5.3.3. Тәсілдемелерді талдау кезінде ең кемі төмендегілерді есепке алуды талап етеді:

- а) тиісті бағалау базасын, оны таңдау бағаланатын тапсырма мақсаты мен шартына байланысты;
- б) тәсілдемелер мен әдістерде салыстырмалы қатты және әлсіз тараптар болуы мүмкін;
- в) актив және тәсілдемелер немесе әдістер сипатын ескере отырып, әрбір әдістің мақсаттылығы, оны тиісті нарық қатысушылары қолданады;
- г) әдісті (тәсілдерді) қолдану үшін қажетті сенімді ақпараттың болуы.

5.3.4. Құн көрсеткішін алу үшін бағалаушы біреуден аса тәсілдеме немесе әдісті қолдана алады, әсіресе нақты немесе бақыланатын деректер жеткіліксіз болған жағдайда бір әдіс негізіндегі құн туралы тиімді қорытындыны өңдеу мүмкінсіздігін білдіреді. Біреуден аса тәсілдемені немесе әдісті өлдану кезінде алынатын құн көрсеткіші құн туралы соңғы қорытындыны өңдеу мақсатында талданылуы және келісілуі тиіс.

Жоғарыда көрсетілген тәсілдемелерді қолдану бойынша жалпы басшылық 5.4 – 5.5. т.т. келтірілген бағалау және бағалау әдісіне жеке тәсілдемелер бойынша ұқсас нұсқаулар, сондай-ақ нақты мақсат үшін тиісті әдіс таңдау Стандарттар мен Ережелер деректері аясында табылады.

5.4. Салыстыру тәсілдемесі.

5.4.1. Салыстыру тәсілдемесі бағаланатын активті барабар немесе ұқсас активтермен салыстыру арқылы құн көрсеткішін алуды қамтамасыз етеді, оларға қатысты баға туралы ақпарат қолжетімді.

5.4.2. Осы тәсілдеме аясында алғашқы қадам барабар немесе ұқсас активтермен келісім бойынша бағаны қарау болып табылады, олар нарықта болды. Егер бертінгі келісім санының жеткіліксіздігі байқалса барабар немесе ұқсас активтер бойынша ұсыну бағасын мақсатты қараудан бас тарта алады, олар сатуға

қойылды, мұндай ақпарат айқын анықталды және сыни талқылауға тартылды. Для отражения различий между условиями нақты мәміле шарттары және бағалау базасында қолдану негізінде жататын жол берулер немесе бағалау жүргізу үрдісінде жасалған басқа да жол берулер арасындағы айырмашылықты көрсету үшін бағалаушы кейбір келісімдерде анықталған түзетулер бойынша баға ақпаратын енгізу қажет. Сондай-ақ бағаланатын активтер және құқықтық, экономикалық және физикалық сипаттау бөлігіндегі оның ұқсастықтары арасындағы ерекшелік байқалуы мүмкін.

5.4.3. Бағалаушы салыстыру тәсілдемесін қолдануы тиіс және мынадай жағдайлар болғанда оған салмақ түсіруі қажет:

- а) қарастырылатын актив бертін келісіммен сатылды, оны қолданылатын бағалау базасына сәйкес назарға қабылдау керек;
- б) қарастырылатын актив немесе мәні бойынша ұқсас активтер нарықта белсенді айналады;
- в) жиі жасалатын және/немесе «мәні бойынша» ұқсас активтермен бертін көрінген келісімдер жиі болады.

5.4.4. Салыстыру тәсілдемесінде бағалаушы нарықты мультипликаторды қолдана алады, оны салыстырылатын объектілер таңдауынан алады, олардың әрқайсысы өзінің мультипликатор мағынасымен сипатталады. Бағалаушымен бар диапазон мәнінен тиісті мультипликаторды таңдауда сапалы және сандық факторларды назарға ала отырып, қабылданған негіздемені талап етеді.

Салыстыру тәсілдеменің негізгі әдісі салыстырмалы мәміле әдісі немесе индикативтік мәміле әдісі болып табылады, құн көрсеткішін алу мақсатында бағалаушы активтермен, ұқсас немесе ұқсас бағаланатын активтермен мәміле туралы ақпаратты қолданады;

5.4.5. Бағалаушы салыстырылатын мәміле әдісін қолдану кезінде мынадай маңызды кезеңдерді анықтайды:

- а) салыстыру бірлігін анықтау, оны қатысушылар тиісті нарықта қолданады;
- б) сапалы және сандық ұқсастықтарға және салыстырмалы активтер мен бағаланатын активтер арасындағы айырмашылыққа бірізді салыстыру талдауын жүргізу;
- в) қажетті түзетулер енгізу, егер бағалау көрсеткішінде мұндай талап етілсе – бағаланатын активтер және қарастырылатын активтер арасындағы айырмашылықты көрсету үшін;
- г) қарастырылатын активке түзетілген бағалау көрсеткіштерін қолдану;
- д) егер бірнеше бағалау көрсеткіші қолданылса, алынған құн көрсеткіштерімен келісу.

5.5. Кіріс тәсілдемесі.

5.5.1. Кіріс тәсілдемесін қолдану кезінде бағалаушы болжалды болашақ кірістер негізінде бағалау объектісінің құнын анықтайды, мысалы активтермен қалыптасқан кіріс құны, ақша ағымы немесе шығындарды үнемдеу, олар бағаланатын объектіні әкелуі мүмкін.

5.5.2. Бұл тәсілдемеде бағалаушы кірісті талдайды, оны актив пайдалы қолдану мерзімі ішінде құрады, ал құн көрсеткіші капиталдандыру рәсімі арқылы анықталады. Капиталдандырудың дисконттауды тиісті мәміледе қолдану арқылы

капитал сомасына кірістердің түзілуін топшылайды. Кірістер ағымы тиісті келісімшарт немесе уағдасыз негізі бар келісімшартқа сәйкес анықталады, мысалы активтерді пайдалану немесе сақтаудан алынатын күтілетін пайда нысанында болу.

5.5.3. Бағалаушы *кіріс тәсілдемесіне* қатысты мынадай негізгі әдістерді қолданады:

1) кірісті капиталға айналдыру әдісі, бұл ретте бағалаушы жалпы капиталдандыру коэффициентін немесе бір кезеңмен репрезентативте қолданатын барлық тәуекелдерді есепке алу коэффициентін қолданады;

2) дисконтталған ақша ағымын талдау әдісі, онда бағалаушы болашақ кезеңнен ақша ағымы қатарына дисконттау мәмілесін қолданады және ағымдық құнға келтіруді қамтамасыз етеді;

3) опциондарға баға белгілеудің әртүрлі моделі. Дамыту әдісі (опцион әдісі), яғни дисконттау (капитализациялау) әдісінің моделі конъюнктура нарығында туындаған тәуелділікте болашақта бизнестің дамуына менеджерлердің әсер ету мүмкіншілігін есептемейтінін болжайды. Азық-түлік патенті фирмаға азық-түлік және нарықтың дамуына құқықты қамтамасыз етеді. Бұл егер азық-түлік сатудан түсетін болжалды ақша ағымының ағымдық құны дамудың өзіндік құн артқан кезде ғана болады. Егер бұлай болмаса, онда фирма алдағы шығынға ұшырамау үшін патентті кейінге қалдыра алады. Сондықтан да азық-түлік патенті колл-опцион ретінде қарастырылады, онда азық-түлік өзі базалық актив болып табылады;

4) роялтидан босату әдісі, онда бағалаушы гипотеталық лицензиялық төлем құнынан бейматериалдық активтердің құнын анықтайды, ол активті игеру арқасында үнемді болады, ал оны үшінші тараптан лицензия бойынша қолданбау.

5) "гринфилд" әдісі, оны бағалаушы бейматериалдық активтерді бағалау үшін қолданады, мысалы, франчайзинг туралы келісімшарт, яғни тек бір ғана бизнес активі бағалау күніне бейматериалдық активтермен бағаланған жағдайда ақша ағымы болжамы негізінде бағаланатын бейматериалдық активтердің құнын анықтауды болжайды. Барлық қалған материалдық және бейматериалдық активтер жалға алынуы және сатып алынуы тиіс;

6) дистрибьютор әдісі, ол клиенттермен байланысты бейматериалдық активтерді бағалау үшін қолданылатын көпкезеңді артық пайда әдісін ұсынады.

7) бағалау стандартымен белгіленген басқа да әдістер

5.5.4 Кіріс тәсілдемесі міндеттемені бағалауға қолданылады, бұл ретте оны өтеуге дейін міндеттемелерге қызмет көрсету үшін қажетті ақша ағымы талқыланады.

5.6. Шығын тәсілдемесі.

5.6.1. Шығын тәсілдемесі экономикалық қағиданы қолдануға негізделетін құн көрсеткішін алуды қамтамасыз етеді, осыған сәйкес сатыпалушы тең тиімділік активін алу үшін қажетті актив үшін артық төлемейді, оны сатып алу және құрылыс құралы бол.

5.6.2. Бұл тәсілдеме бекітілген қағидаға негізделген, яғни сатыпалушы бағаланған актив үшін нарықта төлейтінбаға, ұзақ уақыт қиындататын факторлар мен онымен байланысты келеңсіздіктер және қатер болмағанда, сатып алуға немесе баламалы актив құрылысына шығын артпайтын болады.

5.6.3. Бағалаушы, яғни жиі қайтару немесе бағаланатын активтің ескеру себебі бойынша, альтернативті активтерге қарағанда барынша тартымды болатынын ескеру қажет, оны құру арқылы сатып алуға болады. Егер бұл солай болса, онда альтернативті актив шығынына талап етілетін бағалау базасына байланысты бағалаушы сол немесе басқа да түзетулер енгізуі керек.

5.6.4. *Жартылай аяқталған актив* құнын бағалау кезінде бағалаушы, яғни әдеттегідей қазіргі уақытқа дейін актив құру үрдісінде келтірілген шығындарды, сондай-ақ оны аяқтаған соң мүлік құнына қатысты қатысушылардың болжалды ескеруі керек, *сонымен қатар активті аяқтау үшін қажетті шығындар мен уақыт және пайда мен қатерге тиісті түзетулерді ескереді.*

5.6.5. Бағалаушы мынадай шығын тәсілдемелерін қолданады:

- 1) шығындарды алмастыру әдісі – теңбе-тең тиімділікті ұсынатын ұқсас активтерге шығындарды есептеу арқылы құнды көрсетеді;
- 2) шығындарды жаңарту әдісі – нақты актив көшірмелерін қайта жасау шығындарын анықтау арқылы құнды көрсетеді;
- 3) компоненттік әдіс – актив құны оның құрамдас бөліктерінің жеке құнын жинақтау арқылы есептеледі.

5.7. Бағалау күнінен кейінгі оқиға

5.7.1. Бағалау (жүргізу) күні – нақты күн, онда бағалаушы бағаланатын объект құнын анықтайды. Негізінде бағалаушы бағалау күні және бағалау күніне дейін болған оқиға жағдайы бойынша ғана бар мән-жайға назар аударуы тиіс.

5.7.2. Бағалауға әсер ететін фактілер бағалау күнінен кейін болуы мүмкін, бірақ бағалау туралы есеп шықанға дейін орын алады. Ұқсас құбылыс бағалау күнінен кейінгі оқиғаға қатысты. Бағалаушы бағалау күнінен кейінгі екі оқиға түріне назар аударуы тиіс:

а) мән-жайды көрсететін оқиға, ол бағалау күні жағдайы бойынша нарық қатысушыларымен белгілі болды. Бағалау үрдісінде мұндай оқиғаға және мән-жайға назар аудару қажет;

б) мән-жайды көрсететін оқиға, бағалау күні жағдайы бойынша нарық қатысушыларымен белгілі болған жоқ. Бағалау бойынша орындалған жұмыстар осындай оқиғаларға немесе мән-жайларға байланысты түзетілмеуі мүмкін. Бұған қоса, көбіне бағалау туралы есеп ұқсас оқиғаларды немесе мән-жайларды сипаттаудан тұрмауы мүмкін, себебі бағалау нақты уақыт кезеңіне – бағалау күні деректері бойынша жүзеге асырылады және осы күннен кейінгі болатын оқиға осы күнге есептелетін құнға қатысы жоқ.

5.7.3. Алайда бағалау объектісін сатып алу немесе сатумен байланысты бағалау жүргізу және оның құны сатыпалушы үшін үлкен мәнге ие және бағалау күнінен кейін ұқсас оқиға кезіндегі жағдайда жаңылысуда енгізуден осы есеп қолданушыларын ескерту мақсатында жеке есеп бөліктерінде ашылған фактілерді растауда қызмет етеді. Ұқсас ашуда мәлімет үшін сөз етіліп отырған оқиғаны және құнды анықтауда әсер етпейтінін нақты көрсету керек.

5.8. Жұмыс құжаттарын сақтау

5.8.1. Бағалаушы құжаттамаларды, нысан және нақты бағалау тапсырмасын шарттарын қанағаттандыратын мазмұнды дайындауы және жүргізуі қажет. Бұл

құжаттама – бағалау жұмыстары барысында алынған және талқыланған негізгі ақпарат мұрағаты, бағалау объектісінің құны туралы бағалау әдістері және қорытындылары және тәсілдемелерінде қолданылатын және бар, жүргізілген рәсімдерге қатысты деректер.

5.8.2. Құжаттамалардың саны, түрі және мазмұны бағалаушының кәсіби пайымдау мәселесіне жатады. Алайда ол кемінде мыналарды құжаттандыруы тиіс:

- 1) басқа мамандардың қолдануына қатысты *Бағалау бойынша жалпы мәлімет* бөліміндегі талаптарға сәйкес қабылданған әрекеттер;
- 2) мәселелерді түсінуді қамтамасыз ету үшін жиналған және талқыланған деректер, олар бағалау объектісінің құнына әсер етеді (6 тарау *Негізгі бет* бөлімін қара);
- 3) жол беру және шектегіш жағдайларға арналған негіздеме, сондай-ақ кез келген шектеулер немесе кедергілер үшін бағалаушы жұмыстарын жүргізу немесе талдауға арналған деректерді алу (4 тарау *Жол беру және шектегіш жағдайлар* бөлімін қара);
- 4) талдау үрдісінде бағалаушымен жасалған кез келген болжамға арналған негіздеме;
- 5) шектеуге арналған негіздеме немесе үш тәсілдемелердің бір әдісін қолданудан бас тарту (5.8 т. қара);
- 6) 5.9-5.11 т.т. қарастырылғандардан ерекше бағалау әдістерін қолдану негіздемесі;
- 7) бағалау күнінен кейін туындаған белгілі мән-жайларды бағалаушымен талдау, бірақ бағалау туралы есеп шығарылғанға дейін, егер мұндай болса (5.7 б т. қара).

5.8.3. Бағалаушы қолданыстағы кез келген нормативтік, құқықтық талаптарды және есеп мазмұны бойынша басқа кәсіби стандарттар талаптарын қанағаттандыру үшін және оның тәжірибелік мүддесі үшін жеткілікті уақыт кезеңі ішінде құжаттамаларды сақтауға арналған шараларды қолдануы тиіс. Бұл рәсімдер бағалаушыға электронды немесе кез келген басқаша түрде бағалау тапсырмасына қатысы бар кез келген қалған құжатты сақтау кезеңі ішінде рұқсат алу мүмкіншілігін ұсыну керек.

6. Бағалау туралы есепті құру

6.1. Кіріспе.

6.1.1. Бағалау үрдісінде соңғы кезең тапсырысберушіге немесе кез келген өзге де қолданушыға бағалау нәтижесін хабарлау болып табылады. Айтарлықтай, бағалау туралы есеп бағалауды дұрыс түсінуге арналған ақпараттан тұрады. Бағалау туралы есеп екі ұшты болмауы немесе қателесуге әкелмеуі тиіс, ол қолданушыларға жүргізілген бағалау туралы анық түсінік беруі қажет.

6.1.2. Бағалау туралы есеп салыстырмалылықты, реттілік және анықтықты қамтамасыз ету үшін бағалау тапсырмасы нақты және айқын сипаттамадан, бағалауды болжамды пайдаланудан және мақсаттан, қолданылатын *бағалау базасын* растау және барлық жол берушіліктен, арнайы жол берушілік туралы ақпараттан, маңызды белгісіздік немесе тікелей бағалауға әсер ететін шектегіш жағдайларды ашудан тұруы керек.

6.1.3. Бағалау туралы есепте қате анықталған жағдайда бағалау туралы есепті қайта шығару жүзеге асырылады. Сонымен бірге, түзетілген бағалау туралы есептің нөмірі қате анықталған бағалау туралы есептің нөмірінен өзге болу керек. Түзетілген бағалау туралы есепті құру күні өзгертулер енгізілген нақты күнтізбелік күнге сәйкес болу керек. Бағалау күні өзгеріссіз қалады.

6.1.4. Осы стандарт және ереже бағалау туралы барлық есеп түрлеріне, қағаз нұсқасында да, электронды түрде де таратылады. Кейбір активтер сыныптарына немесе қолдануларға қатысты осы стандарттан немесе қосымша есеп талаптарынан бас тарту қарастырылған. Олар активтерді немесе техникалық ақпараттық құжаттарды бағалау бойынша тиісті стандарттарда қаралады.

6.2. Есеп мазмұны

6.2.1. Бағалау туралы есепті талдап тексерудің мақсатты дәрежесі есепті қолданушылар талаптары және бағаланатын актив күрделілігі, бағалау мақсатымен анықталатын болады. Есеп нысаны, сондай-ақ осы стандартпен қарастырылатын, кез келген бағалау туралы есептер мазмұнына талап етуден ауытқу бағалау тапсырмасын дайындауда келісілуі және онда тіркелуі тиіс.

6.2.2. Бағалау туралы барлық есептер төменде келтірілген сұрақтарды ашуы тиіс. Осы тізімдегі тармақтар (6.3 – 6.5) бағалау тапсырмасы аясында келіскен сұрақтарға қатысты (МСО 101 «Бағалауға тапсырма»). Бағалау туралы есептер бағалау тапсырмасына тиісті сілтемеден тұруды ұсынады.

6.3. Сәйкестендіргіш деректер және бағалаушы мәртебесі

Бағалаушы жеке тұлға ретінде де және заңды тұлға ретінде де болуы мүмкін. Есепте, яғни бағалаушы объективті және әділ баға қамтамасыз ету жағдайында және оны жүргізу құзіретін меңгергені туралы өтініш мазмұны болуы тиіс.

6.3.2. Есепке бағалау жүргізу жауапкершілігін қабылданған жеке тұлғамен немесе фирма өкілімен қол қойылады.

6.3.3. Егер бағалаушы тапсырманың кез келген бөлігін орындау кезінде үшінші адамның маңызды көмегін алса осындай көмектің сипаттамасы және оның бағалау нәтижесіне әсер етуі есепте келтірілуі тиіс.

6.4. Тапсырыс берушінің және кез келген басқа да болжалды бағалау қолданушыларының сәйкестендіргіш деректері. Бағалауға тапсырыс берген адам туралы ақпараттар және бағалуды қолдануды жоспарлаған барлық өзге де адамдар туралы мәліметтер (төмендегі 7.2 тармақты қара) келтірілген.

6.5 Бағалау мақсаты. Бағалау мақсаты анық тұжырымдалуы тиіс.

6.6 Бағаланатын активті немесе міндеттемелерді анықтау

6.6.1. Осы активті қолдануда активтер немесе экономикалық қызығушылықпен немесе заң құқығы арасындағы айырмашылықтар туралы түсінтемені талап етуі мүмкін.

Егер бағалауға басқа активтермен үйлестіруде қолданылатын актив жатса, онда осы активтер бағалауға енгенін анықтау қажет, қараудан қысқартылған, бірақ қолжетімділігі жобаланады, немесе қарастырудан қысқартылған және қол жетпеу жобаланады.

6.7. Бағалау базасы. Бағалау базасы бағалауды белгілеуде (мақсатына) тиісті болуы тиіс. Кез келген қолданылатын бағалау базасының анықтау дереккөзін көрсету қажет немесе мәлімденген базаға түсініктеме беру қажет. стандарттарда

тандалған бағалау базасы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2018 жылғы 03 мамырдағы № 503 бұйрығымен бекітілген 3 қосымшаға сәйкес «Бағалау негізі және құн түрі» бағалау стандартында қарастырылады және анықталады. Бұл талаптар бағалау туралы есептерді сараптауға таратылмайды.

6.8. Бағалау күні. Бағалау күні мүлік құнына бағалау жүргізілген сан ретінде анықталады. Ол есеп жасау күнінен, немесе талдау жүргізу және аяқтау күнінен ерекшеленуі мүмкін. Қажеттілік жағдайда есепте осы күндер арасындағы айқын айырмашылықтар түсіндірілуі тиіс. Бұл талаптар есептер сараптамасына таратылмайды. Бағалаушы тексерілетін есеп бойынша сараптамалық қорытындыда бағалау күніне түсініктеме беруге міндетті.

6.9. Жүргізілетін зерттеу көлемі. Есепте бағалаушы жүргізілген зерттеулер көлемін түсіндіруі тиіс, бағалау тапсырмасында қарастырылған осы зерттеулерге қатысты шектеулерді белгілеу бөлігінде.

6.10. Қолданылған ақпараттар сипаты және дереккөзі. Бағалаушы бағалауға негізделген кез келген маңызды ақпарат дереккөзін және сипатын белгілеуі тиіс, бірақ оларға қатысты нақты тексерістер жүргізілмеген.

6.11. Жорамал және арнайы жорамал. Бағалаушы барлық жорамалдарды және кез келген арнайы жорамалдарды анық көрсетуі тиіс.

6.12. Пайдалануды, таратуды және жариялауды шектеу. Қажет болғанда немесе бағалауды қолдануды немесе оны болжайтын адамдар шеңберін шектегенде бағалаушы есепке тиісті тұжырымдама енгізуі тиіс.

6.13. Бағалау қолданыстағы стандарттарға сәйкес жүргізілгенін растау. Алайда сәйкестігін растау қажетті талап болып табылады, онда бағалау мақсаты стандарттардан ауытқуды талап ету жағдайы туындауы мүмкін. Есепте бағалаушы кез келген жасалған ауытқуларды анықтауға және олардың заңға сыйымдылығын негіздеуге міндетті. Ауытқу, егер ол бағалаудың қателесуіне әкелген жағдайда ғана ақталады.

6.14. Бағалауға тәсілдеме және оның негіздеуі

6.14.1. Бағалау туралы есепте бағалау нәтижесі туралы дұрыс ұсыныс жасау үшін пайдаланған тәсілдеме немесе тәсілдемелер және соңғы келген ауыспалы тәсілдемелер анықталуы тиіс, сондай-ақ алынған қорытындылар негізінде жатқан негізгі пайымдаулар келтірілген.

6.14.2. Бұл талап, егер бағалау тапсырмасы келісілген және тіркелген болса жарамайды, яғни негізделген немесе басқа да нығайтушы ақпараттан тұрмайтын бағалау туралы есепті ұсынылуы тиіс.

6.14.3. Есеп сараптамасында бағалаушымен қабылданған тәсілдемені заңға сай қолдану туралы сараптаушы қорытындысы көрсетілуі тиіс.

6.15. Баға немесе бағалау қорытындысы. Есепте ұсынылған баға қорытындысы теңге түрінде көрсетілуі тиіс.

6.16. Бағалау туралы есеп жасау күні есеп жасалатын күн көрсетілуі тиіс. Ол бағалау күнінен айырмашылығы болуы тиіс (жоғарыда 6.8 тармақты қара).

7. Бағалау туралы есеп мазмұны

7.1. Есеп, егер бағалау келісімшарты немесе қолданыстағы нормативтік актілер шартымен анықталмаса, мынадай бөлімгер жатады:

- 1) титул парағы;
- 2) есептің мазмұны;
- 3) 1-бөлім. "Есеп туралы жалпы мәліметтер";
- 4) 2-бөлім. "Жалпы ақпарат және бағалау объектісінің сипаттамасы";
- 5) 3-бөлім. "Есептің есеп айырысу бөлігі";
- 6) 4-бөлім. "Қорытынды бөлігі"; қосымшалар.

7.2. *Титул парағы.* Есептің титул парағында есептің атауын, есептің нөмірін, атаулы есеп жасау күнін және бағаланатын объектінің мекенжайын, бағалау күнін көрсету ұсынылады; бағалау мақсаты; анықталатын құн түрі; тапсырыс берушінің толық атауы немесе тегі, есімі, әкесінің аты (болған жағдайда), оның нақты тұрғылықты немесе заңды мекенжайы, банк реквизиттері; бағалаушының тегі, есімі, әкесінің аты (болған жағдайда), бағалаушылар палатасының атауы, ол оның мүшесі болып табылады және заңды тұлғаның атауы (бағалаушы заңды тұлғамен еңбек келісімшартын жасаған жағдайда); тегі, есімі, әкесінің аты (болған жағдайда) және заңды тұлға басшысының қолы (бағалаушы заңды тұлғамен еңбек келісімшартын жасаған жағдайда).

7.3. *Есептің мазмұны* бетті көрсете отырып, оның тарау (бөлім) құрамында енгізілгенде көрінеді.

7.4. *Бағалау туралы жалпы мәлімет*

7.4.1. Бұл тарау бағалау тапсырмасына жалпы сипаттама беруі тиіс. Тарау ақпараты, яғни есепті қолданушылар бағалау тапсырмасының мәні мен көлемін және орындалатын жұмыстардың ерекшеліктерін түсінуге мүмкіндік беретіндей жеткілікті болуы тиіс. Бұл тарау мынадай бөлімдерден тұрады:

1) бағалау жүргізуге негіздеме: бағалау туралы шарттың нөмірі мен жасалған күні;

2) бағаланатын объектінің атауын, объектінің меншік иесін, объектінің орналасқан жерін, бағаланатын құқықтарын, бағалау түрін, бағаланатын мүліктің сәйкестігін, белгіленетін құнның базасы мен түрін айқындауды көрсете отырып, бағалауға тапсырма;

3) бағалаушы туралы мәліметтер (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), жеке сәйкестендіру нөмірі, оның орналасқан жері, "бағалаушы" біліктілігін беру туралы куәліктің нөмірі мен берілген күні, ол мүшесі болып табылатын бағалаушылар палатасының атауы, бағалаушының немесе бағалаушы еңбек шартын жасасқан заңды тұлғаның мүліктік жауапкершілігін қамтамасыз ету туралы мәліметтер; заңды тұлғаның толық атауы, бизнес сәйкестендіру нөмірі, банктік деректемелері, заңды мекенжайы);

7.5.2. Егер көрсетілген деректер жалпы бөлімде жоқ болса, онда Бағалау туралы есептің басқа бөлімінде бағалаушымен қаралуы тиіс.

4) бағалауды жүргізу кезінде бағалаушының пайдаланған ұйғарымы мен шектеу талаптары;

5) бағалауды жүргізу кезінде пайдаланылған құжаттар тізбесі:

бағалау қызметі саласындағы заңнама, олар алынған көздерін көрсете отырып, бағалауды жүргізу кезінде пайдаланылған деректер тізбесі;

б) есепте қолданылатын негізгі терминдер мен анықтамалар қамтылады.

7.5. Ақпарат дереккөзі

7.5.1. Бұл тарауда бағалаушы бағалау бойынша жұмыс үрдісінде кез келген өзгеше қалыпта қолданатын немесе зерттелетін тиісті ақпарат дереккөздерін ашуы тиіс. Есепте бағалаушы бағалау объектінің сандық және сапалы сипаттауды білдіретін құжаттар тізімі мен олардың дереккөздерін көрсете отырып, қолданылған деректер тізімін ұсынады. Бұған қоса, есепте нормативтік актілер мен әдістемелік әдебиеттер тізімі ұсынылуы тиіс.

7.5.2. Ақпаратты, оның көлемін, дереккөздерін бағалау кезінде қолданатын құрамды таңдауда бағалаушы алынған нәтиженің негізділігін және дәйектілігін қажетті қамтамасыз етуде - бағалау объектісінің нарықтық немесе басқа құнының есеп айырысу мәнін жүзеге асыруы тиіс

7.5.3. Ақпаратты бағалау, ақпарат дереккөздерін таңдау және олардың артықшылық тәртібі кезінде қолданылатын көлем әлеуетті есеп қолданушылармен анықталатын ережелерімен реттелуі мүмкін.

7.5.4. Бағалау кезінде мынадай ақпарат көздері қолданылуы мүмкін (артықшылықтың кему дәрежесі бойынша, егер басқа келісімшартпен қарастырылмаса):

- 1) нормативтік-құқықтық жән басқа да мемлекеттік актілер және басқа да өкілетті органдар;
- 2) заңнамамен қарастырылған құқық белгілеу және құқық белгілеуші құжат (көшірме, куәлік және т.б.);
- 3) заңнамамен қарастырылған уәкілетті мемлекеттік ұйым құжаттамасы, сондай-ақ көрсетілген ұйыммен берілген осы құжаттаманың көшірмесі;
- 4) уәкілетті мемлекеттік ұйымның ресми басылымы;
- 5) мамандырылған ұйымның ресми емес басылымы;
- 6) құзіретті мемлекеттік ұйымның анықтамалары (жазбаша түрде);
- 7) құзіретті мемлекеттік ұйымның анықтамалары (жазбаша түрде);
- 8) құзіретті мемлекеттік емес ұйымның анықтамалары (жазбаша түрде);
- 9) ғылыми-зерттеу, маркетингтік немесе басқа да ұйымның арнайы басылымы;
- 10) бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау;
- 11) жазбаша сараптаушы қорытындысы;
- 12) жылжымайтын мүлік нарығы субъектілерінен алынған мәміле қорытындысы бойынша құпия ақпарат;
- 13) келісімшартта көрсетілген басқа да дереккөздер;
- 14) бағалаушының сараптамалық пікірі.

7.5.5. Егер есеп компания тараптарымен дайындалған қаржылық және басқа да ақпараттан тұрса, бағалаушының өзі немесе ол жұмыс жасайтын компания ұсынылған ақпараттың дұрыстығын дәлелдеуге аудит, талдау, компиляция немесе іздеу жүргізбейді, бағалаушы осыған да, басқа фактіге де, яғни онымен ұсынылған қаржы ақпаратына жауап бермейтінін көрсетуі тиіс. 7.6.6. Егер бағалау үрдісінде қолданылған қаржылық және басқа да ақпарат жеке меншік иелерімен дайындалған құжаттардан алынса, бағалаушы:

- 1) мұндай құжаттарды теңдестіруі;

2) бағалау үрдісінде ол осы ақпараттың дұрыстығын дәлелдеуге аудит, талдау, компиляция немесе іздеу жүргізбегенін және оның дұрыстығына жауап бермейтінін көрсетуі тиіс.

7.6. Бағалау объектінің сипаттамасы

7.6.1. Бұл тарау бағалау тапсырмасына жалпы сипаттама беруі тиіс. Тарау ақпараты, яғни есепті қолданушылар бағалау тапсырмасының мәні мен көлемін және орындалатын жұмыстардың ерекшеліктерін түсінуге мүмкіндік беретіндей жеткілікті болуы тиіс. Бұл тарау мынадай бөімдерден тұрады:

1) бағалау жүргізуге негіздеме: бағалау туралы шарттың нөмірі мен жасалған күні;

2) бағаланатын объектінің атауын, объектінің меншік иесін, объектінің орналасқан жерін, бағаланатын құқықтарын, бағалау түрін, бағаланатын мүліктің сәйкестігін, белгіленетін құнның базасы мен түрін айқындауды көрсете отырып, бағалауға тапсырма;

3) бағалаушы туралы мәліметтер (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), жеке сәйкестендіру нөмірі, оның орналасқан жері, "бағалаушы" біліктілігін беру туралы куәліктің нөмірі мен берілген күні, ол мүшесі болып табылатын бағалаушылар палатасының атауы, бағалаушының немесе бағалаушы еңбек шартын жасасқан заңды тұлғаның мүліктік жауапкершілігін қамтамасыз ету туралы мәліметтер; заңды тұлғаның толық атауы, бизнес сәйкестендіру нөмірі, банктік деректемелері, заңды мекенжайы);

4) бағалауды жүргізу кезінде бағалаушының пайдаланған ұйғарымы мен шектеу талаптары;

5) бағалауды жүргізу кезінде пайдаланылған құжаттар тізбесі:

бағалау қызметі саласындағы заңнама, олар алынған көздерін көрсете отырып, бағалауды жүргізу кезінде пайдаланылған деректер тізбесі;

б) есепте қолданылатын негізгі терминдер мен анықтамалар қамтылады.№

7.7. Нарықты талдау

7.7.1. Бағаланатын активтің құнын бағалаушы ағымдағы нарық жағдайнан анықтайды, ол сұраным және ұсынысты қалыптастырады. Сондықтан бағалау туралы есепте құн шамасына әсер ететін нарықтық жағдай факторларының барлық талдауы ұсынылуы тиіс.

7.7.2. Несиелеу мақсаты үшін кәсіпорындарды және ірі жылжымайтын мүлік объектілерді бағалау кезінде бағалаушы қосымша талдайды:

1) жалпы экономикалық жағдайды және өңірдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайды шолу;

2) бағаланатын мүлік нарығында ағымдық белсенділікті және беталысын шолу;

3) салалық шолу (егер мүлік жиыны құрамына енетін жылжымайтын мүлік бағаланған, оның негізінде белгілі тауарлар (қызметтер) өндірісі ұйымдастырылған жағдайда).

7.7.3. нарық жағдайын талдау қорытындысымен типтік сатыпалушы туралы қорытындылармен нарықта бағалау объектіні жайғастыру болып табылады, орта нарықтық кезеңде ашық нарықта осы типтегі жылжымайтын мүлік экспозициясын, объектіні пайдалануды ықтимал сипаттау.

7.8. Қолданылатын тәсілдемелерді және бағалау әдістерін негіздеу

7.8.1. Бағалаушы қарастырылатын объект бағасына қарай әсер ету бағасына көпшілік мойындаған тәсілдемелердің кемшіліктерін және басымдылығын, негізгі ерекшеліктерін қысқаша анықтауы, бағаланатын объект құнын барлық үш тәсілдеме әдістерімен есептеуде қолданылатынын көрсетуі, қолданудан бас тартқан жағдайда осы бас тартудың дәлелді негіздемесін келтіруі тиіс.

7.8.2. Қолданылатын бағалау тәсілдемелері үшін әрқайсысының біріне қолданылатын бағалау әдісін қысқаша сипаттауы және қысқаша таңдауды негіздеуі қажет. Есепте әрбір тәсілдеме (әдістеме) үшін бағаланатын құн көрсеткішінің есеп айырысу жүйелігі сипатталуы тиіс.

7.8.3. Бұл ақпарат бағалаушының таңдауы бойынша есепте бірыңғай блок ретінде де, бағалауға тиісті тәсілдемелер аясындағы есеп айырысу бөлігі бойынша топталуы ретінде де ұсынылуы мүмкін.

7.9. Бағалауға таңдалған тәсілдемелер аясындағы құнның есеп айырысуы

7.9.1. Бағалаушы таңдалған тәсілдемелер және бағалау әдістері аясында есеп айырысу рәсімдерін бірізді баяндайды (5.5-5.7 т.т. қара). Бөлім материалын баяндау есеп қолданушылары қажеттілік жағдайда есеп айырысу үшін бастапқы деректерге тексеріс жүргізе алғандай және қарастырылатын құн көрсеткішінің есеп айырысу жүйелігін (құн, жалдамалы) жүргізе алғандай (тікелей немесе бағалаушы сілтемесінде көрсетілген құралдардың көмегімен), есеп айырысудың аралық қорытындысын қоса есептегенде.

7.9.2. Әрбір қолданылатын тәсілдемелер аясында бағаланатын көрсеткіш есеп айырысуын бағалаушы бірыңғай бағалау жасаумен аяқтауы тиіс (соңғы сома немесе мән диапазоны түрінде). Бір тәсілдеме аясында бірнеше бағалау әдістерін қолдану кезінде бағалаушы бірыңғай бағалау жасау рәсімін негіздеуі және сипаттауы қажет.

7.10. Есеп айырысу нәтижелерін жинақтау және құнның жалпы мәнін қалыптастыру

7.10.1. Тараудың мазмұнында бағалаушымен қолданылған қолданылатын бағалау тәсілдемелері аясында алынған қорытындыларды жинақтау (келісу) әдісін таңдау негізі, бағаланатын құн көрсеткішінің соңғы мәні келтірілуі тиіс.

Салмақтық коэффициенттердің есеп айырысуымен байланысты қорытындыларды жинақтау әдістерін бағалаушымен қолданған кезде тарауда осы бастапқы деректер рәсімі үшін қолданылған негіздеме, сондай-ақ оларды өндеу алгоритмі келтірілуі тиіс.

Сараптаушыларды салмақтық коэффициенттерді жинақтау үшін тарту кезінде бағалаушы осы сарапшылардың кәсіби деңгейі және тәжірибесі және олардың байланыс ақпараттары туралы ақпарат ұсынуы тиіс. Бұған қоса, есепте сарапшыларды сауалнамалау қорытындысы және нысаны, сондай-ақ сараптамалық ақпаратты өндеу алгоритмі көрсетілуі тиіс.

7.10.2. Тарау бағаланатын көрсеткіштің соңғы мәні Қазақстан валютасымен, теңгемен, сондай-ақ бағалау тапсырмасында келісілген өзге де валютадан тұрады.

	Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 5 мамырдағы № 519 бұйрығына 3-қосымша
--	---

"Бағалау базалары мен құнның типтері" бағалау стандарты

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы "Бағалау базалары мен құнның типтері" бағалау стандарты (бұдан әрі – стандарт) халықаралық бағалау стандарттарын ескере отырып, "Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы" 2018 жылғы 10 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және бағалаудың мақсатын, бағалау нәтижесін болжамды пайдалануды, сондай-ақ нарықтық құнның және нарықтық құннан басқаша өзге құн түрлерінің айқындамасын ашып көрсетеді.

2. Осы стандартта мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) алмастыру құны – бағалау объектісінің тозуын ескере отырып, бағалау жүргізілген күні қолданылған нарықтық бағалардағы бағалаудың ұқсас объектісін жасауға жұмсалатын шығындар құны;

2) арнайы құн – арнайы сатып алушы үшін ғана құны бар активтердің нақты ерекшеліктерін көрсететін сома;

3) әділ құн – активті немесе тараптардың әрқайсысы үшін тиісті мүдделерді көрсететін нақты сәйкестендірілген, хабардар және мүдделі тараптар арасындағы міндеттемелерді беру үшін есептелген баға;

4) бастапқы құн – бұл төленген өтелмейтін салықтар мен алымдарды, сондай-ақ жеткізуге, монтаждауға, орнатуға, іске қосуға кететін шығындарды және басқа да активтерді немесе, егер басында халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының талаптарына сәйкестігі танылған жағдайда ол қолданылатын болса осы активке жатқызылатын соманы мақсатты пайдалану үшін жұмсалатын шығындарды қоса алғанда негізгі құралдарды тұрғызу немесе сатып алу бойынша іс жүзінде жүргізілген шығындардың құны;

5) инвестициялық құн – олардың инвестициялық немесе операциялық мақсаттарын ескере отырып, оның нақты меншік иесі немесе болашақ меншік иесі үшін актив құны;

6) кәдеге жарату құны – бағалау объектісін кәдеге жаратуға шыққан шығындарды алып тастаумен қамтылған материалдардың нарықтық құнына тең бағалау объектісінің құны;

7) кеден құны – қолданыстағы кеден заңнамасы негізінде есептелетін кеден төлемдерін аудару мақсатында айқындалатын құн;

8) нарықтық құн – тараптардың әрқайсысы жақсы хабардар бола отырып, мәжбүрлеусіз және ұқыпты есеппен тиісті маркетинг жүргізгеннен кейін коммерциялық мәміле нәтижесінде мүдделі сатып алушы мен мүдделі тұлға арасында бағалау күніне активті ауыстыру жасалатын ақшалай есеп айырысу сомасы;

9) өсімін молайту құны – бағалау жүргізген, ұқсас материалдар мен технологияларды қолданумен бағалау объектісінің тозуын ескере отырып, бағалау объектісіне ұқсас объектіні жасаған күні қолданылған нарық бағаларындағы шығындар сомасы;

10) сақтандыру құны – шарттың немесе сақтандыру полисінің ережесінде көзделетін мүлік құны;

11) салық құны – қолданыстағы салық заңнамасының негізінде есептелетін құн;

12) синергетикалық құн – бұл бастапқы мүліктік мүдде сомасына қарағанда оларды біріктіру нәтижесінде алынған мүліктік мүдде құны жоғары болғанда, екі немесе одан да көп мүліктік мүдделерді қосу есебінен нарықтық құннан асып түсетін құн түрі;

13) тарату құны – әдетте бизнес жабылғаннан кейін жеке сату үшін ұсынылатын, бизнесте бірлесіп пайдаланылатын активтер тобының нарықтық құнының кіші түрі;

14) терминалдық құн – активтің немесе жалпы компанияның болашақтағы белгілі бір уақыттағы құны;

15) теңгерімдік құн – барлық жинақталған амортизация мен жинақталған шығыс сомаларын құнсызданудан алып тастағаннан кейінгі бухгалтерлік теңгерімде танылатын актив сомасы.

3. Бағалау базасы өлшеудің құндық бағалаудағы негізгі жорамалдары туралы өтінішті білдіреді. Онда, мысалы, гипотетикалық мәміленің, тараптардың қатынастары мен уәждемесінің, сондай-ақ активті нарықта экспозициялау дәрежесінің айқындалатын құнына негізделетін негізгі жорамалдар сипатталады. Бағалаудың қолайлы базасы бағалау мақсаттарына байланысты болады.

4. Бағалау базасы үш негізгі санатқа бөлінеді:

1) еркін және ашық нарықта болып жататын гипотетикалық алмасудан алынатын аса ықтимал бағаны көрсететін база.

2) активті иеленуден жеке немесе заңды тұлға алатын пайданы көрсететін база. Осы санаттың бағалау базасы экономикалық пайдалылығының немесе мүліктің нарыққа қатысушылармен сатып алыну қабілетіне емес, оның

функцияларының немесе нарық жағдайының әдеттен тыс немесе әдеттегідей емес әсерінің пайымдауларына негізделеді;

3) активті нақты екі тарап арасында алмастыру кезінде дұрыс негіздерде келісуге болатын бағаларды көрсететін база.

5. Бағалау базасын және құнның түрін таңдау мүлікті бағалауды жүргізуге шарт жасасудың алдында болады және мүлікті бағалау мақсатына, оның ерекшеліктеріне, сондай-ақ нормативтік талаптарға байланысты болады.

6. Бағалау мақсаты құнның нақты бір түрінің шамасын белгілеу болып табылады, ол бағаланатын бағалау объектісінің бағалау нәтижесін болжамды пайдаланумен айқындалады және бағалау туралы есепті жасаушы тапсырыс берушімен шартта белгіленеді.

7. Бағалау нәтижесі бағалау объектісі құнының қорытынды шамасы болып табылады. Бағалау нәтижесі тараптардың бағалау объектісімен іс-әрекеттер жасау үшін бағаны айқындау, қатысты мәміле жасау немесе өзге де бағаларды айқындау, оның ішінде сату-сатып, жалға немесе кепілге беру, сақтандыру, несие алу, жарғылық капиталға енгізу, салық салу мақсатында, қаржылық есептілікті жасау, кәсіпорындарды қайта құру және жекешелендіру, мүліктік дауларды шешу, басқару шешімдерін қабылдау кезінде пайдаланылады.

2-тарау. Бағалау объектісінің нарықтық құны және оның кіші түрлері

8. Мүліктің нарықтық құны оның аса тиімді пайдаланылуын көрсетеді, ол табиғи мүмкінді, заң тұрғысынан рұқсат етілген, экономикалық негізделген, қаржылық тұрғысынан жүзеге асырылатын болып табылады және осы мүліктің ең жоғары құнына әкеледі. Аталған факті нарықтық қатынастарға қатысушылар ұсынылған бағаны белгілеу кезінде ескеріледі.

9. Нарықтық құнға сатып алушы мен сатушының мәмілені жүзеге асырған кездегі шығындары, сондай-ақ осы мәміленің нәтижесі бойынша төленуі қажетті салық шығындары кірмейді.

10. Нарықтық құнды бағалаушы:

- 1) мүлікті мемлекеттік мұқтаж үшін алып қойғанда;
- 2) акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері бойынша немесе қоғамның директорлар кеңесінің (бақылау кеңесі) шешімі бойынша қоғам сатып алатын қоғамның жарияланған акцияларын айқындау кезінде;
- 3) жарғылық капиталдағы ақшалай емес салымдардың құнын айқындау кезінде;
- 4) банкроттық рәсімі барысындағы борышкер мүлкінің құнын айқындау кезінде;
- 5) кепіл объектісінің, оның ішінде ипотека кезіндегі құнын айқындау кезінде;
- 6) ақысыз алынған мүлік құнын айқындау кезінде;
- 7) мемлекеттік мүлікті жекешелендіру кезінде;

- 8) атқару өндірісін жүргізу кезінде;
- 9) талап ету құқығын беру кезінде;
- 10) мүлікті бөлу кезінде;
- 11) сенімді басқару не жалға беру кезінде;
- 12) заңнамада белгіленген басқа да жағдайларда айқындайды.

11. Бағаланатын мүліктің түріне байланысты және оның нақты немесе болжанатын жағдайын бағалау кезінде нарықтық құнның кіші түрлері:

- 1) тарату құны;
- 2) кәдеге жарату құны;
- 3) терминалдық құны пайдаланылады.

12. Нарықтық құнды аралық есептеулерде, сондай-ақ қаржылық есептілікте:

- 1) алмастыру құны;
- 2) өсімін молайту құны;
- 3) теңгерімдік құн;
- 4) бастапқы құн қолданылады.

3-тарау. Бағалау объектісінің нарықтық емес құнының түрлері

13. Бағалау базасының екінші және үшінші санатында айқындалатын нарықтық емес құнның түрлеріне:

- 1) инвестициялық құн;
- 2) арнайы құн;
- 3) әділ құн;
- 4) синэнергетикалық құн жатады.

14. Заңнамада белгіленген бағалау базасында айқындалған құн түрлеріне:

- 1) салық құны;
- 2) сақтандыру құны;
- 3) кедендік құн жатады.

4-тарау. Бағалау амалдары

15. Нақты объектіге байланысты бағалау объектісінің құны салыстырмалы, кірістік және (немесе) шығындық амалдармен айқындалады.

16. Салыстырмалы амал бағаланатын активті бағалар туралы ақпарат қолжетімді болатын бірдей немесе ұқсас активтермен салыстыру арқылы құн көрсеткішін алуды қамтамасыз етеді.

Осы амалдың шеңберінде бірінші қадам жақында болған сатулар бағасын немесе бірдей немесе ұқсас активтердің ұсыныс бағаларын, осындай ақпараттың орындылығы нақты айқындалған және сыни талдауға ұшыраған жағдайда қарастыру болып табылады. Кейбір жағдайларда бағаланатын актив пен оның құқықтық, экономикалық және табиғи сипаттамалары бөлігінде аналогтар арасында айырмашылықтар байқалады. Актив пен аналогтар, сондай-ақ пайдаланылатын бағалау базасының немесе жүргізілген бағалау процесінде

жасалған өзге де жорамалдаулардың негізінде жатқан нақты жағдайлар мен жорамалдаулар арасындағы айырмашылықтарды көрсету үшін баға ақпаратына кейбір аналогтар бойынша тиісті түзетулер енгізіледі.

17. Кірістік амал болашақ ақша ағындарын бірыңғай ағымдағы капиталдық құнға келтіру арқылы құн көрсеткішінің алынуын қамтамасыз етеді.

Осы амалда активті пайдалы қолдану кезеңінде жасалған кіріс талданады, ал бағалау объектісінің ағымдағы құны болашақтағы ақша ағынын дисконттау (капиталдандыру) арқылы айқындалады. Кірістер ағыны шартқа немесе шарттарға сәйкес айқындалады немесе шартсыз негізге ие болады, мысалы, активтерді пайдаланудан немесе сақтаудан алынатын, күтілетін пайда түрінде болады. Кірістік амал сондай-ақ кірістік амал міндеттемелерді бағалауда қолданылады, бұл ретте оны өтегенге дейін міндеттемелерге қызмет көрсету үшін қажетті ақша ағындары талданады.

18. Шығындық амал сатып алушы актив үшін тең пайдалы активті алу үшін қажетті шығын сомасынан, оны сатып алу немесе құру арқылы болсын, артық төлемейтін экономикалық қағидатты пайдалануға негізделген құн көрсеткішінің алынуын қамтамасыз етеді. Бұл амал бағаланатын актив үшін нарықта ұзақ уақыт және онымен байланысты ыңғайсыздықтармен және тәуекелдермен қиындатылатын факторлар жоқ болғанда, сатып алушы төлейтін баға балама активті сатып алу мен құру шығындарынан аспайтын болады деген қағидатқа негізделген. Жиі жасы мен ескіру себебі бойынша бағаланатын актив сатып алынатын немесе құрылатын балама активтерге қарағанда тартымды болмай қалады. Егер осылай болатын болса, онда талап етілетін бағалау базасына байланысты баламаактив шығындарына түзетулер енгізіледі.

	Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 5 мамырдағы № 519 бұйрығына 1-қосымша
--	---

"Жылжымалы мүліктің құнын бағалау" бағалау стандарты

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы "Жылжымалы мүліктің құнын бағалау" бағалау стандарты (бұдан әрі – стандарт) "Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы" 2018 жылғы 10 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына және халықаралық бағалау стандарттарына сәйкес әзірленді және жылжымалы мүлікті бағалау құнына, бағалау тәсілдері мен әдістеріне қойылатын талаптарды белгілейді.

2. Стандарттың күші материалдық жылжымалы мүліктің барлық типтерін бағалауға қолданылады.

Бағалау мақсатында осы стандарт мемлекеттік тіркеуге жататын әуе және теңіз кемелерін, ішкі суда жүзетін кемелерді, "өзен–теңіз" жүзу кемелерін, ғарыш объектілерін бағалауға қолданылады.

3. Осы стандартта мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) биологиялық активтер – биологиялық қайта құрулар процесінде ауылшаруашылық өнімін және (немесе) қосымша биологиялық активтер беруге, сондай-ақ басқа тәсілмен экономикалық пайда әкелуге қабілетті мал немесе өсімдік;

2) генерациялайтын бірлік – басқа активтерге немесе активтер тобына маңызды дәрежеде байланысты болмайтын ақшалай қаражаттың түсуін қатамасыз ететін активтердің ең аз сәйкестендірме тобы;

3) жабдық – активтер, жұмыс немесе өндіріс үшін пайдаланылатын машиналардың, тетіктердің, аспаптардың, құрылғылардың жиынтығы, сондай-ақ олардың жинақтаушылары, кәсіпорынның немесе ұйымның қызметін ұйымдастыру–технологиялық қамтамасыз ету мақсатында пайдаланылатын керек-жарақтар, мүкәммал, көлік құралдары, құралдар;

4) жалға алушының жақсартулары – жалға алушы өзінің қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін орнататын және төлейтін, әдетте жалға алу мерзімі аяқталғанда жалға алушы жоятын, жерге немесе ғимараттарға тіркелген жақсартулар немесе қосындылар. Оларды жою жылжымайтын мүлікке елеулі залал келтірмейді;

5) жылжымалы мүлік (жылжымалы заттар және құндылықтар) – ақша және бағалы қағаздарды қоса алғанда, жылжымайтын мүлікке жатпайтын мүлік;

6) коллекциялық заттар – өнер туындылары, көне заттар, бағалы тастар, зергерлік бұйымдар, музыкалық аспаптар, нумизматикалық немесе филателиялық коллекциялар, сирек кітаптар және мұрағат материалдары;

7) көлік құралы – адамдарды немесе жүктерді тасымалдауға арналған техникалық құрылғы;

8) корпоративтік активтер – басқа активтерге немесе активтер тобына қарамастан, ақшалай қаражат ағынын жүргізуге қабілетсіз активтер, бірақ бұл ретте олардың баланстық құны толықтай генерацияланатын бірлікке жатпайды;

9) қондырғылар – басқа активтерден бөлінбейтін және коммуналдық шаруашылық объектілерінің, мамандандырылған ғимараттардың, машиналар мен жабдықтардың құрамдас және конструкциялық элементтерін қамтитын активтер;

10) мамандандырылған мүлік – бизнесті немесе оның бөлігі болып табылатын ұйымды сату арқылы болмаса, оның мамандандырылған сипаты мен конструкциясына, конфигурациясына, мөлшеріне, орналасқан жеріне және өзге де қасиеттерге байланысты бірегейлігінің арқасында нарықта сирек сатылатын мүлік;

11) машиналар – шаруашылық субъектісінің операциялық талаптарына байланысты мамандандырылған технологиялық процестерді орындау үшін пайдаланылатын энергияны, материалдар мен ақпараттарды өзгерту мақсатында механикалық сипаттағы қозғалысты орындайтын техникалық құрылғы;

12) операциялық мүлік – тұрақты жұмыс істейтін кәсіпорынның негізгі қызметі үшін қажет болып саналатын актив;

13) офис жабдығы – жиһаз, компьютерлік техника (компьютерлер, мониторлар, желілік жабдық, жинақтаушылар, перифериялық жабдық), ұйымдастыру сы (телефондар, көшірмелеушілер, факстар, принтерлер), аспаптар мен тұрмыстық электроника (ауа баптағыштар, ішкі хабарлау жүйелері, тоңазытқыштар, ыдыс жуатын машиналар, теледидарлар және т.б.) және осыған ұқсастар;

14) өнер туындыларын бағалау кезіндегі шығынды тәсіл – осы өнер туындысын сатып алу кезінде оны ауыстыратын басқа өнер туындысын жасау мүмкіндігімен алмастырушы ретінде қарастырылатын өнер туындыларының құнын айқындауға қойылатын тәсіл;

15) ретроспективтік бағалау – өткен кезеңнің тиісті күніне бағалаушы орындаған бағалау. Бағалау туралы есепті дайындау кезінде бағалаушы сілтеме жасайтын келтірілген ұқсастықтар туралы есептер мен ақпарат бағалау орындалатын күнге сәйкес келеді;

16) сауда бұйымдары және жалға алушының жылжымайтын мүлік болып табылмайтын, жалға алушының мүлігіне қосылатын және оның сауданы немесе бизнесті жүргізу кезінде пайдаланатын құралдары;

17) сыртқы (экономикалық) ескіру (күнсыздану) – сыртқы мән-жайдың әсері (экономиканың жағдайына, демографиялық ахуалға, тұтынушылардың төлем қабілеттілігіне және басқа да жергілікті жағдайларға негізделген, өңірдегі нарықта қалыптасқан сұраныс пен ұсыныстың ара қатынасы) салдарынан нарықтағы өзгерістер нәтижесінде объектінің құнын жоюы;

18) физикалық тозу – пайдалану, күту, табиғи-климат жағдайымен байланысты және басқа да факторлардың әсерінен тозған және бұзылған зақымданулар (ақаулар) салдарынан объектінің құнын жоюы;

19) функционалдық ескіру – оның өндірісінің арзандауымен немесе жаңамен салыстырғанда өнімділігінің аса төмен болуымен байланысты объектінің құнын жоюы;

20) Чилтонның тежеу коэффициенті – бағаланатын жылжымалы мүліктің негізгі параметрінің оған ұқсас құны белгілі мүліктен айырмашылығына байланысты құнының өзгерісін есептеу кезіндегі дәреже көрсеткіші.

2-тарау. Жылжымалы мүлікті бағалау тәсілдері мен әдістері

4. Жылжымалы мүліктің нарықтық немесе өзге де құнын белгілеу кірістік, шығындық және салыстырмалы тәсілдерге топтастырылған бағалау әдістерін қолдану арқылы жүргізіледі.

5. Жылжымалы мүлікті бағалауға кірістік тәсілі, бағаланатын актив немесе қосымша активтер тобы құратын нақты ақша ағындарын бөлу қолдан келсе қолданылады, мысал үшін, активтердің мұндай тобы нарықта сатылатын өнімдер өндірілетін бірыңғай процесті құрайды. Алайда, ақша ағындарының кейбір элементтері материалдық емес активтермен байланысты және одан жылжымалы мүлік кіргізетін үлесті бөлу қиын.

Кірістік тәсіл жеке бағаланатын жылжымалы мүлік үшін қолданылмайды.

Кірістік тәсіл әдістері:

1) дисконтталған ақша ағыны әдісі – коммерциялық мақсатта жылжымалы мүлікті пайдаланумен байланысты тәуекел дәрежесіне тәуелді ақша ағынының өзгеруінен және біркелкі түспеуінен құнды айқындау;

2) тікелей капиталдандыру әдісі – шектеусіз уақыт кезеңінде кіріс шамасы тең болғанда бағалау объектісін тұрақты пайдалануды сақтаудан құнды айқындау;

3) өсу модельдері бойынша капиталдандыру әдісі – шектелмеген немесе шектелген уақыт кезеңінде кіріс шамасы тең шамада ұлғайған кезде бағалау объектісінің тұрақты пайдаланылуын сақтау шарттарына сүйене отырып, құнын айқындау, тікелей капиталдандыру әдісіне ұқсас, бірақ одан айырмашылығы капиталдандыру коэффициентінің мәні нарықтық деректерден салыстырма тәсілмен табылмайды, капиталға берудің талап етілген нормасының базасында есептеледі.

6. Машиналар мен жабдықтарды бағалау үшін шығындық тәсіл жылжымалы мүліктің белсенді екінші нарығы болмаған жағдайда, сондай-ақ мамандандырылған мүлікті бағалау кезінде қолданылады. Шығындық тәсіл, объектіні толық қайта жаңартудың қалдық құнын немесе жинақталған тозуды шегере отырып, оның жаңа ретінде ауысу құнын айқындау үшін пайдаланылады.

толық қайта өндіру құны бағалау объектісінің дәл көшірмесін (дәл сондай материалдарды, стандарттарды, дизайнды пайдаланумен және бағалау объектісіндегі жұмыс сапасымен) жасауға шыққан шығындар (ағымдағы бағамен) сомасы ретінде айқындалады.

ауыстыру құны бағалауды (қазіргі заманғы материалдар мен технологияларды пайдаланумен) жүргізу күніндегі нарықтық бағаларда бағалау объектісіне ұқсас объектіні құруға шыққан шығындардың сомасы ретінде айқындалады.

Шығындық тәсілдің әдістері 2 топқа бөлінеді:

1-топ – шығынды тікелей айқындау тәсілдеріне негізделген әдістер өз күшімен жасалған жабдық құнын бағалау үшін қолданылады:

бағалау объектісінің жекелеген элементтерінің құнын, пайданы ескерумен оларды сатып алуға, тасымалдауға және жинауға шығындарды сомалаудан тұратын шығындық элемент бойынша есептеу әдісі;

калькуляцияға кіретін шығындар бабын (материалдарға, жинақтаушы бұйымдарға, жұмысшылардың еңбекақыларына шығатын шығындар және жанама шығыстар, оларды қазіргі заманғы бағалар деңгейіне келтірумен) экономикалық элементтер бойынша индекстеу жолымен құнын айқындаудан тұратын қолда бар калькуляцияны талдау және индекстеу әдісі;

өндірістің өнімділігін ескерумен өндірістік шығындардың ірілендірілген нормативтері бойынша эзірлеудің толық өзіндік құнын есептеу жолымен құнын айқындаудан тұратын өзіндік құнды ірілендіріп есептеу әдісі.

2-топ – шығындарды жанама айқындау тәсілдеріне негізделген әдістер машиналар мен жабдықтың құнын бағалау үшін қолданылады (өз күшімен жасалғандарды қоспағанда):

алмастыру принципіне негізделген және пайдалылығы мен функциялары бойынша ұқсас бағаланатын объектілерді іріктеуден тұратын алмастыру әдісі немесе ұқсас-параметрикалық әдіс. Бұл әдіс ұқсас объектілердің белгілі құны мен техникалық-экономикалық сипаттамалары негізінде бағаланатын объектінің құнын есептеуге мүмкіндік береді;

индекстік әдіс, ол бағалау объектісінің базалық құнын (бастапқы теңгерімдік құнын, алдыңғы бағалау бойынша қайта жаңарту құнын) тиісті кезеңдегі жылжымалы мүліктің тиісті тобы бойынша бағалардың өзгерістерінің индексі (немесе индекстер тізбегінің) көмегімен бағалардың заманауи деңгейіне сәйкес келтірумен тұжырымдалады. Бұл ретте, индекстік әдіс егер шығындық тәсілдің

басқа әдістерімен, сондай-ақ салыстырмалы және кірістік тәсілдердің әдістерімен есеп айырысу жүргізу мүмкін болмаған жағдайда ғана қолданылады;

үлестік баға көрсеткіштерінің, яғни бас параметрдің бірлігіне (өнімділікке, қуаттылыққа және тағы басқа), массаға немесе көлемге келетін баға негізінде құнын есептеуден тұратын үлестік баға көрсеткіштері әдісі.

7. Салыстырмалы тәсіл жақында болған сатулар немесе нарықтағы соған ұқсас бағалар туралы жеткілікті мәліметтер табуға арналған бағалау объектілері үшін пайдаланылады.

Салыстырмалы тәсіл жақында болған сатулар немесе ұқсас объектілердің ұсыныстары бағаларын талдауға, осы ақпаратты бағалау объектісімен салыстыруға және тиісті түзетулерді жүргізуге негізделеді.

Салыстырмалы тәсіл әдістері:

1) нарықтық ақпарат әдісі – әзірлеуші зауыттың, дилерлердің прайс-парақтарында жарияланған сатулар бағасы туралы немесе сатулар бағасы туралы басқа ақпарат көздері туралы ақпаратты пайдалану арқылы жылжымалы мүліктің құнын айқындау;

2) салыстырмалы талдау әдісі – олардың арасындағы айырмашылықтарды ескеретін тиісті түзетулерді орындағаннан кейін жылжымалы мүлік объектілерінің бағаланатын объектімен салыстырылатын жақында болған сатулар мен ұсыныс бағасын салыстыру арқылы құнын айқындау;

3) статистикалық модельдеу әдісі (жалпы бағалау әдісі) – олар үшін бағасы белгілі болатын біртектес объектілердің кейбір жиынтықтарының өкілі ретінде бағаланатын жылжымалы мүлік объектісін қарау, алайда, бұл жиынтықта бағалау объектісі үшін дәл ұқсастық жоқ. Оларды түзету жолымен ұқсастардың бағасын бірыңғай талаптарға сәйкес келтіргеннен кейін осындай жиынтыққа кіретін ұқсас объектілер туралы ақпараттың негізінде статистика әдістерінің көмегімен бағаның бір немесе бірнеше параметрлерден тәуелділігінің математикалық моделін әзірлейді;

4) корреляциялық модельдер әдісі – бағаланатын объектінің техникалық-экономикалық қасиетін сипаттайтын және оның құнымен барабар тәуелділікпен байланысты шартты бірліктерде орташа салмақты параметрлерін айқындауға негізделген жылжымалы мүлік объектісін бағалау тәсілі

8. Бағалау объектісін жасауға арналған шығындарды, яғни бағалау объектісінің "жаңа ретіндегі" жағдайда толық құнын анықтағаннан кейін жылжымалы мүліктің жинақталған тозуын (ескіруін) көрсету мақсатында алынған шаманы түзету қажет. Бұл ретте жылжымалы мүліктің жинақталған тозу шамасы физикалық тозудың жиынтығына тең.

Физикалық тозу жойылатын және жойылмайтын болады.

Жойылатын физикалық тозу машиналар мен жабдықтың ағымдағы жөнделуіне шығатын шығындар сомасына тең.

Жойылмайтын физикалық тозу мынадай әдістермен есептеледі:

- 1) тиімді жас әдісімен (өмір сүру мерзімі әдісімен);
- 2) физикалық жағдайын сараптамалық талдаумен;
- 3) корреляциялық үлгілер әдісімен;
- 4) өнімділігін жоғалту әдісімен;
- 5) пайдалылығын жоғалту әдісімен.

Көлік құралдарының физикалық тозуын анықтаудың өз ерекшеліктері бар, оларды есептеу кезінде басқалардан бөлек көлік құралының қызмет мерзімін қоса алғанда, бірқатар параметрлері мен жүрген жолы есепке алынады.

Бағалау объектісінің функционалдық ескіруі бағалау күніне нарықта пайда болған жаңа, неғұрлым жетілдірілген ұқсас объектімен тікелей салыстыру әдісінің негізінде айқындалады.

Сыртқы (экономикалық) ескіру машиналар мен жабдыққа сыртқы факторлардың әсер етуімен байланысты болады. Мұндай тозу экономикалық немесе басқа да сыртқы факторлардың әсері салдарынан, мысалы, техниканы оңтайлы пайдаланудың өзгерістері, оның құнына кері әсерін тигізген заңнамалық жаңашылдықтар салдарынан, меншік құқықтарын шектеу немесе акциздерді ұлғайту, мүліктің осы типіне сұраныс пен ұсыныстың ара-қатынасының өзгерістері салдарынан мүліктің пайдалылық дәрежесінің төмендеуінен көрініс табады. Осы факторлардың әсер ету дәрежесі абсолюттік немесе пайыздық көрсеткішпен өлшенеді.

3-тарау. Жылжымалы мүлікті бағалау тәсілдері мен әдістеріне қойылатын талаптар

9. Бағалау әдістерін таңдау және қолдану кезінде бағалаушы мынадай талаптарды сақтайды:

- 1) бағалау мақсаты мен айқындалатын құн түрін сәйкестендіреді;
- 2) жылжымалы мүлікті бағалауды жүргізу кезінде пайдаланылатын ақпараттың шынайылығын қамтамасыз етеді;
- 3) құқықтық талдау жүргізеді, мүліктік құқықтар мен ауыртпалықтарды сәйкестендіреді;
- 4) бағалау тәсілдері мен әдістерін таңдауды негіздейді;
- 5) бағалау туралы есепте шынайы деректерді, есеп айырысу көрсеткіштерін, ұқсастардың құндарына түзетулерді және оларды екіұшты түсіндіруге жол бермейтін негізделген нәтижелерді толық және әрі түсінікті жазуды қамтамасыз етеді.

Бағалау туралы есепте не оған қосымшаларда ұқсас объектілердің бағалары туралы ақпаратты көрсететін пайдаланылған деректер туралы толық мәліметтер:

коммерциялық ұсыныстар, ақпарат көзіне сілтемесі мен интернет-ресурсына жүгінген күнін көрсетумен скриншоттар қамтылады.

Шығындық және салыстырмалы тәсілдерді қолдана отырып жылжымалы мүлікті бағалау кезінде бағалау күнінен кейінгі ұқсас объектілермен болған оқиғалар туралы бағалық ақпаратты пайдалануға, мысал үшін кері бағалық индекстеу жолымен жол беріледі. Бұл ретте бағалаушы бағалау күнінен бастап тиісті оқиға басталған күнге дейінгі бағалар серпінін талдайды және тиісті түзетулер енгізеді. Егер есепте алынған есептеу мәндерінің бағалау күніндегі қалыптасқан нарықтық көрсеткішке сәйкестігі тұрғысынан бағалаушы талдау жүргізген және ашқан болса мұндай бағалық ақпаратты, сондай-ақ көрсетілген ақпаратты қолданумен байланысты қателіктер келісілген болса, пайдалануға жол беріледі.

Ұқсас объектілердің бағалары мен сипаттамалары туралы бағалау үшін қажетті деректер көлемін алуға мүмкіндік беретін ұқсас объектілердің дамыған және белсенді нарығы болған кезде, тек салыстырмалы тәсілді қолдану жеткілікті болатыны туралы тұжырым жасалады. Салыстырмалы тәсіл үшін қажетті нарықтық ақпараттың кемшілігі оның оны пайдаланудан бас тартуы үшін негіз болып табылады.

10. Бірнеше тәсілді және оларға сәйкес келетін әдістерді қолдану кезінде бағалаушы: 1) есепте басқаларын пайдаланудан уәждеделген бас тарту келтіре отырып, алынған нәтижелердің бірін таңдайды;

2) нәтижелерді келісу рәсімін пайдаланады (екі және одан да көп тәсілдер мен әдістерді пайдалану кезінде);

3) келісудің математикалық әдістерінің кез келгенін пайдаланады;

4) объектіні бағалау құнының алынған нәтижесін екіұшты талқылауға жол бермеу үшін барлық шараларды алдын ала қабылдайды.

11. Объектіні бағалау кезінде жүргізіледі:

1) тапсырманы айқындау (бағаланатын мүлікті сәйкестендіру, мүліктік құқықтарды сәйкестендіру, бағалау мақсатын нақтылау, бағалау базасын және құн түрін белгілеу, бағалау күнін келісу, өзге де шектейтін жағдайларды айқындау, бағалау объектісін тексеру және бағалауды жүргізуге шарт жасасу);

2) алдын ала талдау, деректерді іріктеу және жинау (құжаттарды, бағалау объектісі туралы өзге де мәліметтерді жинау, өңдеу және талдау, ұқсас мүлікке сұраныс пен ұсынысты талдау);

3) бағалау тәсілдері мен әдістерін таңдау, бағалау объектісінің нарықтық немесе өзге де құнын белгілеу бойынша есептеулерді орындау;

4) бағалау әдістерін қолдану негізінде алынған нәтижені келісу және бағалау объектісінің қорытынды құнын айқындау;

5) бағалау туралы есепті жасау.

	Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 5 мамырдағы № 519 бұйрығына 2-қосымша
--	---

"Жылжымайтын мүліктің құнын бағалау" бағалау стандарты

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы "Жылжымайтын мүліктің құнын бағалау" бағалау стандарты (бұдан әрі – стандарт) халықаралық бағалау стандарттарын ескере отырып, "Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы" 2018 жылғы 10 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және жылжымайтын мүлікті бағалау құнына, бағалау тәсілдері мен әдістеріне қойылатын талаптарды белгілейді.

2. Осы стандарттың күші материалдық жылжымайтын мүліктің барлық типтерін бағалауға қолданылады.

3. Стандартта белгіленген әдістер Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан жылжымайтын мүлікке толық меншік құқықтарын бағалау үшін пайдаланылады. Жалға алу, жерді пайдалану және жер қойнауын пайдалану құқықтары материалдық емес активтерге жатады және тиісті стандартта белгіленген әдістерді пайдалана отырып, бағаланады.

4. Осы стандартта мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) бағалау объектісі экономикалық өмірінің қалдық мерзімі – бағалау күнінен бағалау объектісінің экономикалық өмірінің мерзімі аяқталғанға дейінгі мерзім;

2) баламалы пайдалану – жылжымайтын мүлікті пайдаланудың ықтимал нұсқалары, олар қолданыстағы пайдаланудан өзгеше болады және бағалау объектісін неғұрлым тиімді пайдалану кезеңінде қарастырылады;

3) ғимарат – функционалдық мақсатына қарай адамдардың өмір сүруі немесе тұруы, өндірістік процестерді орындау, материалдық құндылықтарды орналастыру және сақтау үшін пайдаланылатын жер үстіндегі міндетті жабық көлемді құрайтын, тіреу және қоршау конструкцияларынан тұратын жасанды құрылыс; Ғимараттың жерасты бөлігі болуы мүмкін;

4) дисконттау мөлшерлемесі – болашақта алуға немесе төлеуге жататын ақша сомасын келтірілген құнға айырбастау үшін пайдаланылатын қайтару мөлшерлемесі;

5) жердің жақсартылуы – жер учаскесінің сапалық сипатының және оның құнының өзгеруіне әкеп соқтыратын қандай да бір іс-шаралардың нәтижелері;

- 6) жерлердің жақсартылуының нақты (хронологиялық) жасы – жақсартылған жерлерді пайдалану басталғаннан бағалау күніне дейінгі кезең;
- 7) жерлердің жақсартылуының экономикалық өмірінің мерзімі – жерлердің жақсартылуынан алынатын немесе болжанып отырған кіріс, осы кірісті алуға байланысты операциялық шығыстардан асатын кезең. Жерлердің жақсартылуының экономикалық өмір сүру мерзімі жақсартылған жерлерді пайдалану үшін жарамды күйде ұстауды ақтайтын кезеңді көрсетеді;
- 8) жерлердің жақсартылуының экономикалық өмірінің қалған мерзімі – бағалау жүргізу күнінен бастап экономикалық өмір мерзімінің аяғына дейінгі кезең;
- 9) жылжымайтын мүлік (жылжымайтын мүлік) – жер учаскелері, ғимараттар, құрылыстар және жермен тығыз байланысты өзге де мүлік, яғни мақсатына шамадан тыс зиян келтірілмей көшірілуі мүмкін болмайтын объектілер;
- 10) көпжылдық екпелер – бір жылдан немесе бір мәдениетті топтамадан артық өмір сүретін көшеттерде өсірілетін ағаштар мен бұталар кіретін негізгі қорлардың табиғи-заттық белгісі бойынша түрі;
- 11) капиталдандыру коэффициенті – таза кірісті объектінің құнына айналдыратын өлшем;
- 12) құрылыстар – табиғи немесе жасанды шекаралары бар және өндірістік процестерді орындауға, материалдық құндылықтарды орналастыруға немесе адамдардың, жүктердің уақытша болуына (орын ауыстыруына), сондай-ақ жабдықтарды немесе коммуникацияларды (сымдарды төсеу, өткізу) орналастыруға арналған жасанды құрылған көлемді, жазық немесе желілі (жерүсті, суүсті және (немесе) жерасты, суасты) объект.
- 13) құрылысы аяқталмаған объектілер – құрылысы аяқталмаған күйде болуы салдарынан іс жүзінде пайданылмайтын ғимараттар, құрылыстар немесе тарату құрылғылары;
- 14) нақты жалпы кіріс – жылжымайтын мүлік объектісін қалыпты нарықтық пайдаланғаннан түскен өзге де кірістерді қосумен жалға алу төлемін жинау кезінде және алаңдарды толық пайдаланбағаннан болған шығындарды есептен шығарғандағы ықтимал жалпы кіріс;
- 15) операциялық шығыстар – жылжымайтын мүлік объектісінің қалыпты жұмыс істеуін және нақты жалпы кірістің өсуін қамтамасыз ету үшін қажетті шығыстар. Операциялық шығыстар:
- шартты-тұрақты;
 - шартты-ауыспалы немесе пайдалану;
 - ауыстыру немесе резерв шығыстары болып бөлінеді.
- 16) ренталық кіріс (жер рентасы) – жылжымайтын мүлікті ақы төлеуге беру кезінде алынатын кіріс. Ренталық кіріс жер учаскесінен алынатын өнімді сатудан

күтілетін жалпы кіріс пен өндірістік шығындардың және өндірушінің пайдасы арасындағы айырым ретінде есептеледі;

17) ретроспективалық баға – өткен кезеңнің тиісті күніне бағалаушы орындаған бағалау. Бағалау туралы есепті дайындау кезінде бағалаушы сілтеме жасайтын, бағалау туралы есеп орындалған күнге сәйкес келетін, келтірілген аналогтар туралы есеп айырысулар мен ақпарат;

18) салыстыру деректері – бағаланатын объекті аналогтарының деректерін талдау негізінде алынатын құнның есептік шамасын алу үшін бағалау талдауында пайдаланылатын деректер: нарықтық деректерден алынған сату бағасы, жалдау ақысы, табыстар мен шығыстар, капиталдандыру және дисконттау мөлшерлемелері және басқалар;

19) салыстыру элементтері – жылжымайтын мүлік үшін төленетін бағалардағы ауытқуларға әкелетін мүлік объектілері мен мәмілелердің нақты сипаттамалары. Салыстыру элементтері берілетін мүліктік құқықтар түрлерін, сату жағдайларын, нарық шарттарын, табиғи және экономикалық сипаттамаларды, пайдалануды, жылжымайтын мүлікке жатпайты сату құрауыштарын және басқаларды қамтиды;

20) сыртқы (экономикалық) тозу – жылжымайтын мүлік нарығында сыртқы мән-жайдың әсер ету салдарынан өзгерістердің (экономиканың, демографиялық жағдайларға, тұтынушылардың төлем қабілеттілігіне және басқа да өңірлік факторларға негізделген нарықта қалыптасқан сұраныс пен ұсыныстар көлемінің арақатынасы) нәтижесінде объектінің құнын жоғалтуы;

21) табиғи тозу – объектіні пайдалану, күту жағдайларымен байланысты тозу мен бұзылудан, табиғи-климаттық және басқа да факторлардың әсерінен туындаған зақымданулардың (ақаулардың) салдарынан объектінің құнын жоғалтуы;

22) тарату құрылғылары – энергияны, затты, дабылды, ақпаратты және тағы басқалардың кез келген түрін қашықтықта (электрді жеткізу желілері, құбырлар, су құбырлары, жылу және газ желілері, байланыс тораптары) тарату бойынша арнайы функцияларды орындау үшін жасалған жерлердің жақсартылуы;

23) таза операциялық кіріс (әрі қарай – ТОК) – нақты жалпы кіріс пен операциялық шығыстар арасындағы айырмашылық ретінде айқындалатын кіріс;

24) терминалдық құн – белгілі бір болжамды кезең аяқталғаннан кейін жұмыс істейтін актив құны;

25) тиімді (нақты) жасы – іс жүзіндегі жағдайын, сыртқы түрін, жинақталған тозуын, экономикалық пайдалану факторларын есепке ала отырып хронологиялық жасы. Объектіні пайдалану ерекшеліктеріне қарай тиімді жасы хронологиялықтан артық немесе кем жағына қарай өзгеше болуы мүмкін;

26) тренд – хронологиялық өмір сүру мерзімінде бағаланатын объекті құнының өзгеру индексі;

27) функционалдық тозу – жетілдірілген сәулет, көлемдік-жоспарлау, сындарлы және басқа да сипаттамалармен қазіргі заманғы ғимараттар мен құрылыстарға тән функцияларын жүзеге асырудың мүмкін еместігі нәтижесінде бағалау объектісінің құнын жоғалтуы;

28) ықтимал жалпы кіріс – жылжымайтын мүлікті барлық шығындар мен шығыстарды есепке алмастан жүз пайыз пайдаланған кезде алынатын кіріс.

2-тарау. Жылжымайтын мүлікті бағалау тәсілдері мен әдістері

5. Нарықтық немесе өзге де құнды белгілеу кірістік, шығындық және салыстырмалы тәсілдерге топтастырылған бағалау әдістерін қолдану арқылы жүргізіледі.

6. Кірістік тәсіл жылжымайтын мүлік объектілерінің кіріс әкелетін қабілетіне байланысты сатып алынатын және сатылатын жылжымайтын мүлік объектісінің нарықтық құнын бағалау кезінде қолданылады.

Кірістік тәсіл әдістері:

1) дисконтталған ақша ағыны әдісі – бағалау объектісін пайдаланумен байланысты тәуекел дәрежесіне қарай ақша ағынының өзгеру және біркелкі түспеу шарттарын негізге ала отырып құнын айқындау;

Дисконтталған ақша ағыны әдісі бағалау рәсімдерінің мынадай дәйектілігін көздейді:

болжау кезеңінің негіздемесі;

ақша ағынының шамасын кезең жылдарымен нақты жалпы кіріс пен операциялық шығыстар арасындағы айырмашылық ретінде болжау;

тапсырылған болжамды кезең аяқталғаннан кейін бағаланатын актив үшін терминалды құнды анықтау қажеттілігін қарастыру (егер оны ескеру жөн болса) және актив сипатын есепке ала отырып тиісті терминалды құнды айқындау;

тиісті дисконт мөлшерлемесін анықтау және оны негіздеумен есеп айырысу;

терминалды құнын ескере отырып болжанатын болашақ ақша ағынына дисконттау мөлшерлемесін қолдану;

бағалау объектісінің құнын ақша ағынының ағымдағы құнының және ағымдағы терминалды құнының сомасы ретінде анықтау.

Ақша ағыны және жылжымайтын мүлік үшін дисконттау мөлшерлемелері әдетте салықтар төленгенге дейін анықталады. Нақты ақша ағынында инфляция ескерілмейді, дегенмен номиналды ақша ағындары инфляция бойынша күтулерді ескереді. Егер күтілетін ақша ағыны инфляция бойынша күтулерді қамтитын болса, онда дисконттау мөлшерлемесі осындай инфляция деңгейін қамтиды.

2) кірісті тікелей капиталдандыру әдісі – шектеусіз уақыт кезеңінде кіріс шамасы тең болғанда бағалау объектісін тұрақты пайдалануды сақтау шарттарына сүйене отырып құнын айқындау.

Кірісті тікелей капиталдандыру әдісі бағалау рәсімдерінің мынадай дәйектілігін көздейді:

1) мыналар үшін жалпы кірісті болжамдау:

жалға беруге болатын жылжымайтын мүлік үшін жалға алу шарттарын (жалға алу төлемінің және жалға алудың үлгілік шарттарының мөлшерін) талдау жүргізу мақсатында осындай жылжымайтын мүлікті жалға алу туралы жиналған ақпаратты немесе осындай жылжымайтын мүлікті пайдалану туралы ақпаратты талдау нәтижелері негізінде жүзеге асырылады;

белгілі бір бизнес түрін жүргізуге (мысалы, қонақ үйлер, мейрамханалар, автомай құю станциялары) арналған жылжымайтын мүлік үшін болжамдау оның құнынан бағаланатын жылжымайтын мүлікке жатқызылмайтын құрамдауыштарды бөлу жолымен осы бизнестің операциялық қызметі туралы ақпараттың негізінде жүргізіледі;

2) осы немесе ұқсас объекті жүктемесінің есептеу немесе іс жүзіндегі коэффициентіне сүйене отырып нақты кірісті есептеу;

3) ТОК-ты немесе ренталық кірісті есептеу;

4) есептік ТОК ретінде бірнеше жылғы кірісті не соңғы толық қаржы жылының кірісін орташалаңдыру арқылы немесе нарықтық деректерге негізделген болжам негізінде алынатын бір жылдағы қалыптандырылған таза операциялық кіріс қабылданады;

5) тиісті капиталдандыру мөлшерлемесін айқындаудың бағалау рәсімін таңдау негіздемесі және оның есебі;

6) ТОК немесе ренталық кірісті капиталдандыру мөлшерлемесіне бөлу жолымен бағалау объектісінің құнын есептеу.

7. Шығындық тәсіл сатып алу-сату немесе жалға алу нарығы шектеулі болып табылатын жылжымайтын мүлікке бағалау жүргізу, мақсаттарына мөлшерлес залал келтірмей орнын ауыстыру мүмкін емес объектілер үшін қолданылады. Басқа бағалау объектілерінің нарықтық құнын айқындау үшін шығындық тәсіл, егер оларды ауыстыру немесе қайта шығару мүмкін болған және (немесе) экономикалық тұрғыдан мақсатқа сай келген жағдайда қолданылады.

Жақсартылған жерлері бар жер учаскелерін бағалауды жүргізу үшін шығындық әдісті қолдану бағалау объектісін алмастырудың (қалпына келтірудің) қалдық құнын айқындаудан тұрады. Алмастырудың (қалпына келтірудің) қалдық құны оны қолданыста пайдалану уақытында жақсартылған жерлерді қалпына келтірудің (алмастырудың) қалдық құны мен жер учаскесінің (жер учаскесімен байланысты құқықтардың) нарықтық құнынан тұрады. Жерлерді жақсартулардың қалпына келтіру (алмастыру) қалдық құны толық қалпына келтіру (алмастыру) құны мен жинақталған тозу құнының арасындағы айырмашылық ретінде айқындалады.

Толық қалпына келтіру құны әдетте ауыстыру мүмкін болмайтын объектіні бағалау кезінде, сондай-ақ қолданыстағы бағалау объектісін пайдаланудың оның ең тиімді пайдаланылуына сәйкес болған жағдайда айқындалады.

Ауыстыру құны үлгілік жоба бойынша немесе бағалау объектісін оның алғашқы түрінде қалпына келтірудің экономикалық мақсатқа сәйкестілігі жағдайында салынған (салынып жатқан) объектіні бағалау кезінде айқындалады.

Шығын тәсілінің әдістері:

1) элементтері бойынша есептеу әдісі – бірыңғай аудандық бірліктерді бағалау, сметалық нормалар мен ережелер, сметалық нормалар мен бағалау және басқа да нормативтер жинағын пайдалану негізінде толық қалпына келтіру құнын немесе ауыстыру құнын айқындау;

2) құнның ұлғайтылған жинақталған көрсеткіштер әдісі – нормативтері ұлттық валютада белгіленген құрылыс құнының ұлғайтылған көрсеткіштер жинағын пайдалану негізінде ауыстырудың толық құнын айқындау;

3) үлестік көрсеткіштер әдісі – тұтынушылық пайдалылығының немесе қуат бірлігінің бірегейлендірілген көрсеткіштері негізінде жылжымайтын мүліктің толық қалпына келтіру құнын немесе ауыстыру құнын айқындау тәсілі;

4) индекстеу әдісі – объектінің базистік құнын (бастапқы теңгерім құнын, соңғы қайта бағалау бойынша молайту құнын, сметалық құнын) тиісті кезеңде құрылыста бағаның өзгеру индексінің (немесе индекстер тізбегінің) көмегімен бағаның заманауи деңгейіне келтіру әдісі. Бұл ретте индекстеу әдісі егер шығынды тәсілдің басқа әдістерімен, сондай-ақ салыстырмалы және кірістік әдіс тәсілдерімен есептеу жүргізу мүмкіндігі болмаған жағдайда ғана қолданылады.

Жылжымайтын мүліктің жинақталған тозу шамасы табиғи тозудың, функционалдық және сыртқы (экономикалық) ескерудің (құнсызданудың) жиынтығына тең болады.

Табиғи тозу жойылатын және жойылмайтын болады.

Жойылатын табиғи тозу табиғи тозу белгілерін (құру, ауыстыру, ағымдағы жөндеу) жою шығындарының сомасына тең.

Егер олар барлық сындарлы элементтердің орташа салмақтағы тозу шамасы ретінде әртүрлі өмір сүру мерзіміне ие болатын болса, жойылмайтын табиғи тозу сындарлы элементтерге бөлу әдісімен есептеледі. Сындарлы элементтің тозуы экономикалық өмірдің нормативтік мерзіміне тең болады. Сындарлы элементтердің экономикалық өмірінің нормативтік мерзімі ресми белгіленген нормативтер бойынша айқындалады. Жылжымайтын мүлік объектісінің тиімді жасы табиғи жағдайын, сыртқы түрін, жинақталған тозуын, пайдаланудың экономикалық факторларын және тағы басқаларды ескере отырып, хронологиялық жас негізінде айқындалады.

Сондай-ақ жойылмайтын физикалық тозу өмір сүру мерзімі әдісімен айқындалады, онда нақты жастың өмір сүру мерзімінің жалпы шамасына (іс жүзіндегі және қалдық өмір сүру мерзімдерінің сомасы) қатынасы болады. Бұл ретте қалдық өмір сүру мерзімі объектілердің іс жүзіндегі ахуалын есепке ала отырып, нормативтік өмір сүру мерзімін және іс жүзінде жүргізілген жөндеулерді талдау негізінде айқындалады.

Функционалдық ескіру жойылатын және жойылмайтын болып бөлінеді.

Жойылатын функционалдық ескіру сапасы бойынша ағымдағы стандарттарға сәйкес келмейтін элементтердің ағымдағы жөндеу шығындарының сомасына тең болады. Жойылмайтын функционалдық ескіру кірістің шығынын не жылжымайтын мүліктің төмен сапасына байланысты қуаттың (пайдаланудың) шығынын капиталдандыру арқылы немесе есептеу рәсімдерін қолдана отырып, өзге әдістермен есептеледі.

Жылжымайтын мүліктің сыртқы (экономикалық) ескіруі жойылмайды. Ол жылжымайтын мүліктің және басқа да экономикалық факторлардың қолайсыз орналасуынан туындаған кірістің шығынын капиталдандыру арқылы немесе есептеу рәсімдерін қолдана отырып, өзге әдістермен бағаланады.

8. Салыстырмалы тәсіл нарықтық құнды бағалауды жақында болған сатулар бағасын немесе анықталған айырмашылықтарға түзетілген бағалау күніне дейін бағаланатын объекті нарығынан орын алған, бағаланатын объектілерге ұқсас объектілермен салыстырылатын объектілерді сату бойынша ұсыныстардың бағасын талдау негізінде орындауға мүмкіндік береді.

Салыстырмалы тәсіл жылжымайтын мүлікті бағалау үшін қолданылады, онда бағалау үшін жеткілікті мәмілелердің белгілі бағалары және (немесе) ұсыныстары бар ұқсас объектілер санын іріктеуге болады.

Талдауды жүргізу алдында ұқсас объектілер бағалау объектісімен салыстыру тестісінен өтеді. Ұқсас объектілер нарықтың бағалау объектісімен бір сегменттен және онымен бәсекелес болуы тиіс.

Бағалау объектісін ұқсастарымен салыстыру үшін тиісті салыстыру бірлігін таңдайды. Ол үшін ғимараттың немесе жер учаскесінің шаршы метрінің бағасын есептеу арқылы мәмілелер (ұсыныстар) бағасына талдау жасалады. Бағаларды салыстыру үшін қолданылатын басқа бірліктер объектілердің физикалық сипаттамалары жеткілікті біртектес болған жағдайда, құрылыс көлемінің, салыстырмалы жылжымайтын мүліктің шаршы метрінің немесе өнімділік бірлігінің бағасын қамтиды.

Салыстырмалы тәсіл әдістері:

1) салыстырмалы талдау әдісі бағаларға іріктелген ұқсас жылжымайтын мүлік объектілерінің бағасына әсерін тигізетін экономикалық және физикалық

параметрлердің айырмашылығына негізделген түзетулерді реттілікпен енгізуді болжайды;

2) баға мен кірістің ара қатынасын салыстыру әдісі жылжымайтын мүлік әкелетін кіріс баға құрушы фактор болып табылады деген болжамға негізделеді және мұндай объектілер бойынша баға мен кірісті бірдей өлшеу жылжымайтын мүлікті бағалау кезінде орташаландырылған нәтижелерді пайдалану үшін негіз береді (жалпы ренталық мультипликатордың баламалы әдістері (бұдан әрі – ЖРМ және жалпы капиталдандыру коэффициенті);

3) статистикалық модельдеу әдісі – біртекті объектілердің кейбір жиынтығының өкілі ретінде бағаланатын объектіні қарастыру, олар үшін бағалары белгілі, алайда осы жинытықта бағалау объектісі үшін дәл ұқсастық жоқ.

Жылжымайтын мүлік объектісінің құнын салыстырмалы талдау әдісімен айқындау үшін іс-қимылдың мынадай дәйектілігі қолданылады:

1) нарықты зерттеу және бағаланатын объектіге ұқсас объектілерді сатып алу немесе сату бойынша мәмілелер немесе ұсыныстар туралы ақпаратты жинау;

2) ақпараттың сенімділігін, нақтылығын және оның нарықтық деректерге сәйкестігін тексеру;

3) бағаланатын объект нарығы үшін үш типтілік салыстыру бірлігін таңдау;

4) салыстыру бірліктерін пайдаланумен салыстыру элементтері (бағаны құрайтын факторлар) бойынша бағаланатын жылжымайтын мүлікпен (бағалау объектісімен) салыстырылатын объектілерді (ұқсас объектілерді) салыстыру арқылы түзету коэффициенттерін есептеу;

5) әрбір салыстырылатын объектінің бағасына әрбір салыстыру элементі бойынша бағаланатын объектіге түзетулер енгізу;

6) бағаланатын объектінің нарықтық құнының бірыңғай көрсеткішін (мәнін) алу үшін салыстырылатын объектілердің түзетілген бағасын келісу.

Түзету коэффициенттері аналогтың бағаланатын объектіден әрбір өзгешелік факторы бойынша есептеледі және (немесе) негізделеді.

Салыстыру бірлігін таңдағаннан кейін бағалау тәжірибесімен әзірленген тәртіппен салыстырылатын объектілердің ұсыныстар (сату) бағасын түзету жасалады, бұл ретте алғашқы бес түзету қатаң тәртіппен, қалғандары еркін тәртіппен орындалады:

1) берілген мүліктік құқықтарға түзету – мүліктік құқықтардың (иемдену, пайдалану, билік ету, сервитуттардың және тағы басқалардың болуы) жиынтықты айырмасы ескеріледі;

2) саудаға түзету – есептесулер үшін нақты мәмілелердің емес, ұсыныстардың бағасы пайдаланылатын жағдайда алғашқы бағаға жеңілдік ескеріледі;

3) қаржылық жағдайларға түзету – төлем жағдайындағы айырма ескеріледі (ұсыныстар бағасын талдау кезінде қолданылмайды);

4) сату жағдайларына түзету – сатушы мен сатып алушының өзара байланысы және мәміленің нарықтық емес сипатының мүмкіндігі ескеріледі (ұсыныстар бағасын талдау кезінде қолданылмайды);

5) сату уақытына түзету – уақыт кезеңінде нарықтағы бағалардың өзгеруі ескеріледі;

6) орналасқан орнына түзету – орналасқан орнына байланысты бағалар айырмашылығы ескеріледі;

7) физикалық сипаттамаларына түзету – объектілердің физикалық сипаттамасындағы айырма ескеріледі;

8) жылжымайтын мүліктің мақсатты пайдаланылуына түзету – мақсатты пайдаланылудың ауытқулары ескеріледі;

9) бағалаушының қалауы бойынша өзге түзетулер.

Капиталға айналдырудың жалпы коэффициенті әдісі жылжымайтын мүлік объектісінің ТОК қолданылады. Капиталға айналдырудың жалпы коэффициенті аналогтардың сату бағасына салыстырылатын аналогтардың ТОК орташаландырылған қатынасымен айқындалады және бағаланатын объектінің ТОК-не бөлгіш ретінде пайдаланылады.

ЖРМ әдісі жеңілдетілген бағаны алуға мүмкіндік береді, ол ипотека ауыртпалығы жоқ жылжымайтын мүліктің, оларға ұқсас және бір географиялық ауданда орналасқан объектілерді салыстыру кезінде ғана пайдаланылады.

Статистикалық модельдеу әдісі салыстырмалы талдау әдісіне ұқсас, бірақ түзету коэффициенттері ұқсастардың сату (ұсыныстар) бағасы туралы ақпаратты пайдалана отырып статистикалық әдіспен есептеледі. Жүргізілген есептеулер негізінде бағалаудың математикалық моделі құрылады.

9. Жер учаскелерін бағалау оның мақсаты мен нақты бар ақпаратқа байланысты мынадай әдістермен айқындалады:

- 1) салыстырмалы талдау;
- 2) даму;
- 3) тарату (аллокация);
- 4) шығару (экстракция);
- 5) қалдық құн;
- 6) жер рентасын капиталдандыру.

Жер учаскелеріне арналған салыстырмалы талдау әдісіне қарастырылатын мүлікті олар үшін соңғы нарықтық мәмілелер немесе ұсыныстардың бағалары бойынша нақты деректер бар ұқсас жер учаскелерімен тікелей салыстыру кіреді.

Салыстырмалы талдау әдісі мынадай іс-қимылдар дәйектілігін болжайды:

1) осындай жер учаскелерін сату немесе ұсыну туралы ақпаратты жинау және талдау жүргізу және салыстыру объектілерін айқындау;

2) салыстыру объектілерінің сату бағасын немесе ұсыну бағасын кейіннен түзей отырып, бағалау объектілерін салыстыру объектілерімен салыстыру;

3) салыстыру объектілерінің құнына түзетілетін түзетулер шамасын есепке алу арқылы бағалау объектісінің құнын айқындау;

4) алынған есептеу нәтижелерін келісу.

Даму әдісі жылжымайтын мүліктің нақты объектісін бірқатар учаскеге бөлу туралы болжамдармен немесе басқа учаскелермен қосумен, осындай бөлу немесе қосу процесімен байланысты кірістерді және шығыстарды анықтаумен және құнының көрсеткішін шығару үшін таза кірістер нәтижесінде алынатын дисконттаумен байланысты.

Әдіс іс-қимылдардың мынадай дәйектілігін көздейді:

1) жер учаскесін неғұрлым тиімді пайдаланудың нұсқасына сәйкес оны пайдалану үшін қажет шығыстардың сомасын және уақытша құрылымын анықтау (мәселен, жер учаскесін жақсартуға арналатын шығындар немесе нысандарымен, түрімен және пайдалану сипатымен ерекшеленетін жер учаскесін жеке бөліктерге бөлуге арналған шығындар);

2) жер учаскесін неғұрлым тиімді пайдаланудан түсетін кірістердің көлемін және уақытша құрылымын анықтау;

3) жер учаскесін неғұрлым тиімді пайдаланудан кірістер алу үшін қажет операциялық шығыстардың көлемін және уақытша құрылымын анықтау;

4) бағаланатын жер учаскесіне капиталды инвестициялау тәуекелінің деңгейіне сәйкес келетін дисконттау мөлшерлемесінің көлемін анықтау;

5) жер учаскесін пайдалануға байланысты барлық кірістер мен шығыстарды дисконттау жолымен жер учаскесі құнының есебі.

Тарату әдісі (аллокация) – жанама салыстыру тәсілі, бұл ретте материалдық емес активтер мен материалдық активтер құнының арасындағы арақатынас әзірленеді. Салыстыру мақсатында материалдық емес активтер мен активтер арасындағы жалпы нарықтық құнды таратуға арналған шара нәтижесі болып табылады.

Әдіс мынадай іс-қимылдар реттілігін болжайды:

1) жақсартылған жер учаскесінің (онда орналастырылған ғимараттардың) нарықтық құнын айқындау;

2) бағаланатындарға ұқсас құрылыс салынған жер учаскесінің нарықтық құнындағы жер үлесінің ең ықтимал мәнін айқындау;

3) аймаққа бөлу коэффициентін ескере отырып, бағаланатын жер учаскесінің нарықтық құнындағы үлесі ретінде жердің нарықтық құнын есептеу;

Алу (экстракция) әдісі – амортизацияны шегеріп, шығындарды талдау және басқа қатынастарда салыстырылатын жылжымайтын мүлік объектілерінің толық бағасынан нәтиже алу арқылы жер учаскелерін бағалау кезінде қолданылатын тәсіл.

Әдіс мынадай іс-қимылдар реттілігін болжайды:

1) бағаланатын жер учаскесін қамтитын бірыңғай жылжымайтын мүлік объектісін аналог объектілермен салыстыру жүзеге асырылатын элементтерді айқындау;

2) бағаланатын жер учаскесін қамтитын бірыңғай жылжымайтын мүлік объектісінен әрбір аналогтың айырмашылық сипаты мен дәрежесін салыстырудың әрбір элементі бойынша айқындау;

3) бағаланатын жер учаскесін қамтитын бірыңғай жылжымайтын мүлік объектісінен әрбір аналогтардың бағасын салыстырудың әрбір элементтері бойынша айқындау;

4) бағаланатын жер учаскесін қамтитын бірыңғай жылжымайтын мүлік объектісінен олардың айырмашылығын тегістейтін әрбір аналогтың бағасын әрбір салыстыру элементтері бойынша түзету;

5) аналогтардың түзетілген бағасын негізді қорыту арқылы бағаланатын жер учаскесін қамтитын бірыңғай жылжымайтын мүлік объектісінің нарықтық құнын есептеу;

6) бағаланатын жер учаскесі жақсартуларының ауыстыру құнын немесе қалпына келтіру құнын есептеу;

7) бағаланатын жер учаскесін қамтитын бірыңғай жылжымайтын мүлік объектісінің нарықтық құнынан жақсартылған жер учаскесінің ауыстыру құнын немесе қалпына келтіру құнын шегеру арқылы бағаланатын жер учаскесінің нарықтық құнын есептеу.

Қалдық құн әдісі жақсартылған жерлермен байланысты болмайтын күту және қосылған кірістілік принциптеріне негізделген.

Әдісті қолдану шарты – бағаланатын жер учаскесіне кіріс әкелетін жақсартуларды салу мүмкіндігі немесе кіріс әкелетін жер учаскесін коммерциялық пайдалану мүмкіндігі. Егер кіріс жер учаскесін коммерциялық пайдалануға есептелсе, онда осы кірістен жер учаскесіне қатысы жоқ кірісті шегеру немесе капиталға айналдырылған кірістен жер учаскесіне қатысы жоқ активтердің нарықтық құнын шегеру қажет.

Әдісті қолдану мүліктің кірістік объектілерімен шектеледі.

Әдіс мынадай іс-қимылдар реттілігін болжайды:

1) нарықтық рента және болжанып отырған операциялық шығыстар негізінде барлық меншіктің таза операциялық табысы айқындалады;

2) құрылысқа (ғимаратқа) қатысты таза операциялық кіріс айқындалады;

3) жер учаскесіне қатысты таза операциялық кіріс жер үшін капиталға айналдыру нормасы арқылы құн көрсеткішіне капиталға айналады.

Жер рентасын капиталдандыру әдісі өздігімен рента әкелуге қабілетті жер учаскесін бағалау үшін қолданылады.

Жер рентасын капиталдандыру әдісі мынадай іс-қимылдар реттілігін болжайды:

1) жер учаскесімен жасалатын жер рентасын есептеу;

2) жер рентасын капиталдандырудың тиісті коэффициентінің шамасын айқындау;

3) жер рентасын капиталдандыру арқылы жер учаскесінің нарықтық құнын есептеу.

3-тарау. Ерекше жылжымайтын мүлік объектілерін бағалау ерекшеліктері

10. Ауыл шаруашылығы алқаптары ретінде пайдаланылатын жер учаскелерін бағалау үшін ренталық кірісті айқындау үшін жалпы кіріс ауыл шаруашылығы дақылдарының үлгілік өнімінің серпінін және оны нарықта сату бағасын талдау негізінде есептеледі. Ренталық кірісті есептеу кезінде ескерілетін шығындар өңірлік нарыққа тән болып табылатын өндірістік шығындар мен өндірушінің пайдасын қамтиды.

11. Орман өсімдігі бар және орманды өсіруге арналған жер учаскелерін бағалау үшін ренталық кіріс орман ресурстарын пайдаланудан болжам жасалатын жалпы кірістен кесу айналымы кезеңінде өндірушінің өндірістік шығындары мен кірістерін шегеру арқылы есептеледі.

12. Шекараларында шаруашылық қызмет үшін пайдаланылатын табиғи және жасанды жабық су қоймалары орналасқан жер учаскелерінің құны жақсартылған жерлері бар жер учаскелерін бағалауға ұқсас айқындалады.

13. Құрылысы аяқталмаған объектілердің құны шығындық, салыстырмалы амалдарды қолданумен, сондай-ақ барлық әдістемелік амалдарды біріктіру арқылы айқындалады.

Әдістемелік амалдар біріктірілген жағдайда аяқталмаған құрылыс объектісінің құны оның құрылысы аяқталғаннан кейін ең тиімді пайдалану және пайдалануға енгізген жағдайда бағалау объектісінің болжанып отырған нарықтық құны мен құрылысты аяқтауға және осы объектіні пайдалануға енгізуге шыққан шығындардың ағымдағы құнының арасындағы айырма ретінде айқындалады.

14. Жылжымайтын мүліктің табиғи объектілерінің құны иесі (балансты ұстаушы, пайдаланушы) үшін олардың пайдалылығын талдау нәтижелерінің негізінде және осы объектілерді пайдалануға қатысты заңнамада белгіленген шектеулерді ескерумен айқындалады.

15. Таратқыш құрылғылардың құны шығындық және кірістік амалдарды қолданумен айқындалады. Кірістік тәсіл осындай жылжымайтын мүлікті пайдалану төлемін есепке алуға негізделеді.

16. Тарихи жылжымайтын мүлік объектілерін бағалау мынадай дәйектілікпен орындалады:

- 1) бағалау объектісін сәйкестендіру;
- 2) меншік құқығын сәйкестендіру;
- 3) тарихи мәртебені (халықаралық, ұлттық немесе өңірлік) тіркеу деңгейін айқындау;
- 4) тарихи мүлікті қорғаумен байланысты белгіленген шектеулер зерттеледі;
- 5) тарихи мүлік объектілері ие болатын артықшылықтар мен шектеулерді ескере отырып, осы стандартта келтірілген бір немесе бірнеше әдістерді бағалау жүргізіледі.

4-тарау. Бағалау тәсілдеріне және әдістеріне қойылатын талаптар

17. Бағалау әдістерін таңдау және қолдану кезінде бағалаушы мынадай негізгі талаптарды сақтайды:

- 1) бағалау нысанасы мен айқындалатын құн түрін сәйкестендіру;
- 2) жылжымайтын мүлік объектісіне бағалау жүргізу кезінде пайдаланылатын ақпараттың шынайылығын қамтамасыз ету;
- 3) құқықтық талдау жүргізу, мүліктік құқықтар мен ауыртпалықтарды сәйкестендіру;
- 4) бағалау әдісінің таңдалуын негіздеу;
- 5) бағалау туралы есепте шынайы деректерді, есептік көрсеткіштерді және жүргізілген бағалаудың нәтижесін толық және айқын түсіндіру үшін қажет негізделген нәтижелерді толыққанды және түсінікті жазуды қамтамасыз ету.

18. Бірнеше тәсілді және оларға сәйкес келетін әдістерді қолдану кезінде бағалаушы:

- 1) есепте басқаларын пайдаланудан уәждеделген бас тарту келтіре отырып, алынған нәтижелердің бірін таңдайды;
- 2) нәтижелерді келісу рәсімін пайдаланады (екі және одан да көп тәсілдер мен әдістерді пайдалану кезінде);
- 3) келісудің математикалық әдістерінің кез келгенін пайдаланады;
- 4) бағалау объектісі құнының алынған нәтижесін екіұшты талқылауға жол бермеу үшін барлық алдын ала шараларды қабылдайды.

19. Объектіні бағалау мынадай тәртіппен жүргізіледі:

- 1) тапсырманы айқындау (бағаланатын мүлікті сәйкестендіру, мүліктік құқықтарды сәйкестендіру, бағалау мақсатын нақтылау, бағалау базасын және құн түрін белгілеу, бағалау күнін келісу, өзге де шектеу жағдайларын айқындау, объектіні тексеру және бағалауды жүргізуге шарт жасасу);

2) деректерді алдын ала талдау, іріктеу және жинақтау (бағалау объектісі туралы құжаттарды, өзге де мәліметтерді жинақтау, өңдеу және талдау, ұқсас мүлікке сұраныс пен ұсынысты талдау, бағаланатын жылжымайтын мүлікті ең тиімді пайдалануды талдау);

3) бағалау амалдарын және әдістерін таңдау, бағалау объектісінің нарықтық немесе өзге құнын белгілеу бойынша есептеулерді жасау (салыстырмалы, кіріс, шығын тәсілдері);

4) бағалау әдістерін қолдану негізінде алынған нәтижелерді келісу және бағалау объектісінің қорытынды құнын айқындау;

5) толық баяндалған есепті жасау.

	Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 5 мамырдағы № 519 бұйрығына 4-қосымша
--	---

"Зияткерлік меншік объектілерінің және материалдық емес активтердің құнын бағалау" бағалау стандарты

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы "Зияткерлік меншік объектілерінің және материалдық емес активтердің құнын бағалау" бағалау стандарты (бұдан әрі – стандарт) халықаралық бағалау стандарттарын ескере отырып, "Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы" 2018 жылғы 10 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және зияткерлік меншік пен материалдық емес активтерді бағалау тәсілдері мен әдістеріне қойылатын негізгі талаптарды белгілейді.

Стандарт Қазақстан Республикасы аумағындағы зияткерлік меншік объектілері мен материалдық емес активтердің барлық түрлерін бағалау үшін қолданылады.

2. Осы стандартта мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) алу (экстракция) – жанама салыстыру тәсілі. Ол материалдық және материалдық емес активтердің рентабельділігінің орташа салалық көрсеткіштері бар кәсіпорынның нақты рентабельділігін талдау арқылы материалдық емес активтердің есептік құнын береді;

2) бағалау объектісі құнының қорытынды шамасы – бағалаушының бағалаудың әртүрлі тәсілдері мен әдістерін пайдалану кезінде бағалау объектісінің құнын есептеу нәтижелерін негіздеп жалпылау қорытындысы ретінде алынған бағалау объектісі құнының шамасы;

3) аралас төлем – роялти мен тұтас төлемді қамтитын лицензиялық төлем;

4) дисконттау (капиталдандыру) – болашақтағы ақша ағындарын бағалау объектісінің ағымдағы құнына қайта есептеу;

5) дисконттау мөлшерлемесі – болашақта төлеуге немесе алуға жататын ақша сомасын бүгінгі құнға айырбастау үшін пайдаланылатын, зияткерлік меншік объектілерінің құнын бағалау кезінде пайдаланылатын кіріс мөлшерлемесі;

6) ерекше құқық – тауар таңбасын немесе тауар шығарылған жердің атауын өз қалауы бойынша кез келген тәсілмен пайдалануға оның иесінің мүліктік құқығы;

7) зияткерлік меншік – зияткерлік шығармашылық қызметтің нәтижесі және оған теңестірілген заңды тұлғаларды, жеке және заңды тұлғалардың өнімдерін,

олар орындайтын жұмыстар мен қызметтерді (фирмалық атаулар, тауарлық белгі, қызмет көрсету белгісі және тағы басқа) дараландыру құралдары;

8) зияткерлік меншік (материалдық емес актив) құқығы объектісін пайдалы қолданудың қалдық мерзімі – бағалау күнінен бастап зияткерлік меншік (материалдық емес актив) құқығы объектісін пайдалы қолданудың мерзімі аяқталғанға дейінгі кезең;

9) кіріс мультипликаторы – сату бағасы немесе мүлік құны және орташа жылдық кіріс немесе оның күтілген шамасы арасындағы арақатынас кірістің жалпы немесе таза шамасына негізделеді;

10) клиенттермен немесе өнім берушілермен байланысты активтер – клиенттермен немесе өнім берушілермен қатынастардан туындайды, сондай-ақ әзірлеу, сатып алу, компания клиенттеріне басқару және ұстау аясында пайдаланылады (клиенттер тізімі, өндірістік тапсырыстар, клиенттермен келісімшарттар және байланысты қатынастар, клиенттермен шарттан тыс қатынастар);

11) көркем қызметпен байланысты активтер – шығармашылық қызмет нәтижесін білдіреді, шарқа немесе заңға (авторлық құқық) байланысты қорғалады және көркем туындылардан алынатын роялтиді қоса алғанда, пайданы құрайды (пьесалар, опералар, балет, кітаптар, журналдар, газеталар, музыкалық туындылар, суреттер, фотосуреттер, бейне жазбалар, фильмдер, телевизиялық бағдарламалар);

12) лицензиялық шарт – ол бойынша патент иесі немесе зияткерлік шығармашылық қызметтің нәтижесіне немесе дараландыру құралына айрықша құқықты иеленуші тарап (лицензиар) екінші тарапқа (лицензиатқа) өнеркәсіптік меншіктің тиісті объектісін немесе зияткерлік шығармашылық қызметтің нәтижесін, дараландыру құралдарын белгілі бір түрде уақытша пайдалану құқығын беретін шарт;

13) материалдық емес активтер – бұл физикалық нысаны жоқ, экономикалық құрамға ие, өзінің құқық иеленушісіне құқық және экономикалық пайда ұсынатын ақшалай емес активтер;

14) маркетингтік активтер – байланысты, және негізінен маркетингте немесе компания тауарларын немесе қызметтерін ілгерілетуде пайдаланылады (тауарлық белгілер, брендтер, сауда атаулары, тауар түрі, домендік есімдер, газеталарды ресімдеу, бәсекелестіктен бас тарту туралы келісімдер);

15) опционды атқару бағасы – келісілген шарттар бойынша базалық активтің бағасы;

16) өнімді өткізуден түскен пайда – есептік кезеңде өнімді сатудан алынған өндірілген өнім көлемінің табиғи өлшемі оның бағасына тең болатын қаражат сомасы;

17) өнеркәсіптік меншік объектілері – өнертабыстар, өнеркәсіптік үлгілер, пайдалы модельдер, селекциялық жетістіктер, тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары, тауар шығарылған жерлердің атаулары, фирмалық атаулар;

18) роялти – нақты тұрақты ставкалар ретінде белгіленетін және лицензиат нақты келісілген уақыт мерзімінен кейін лицензиарға төлеп тұратын тұрақты пайыздық аударымдар;

19) ретроспективті бағалау – өткен кезеңнің тиісті күніне бағалаушы орындаған бағалау. Бағалаушы бағалау туралы есепті дайындау кезінде сілтеме жасайтын есептер мен келтірілген аналогтар туралы ақпарат бағалау туралы есеп орындалатын күнге сәйкес келеді;

20) таза ақша ағыны – табыс салығын, капиталдық шығындарды және таза айналым капиталының өсуін есептен шығарғандағы таза операциялық пайда мен амортизация сомасына тең, операциялық кезең бойында алынған ақшалай қаражат көлемі;

21) тарату (аллокация) – жанама салыстыру тәсілі, бұл ретте материалдық емес активтер мен материалдық активтер құнының арасындағы арақатынас әзірленеді. Салыстыру мақсатында материалдық емес активтер мен активтер арасындағы жалпы нарықтық құнды таратуға арналған шара нәтижесі болып табылады;

22) технологиялық активтер – технологиялық инновациялардың немесе жетістіктердің құндылығын білдіреді және технологияларды пайдалануға арналған шарттан тыс құқықтарынан туындауы мүмкін немесе шартпен немесе заңмен қорғалуы мүмкін (патенттелген технология, компьютерлік бағдарламалық қамтамасыз ету, патенттелмеген технология, дерекқорлар, коммерциялық құпиялар, ағымдағы зерттеулер мен әзірлемелер, өндірістік процестер мен ноу-хау);

23) шарттармен байланысты активтер – шарттық қатынастардан туындайтын құқықтардың құнын білдіреді (лицензиялау, роялти және мораторий туралы келісімдер; жарнама, құрылыс, басқару, қызмет көрсету немесе жеткізу туралы шарттар; құрылысқа рұқсаттар; франшиза шарттары; хабар тарату және шығару құқықтары; тікелей құқықтардың материалдық активтеріне жатқызылғандардан басқа пайдалануға арналған шарттық құқықтар; қызмет көрсетуге арналған шарттар, сондай-ақ еңбек шарттары мен табиғи ресурстарды пайдалануға құқықтар).

3. Құны көрсетіле отырып, материалдық емес активтердің құрамына есептік бірліктер ретінде зияткерлік меншік объектілері мен материалдық емес активтерге мынадай құқықтар енгізіледі:

1) зияткерлік шығармашылық қызмет нәтижелеріне айрықша құқықтар;

2) азаматтық айналымға қатысушылардың, тауарлар, жұмыстар мен қызмет көрсетулерді дараландыру құралдарына айрықша құқықтар;

- 3) іскерлік беделділік (гудвилл);
- 4) маркетингтік активтер;
- 5) клиенттермен немесе өнім берушілермен байланысты активтер;
- 6) шарттармен байланысты активтер;
- 7) көркемдік қызметпен байланысты активтер;
- 8) технологиялық активтер.

4. Қаржылық мүдделерді материалдық емес активтер білдіреді және қамтиды: бизнеске немесе мүлікке меншік құқығынан ажырамайтын құқықтар, яғни пайдалану, қарызға алу, сату, жалға беру немесе басқару құқықтары;

сатып алуға опционы бар, сатып алуға немесе жалға алу шартына опцион беретін келісімшарт шегіндегі ажырамайтын құқықтар, яғни орындау немесе орындамау құқығы;

бағалы қағаздар шығаруға меншік құқығынан ажырамайтын құқықтар, яғни оларды өзінде сақтау немесе оларды басқа тұлғаларға беру құқықтары.

5. Материалдық емес активтер нарықтық құнын бағалау мынадай жағдайларда жүргізіледі:

1) халықаралық стандарттарға сәйкес қаржылық есептілік үшін активтерді бағалау кезінде;

2) кепіл мәнінің құнын анықтау кезінде, оның ішінде ипотека кезінде;

3) мүліктік салымдардың жарғылық капиталға құнын анықтау кезінде;

4) банкроттық рәсімдер барысында борышкер мүлкінің құнын анықтау кезінде;

5) ақысыз алынған мүліктің құнын анықтау кезінде;

6) зияткерлік меншік объектілерін және оларды пайдалануда құқық иелерінің тәуекелін сақтандыру кезінде;

7) зияткерлік меншік құқығының бұзылуы салдарынан құқық иесіне келтірілген залалды анықтау кезінде;

8) зияткерлік меншік объектілерінің құқықтарын беру және оларды пайдалануға лицензия беру кезінде;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін жағдайларда.

6. Материалдық емес активтердің нарықтық құнын айқындау кезінде бағалауға тапсырма:

1) бағалау объектісін сәйкестендіруге мүмкіндік беретін мәліметтерді;

2) есептік шамаларды (роялти, авторлық сыйақы, құқық иесінің құқықтарын бұзудан залал) қамтиды.

2-тарау. Зияткерлік меншік объектілерін және материалдық емес активтерді бағалау тәсілдері мен әдістері

7. Зияткерлік меншік объектілерін және материалдық емес активтерді бағалау нақты объектіге, бағалауды тағайындауға және дәйекті ақпараттың болуына байланысты кіріс, салыстыру және шығын амалы әдістерімен орындалады.

8. Кіріс амалы бағалау объектісімен генерацияланатын ақша ағындарын (болашақ экономикалық пайданы) дисконттауды немесе бағалау объектісін пайдаланудан түсетін экономикалық пайдаға басқа тұлғаларға ықтимал ақысын өтеп қол жетімділік беруден түсетін кірісті қоса алғанда, бағалау объектісінен түсетін таза жылдық кірісті (пайда, әсер) капиталдандыруды көздейді.

Кіріс тәсілінің әдістері:

- 1) роялти әдісі (роялтиден босату әдісі);
- 2) пайдадаға басымдық әдісі;
- 3) артық кіріс әдісі;
- 4) қалдық құн әдісі;
- 5) даму әдісі (опцион әдісі);
- 6) "гринфилд" әдісі;
- 7) дистрибьютер әдісі;

Роялтиден босату әдісінде материалдық емес активтердің құны болжамды лицензиялық төлемнің құнынан шығатын, оны үшінші тұлғалардың лицензияларын пайдаланбай, активтерді иелену арқасында үнемделетін құнымен айқындалады.

Роялтидің болжамды төлемдері материалдық емес активтерді пайдалану мерзіміне түзетіледі және салық салу факторларын ескерумен олардың келтірілген құнын алу үшін бағалау күніне дисконтталады. Кейбір жағдайларда роялти төлемдері пайданың немесе өзге қаржылық көрсеткіштің пайызына негізделген мерзімдік сомаға қосымша бастапқы жарнаны қамтиды.

Болжамды роялти мөлшерлемесін алу үшін екі әдіс қолданылады:

1) нарықтық роялтидің салыстырмалы немесе ұқсас мәмілелер бойынша ставкаларға негізделген әдіс. Осы әдісті қолданудың қажетті шарты тұрақты коммерциялық негізде лицензия бойынша пайдалануға берілетін материалдық емес активтердің болуы;

2) мүдделі лицензиат мен мүдделі лицензиар арасындағы тәуелсіз коммерциялық мәмілелерде бағаланатын материалдық емес активті пайдалану құқығы үшін лицензиарға болжамды төленетін үлесті анықтауға және лицензиар мен лицензиат арасындағы материалдық емес активтен пайда болған кірісті бөлуге негізделген әдіс.

Роялтидің мөлшерлемесі жиі салыстырмалы активтер үшін нарықта маңызды шашыраңқы болады. Сондықтан пайдалану болжанатын роялти шамасын бағаланатын активті пайдаланумен бизнес операторы талап ететін операциялық рентабельділік көрсеткішімен салыстыру ақылға қонымды.

Роялтиден босату әдісі іс-әрекеттердің мынадай реттілігін болжайды:

1) пайдаланылатын зияткерлік меншік объектісіне құқықтардың әрекет ету мерзімі ішінде жыл сайынғы жалпы операциялық кіріс шамасын ықтималды үш сценарий бойынша (оптимистік, пессимистік және реалистік) айқындау;

2) роялтидің болжамды мөлшерлемесін пайдалана отырып, жалпы операциялық кірісті жасауда зияткерлік меншіктің/материалдық емес активтің үлесін айқындау;

3) зияткерлік меншік объектісінің құндылығы мен қорғалуына түзетулер енгізу арқылы алынған кірістің (пайданың) шамасын нақтылау, олардың шамасы мүлікті бағалау бойынша анықтамалық әдебиетте жарияланады;

4) капиталдың орташа өлшенген бағасының шамасын есептеу;

5) аннуитет моделін пайдалана отырып кіріс мультипликаторын есептеу, ол зияткерлік меншікті бағалаудың және орташа өлшенген құны шамасының заңдық өмір сүру мерзіміне байланысты функцияны білдіреді;

6) терминалды құнды есептеу;

7) зияткерлік меншік объектісінің нарықтық құнын тікелей капиталдандыру немесе ақша ағындарын дисконттау әдістерімен есептеу;

8) зияткерлік меншік объектісі құнының ең ықтимал шамасын үш сценарийдің орташа өлшенген нәтижесі әдісімен есептеу.

Осы әдіс бойынша зияткерлік меншік объектісінің құны осы жүйеде ақша ағынын жасауға қатысатын зияткерлік меншік объектілерінің құндылығы мен қорғалуына түзетілері бар роялтидің стандартты мөлшерлемесіне көбейтілген, лицензиялық шарттың есептік мерзімі үшін бизнес-жүйенің жылдық пайдасының дисконтталған (капиталға айналдырылған) сомасы ретінде есептеледі.

Пайданың артықшылық әдісі, егер осы активті бизнеспен алынатын табыстармен немесе ақша ағындарымен бағаланатын материалдық емес активтерді пайдаланған кезде бизнес арқылы алынған болжамды пайданы немесе ақша ағынын салыстыруды болжайды. Әдіс жиі нарықта негізделген роялтидің мөлшерлемесі қол жетімсіз немесе сенімсіз болғанда пайдаланылады.

Пайда болған табыстың айырмашылығын белгілегеннен кейін, болжамды мерзімді үстеме пайданы немесе ақша ағынын ағымдағы құнға келтіру үшін қолданылатын тиісті дисконттау мөлшерлемесін немесе ақша ағынының немесе тұрақты үстеме табыс деңгейін капиталдандыруды талап ететін капиталдандыру коэффициентін анықтау керек.

Пайданың басымдық әдісі шығыстарды азайтуға мүмкіндік беретін материалдық емес активтерді бағалау үшін, сондай-ақ оларды пайдалану пайда немеседисконтталатын (капиталдандырылатын) ақша ағынын құрайтын активтерді бағалау үшін қолданылады.

Пайдының басымдық әдісін қолдану шарты еркін ақша ағынының күтілетін шамасын анықтауға мүмкіндік беретін ақпараттың болуы болып табылады, ол бағаланатын объектінің осы өндірісінде қолдану нәтижесінде пайда болады.

Дисконттау (капиталдандыру) іс-әрекеттердің мынадай реттілігін болжайды:

1) материалдық емес активтерді пайдалану нәтижесінде жасалатын таза ақша ағыны есептеледі;

2) дисконттау (капиталдандыру) мөлшерлемесі айқындалады;

3) ұзақтығы 5 жылдан асатын ақша ағындары үшін терминалдық құн есептеледі;

4) болашақ ақша ағындарының келтірілген құны айқындалады;

5) өнімді өндіру сипаттамасын (дара, сериялық, жаппай өндіріс) есепке алатын коэффициент табылады;

б) материалдық емес активтердің нарықтық құны өнім өндірісінің сипатын есепке алатын коэффициентке қосымша кірістің келтірілген құнын көбейту арқылы есептеледі.

Материалдық емес активтердің құнын есептеу таза ақша ағынын дисконттау көмегімен материалдық емес активтердің салымы үлесінің коэффициентін және зияткерлік меншік объектілерінің құндылығы мен қорғалуына түзетулерді ескерумен жүргізіледі.

Артық кіріс әдісі басқа ілеспе активтерге жататын ақша ағынының үлесін алып тастаумен, бағаланатын материалдық емес активпен байланысты келтірілген ақша ағынының құнынан шығатын материалдық емес активтердің құнын айқындайды. Артық кіріс әдісі әдетте клиенттердің келісімдерін клиенттердің қарым-қатынастарын және ғылыми және конструкторлық зерттеулер жобаларын бағалау кезінде пайдаланылады.

Артық кіріс әдісі бір кезеңде болжамды ақша ағынының базасында қолданылады және сол кезде ол бір кезеңді артық кіріс әдісі деп аталады не бірнеше кезеңдегі ақша ағынын пайдаланумен ол көп кезеңді артық кіріс әдісі деп аталады. Материалдық емес активтер әдетте ұзақ уақыт ақшалай пайда әкелетіндіктен көп кезеңді артық кіріс әдісі пайдаланылады.

Артық кіріс әдісі барлық кішігірім бизнестен немесе оның осы бизнеске тиесілі активтер тобынан бағаланатын активтен алынатын барлық кіріске жататын, күтілетін ақша ағынын айқындауды білдіреді.

Осы болжамды ақша ағынынан материалдық, материалдық емес және қаржы активтерімен байланысты ақша ағынының үлесі алынып тасталады.

Ол ілеспе активтердің шотына келіп түсетін тиісті есептеулерді немесе экономикалық рентаны есептеу арқылы және оны ақша ағынынан алып тастаумен жүзеге асырылады. Қаралатын активтің сенімді бағасын алу үшін есептеуге барлық активтері кәсіпорынның бизнесінде бірлесіп жұмыс істеуге негізделген

кез келген қосымша құнды көрсетуге мүмкіндік беретін қосымша есептеуді қосу мақсатқа сай болады. Бұл әдетте бағаланушы активті жеке сатып

алушының қолы жетімсіз болатын, бірге жиналған жұмыс күші нысанында жасалатын активтің ақша ағынынан болатын пайданы көрсетуге мүмкіндік береді.

Қалдық құны әдісі мынадай жағдайларда:

- 1) материалдық активтердің құны белгілі немесе нақты айқындалған болса;
- 2) егер бизнестен, яғни материалдық және материалдық емес активтерден шығарылатын таза ақша ағыны белгілі немесе айқындалған болса қолданылады.

Материалдық емес активтерді бағалау үшін қалдық құны әдісін қолдану кезінде талдау элементтері ретінде сонымен қатар кірістер мен шығыстар туралы деректер қолданылады. Кіріс алу мақсатында кәсіпорынның барлық мүлкін пайдаланудан алынатын таза кірісті қаржылық талдау жүргізіледі. Таза кірістен жақсартулармен талап етілетін қаржылық қайтарып беруді ескерумен шегеру жасалады. Қалған кіріс материалдық емес активтердің есебіне кіретін қалдық болып саналады. Құн көрсеткішін алу үшін ол капиталдандырылады.

Қалдық құн әдісі іс-әрекеттердің мынадай реттілігін болжайды:

- 1) капиталдандыру әдісімен барлық кәсіпорынның (бизнестің) нарықтық құны табылады, оның ажырамас бөлігі бағаланатын материалдық емес актив болып табылады;

- 2) материалдық емес активтердің нарықтық құны бизнестің барлық активтерінің құны мен оның материалдық активтерінің арасындағы айырмашылық ретінде есептеледі.

Даму әдісі (опциондық әдіс) дисконттау (капиталдандыру) әдісінің модельдері нарықта қалыптасатын конъюнктураға байланысты болашақта менеджерлердің бизнестің дамуына ықпал ету мүмкіндігін ескермейді. Өнімге патент фирмаға өнімнің және оның нарығының даму құқығын қамтамасыз етеді. Егер өнімді сатудан түсетін күтілетін ақша ағынының ағымдағы құны дамудың өзіндік құнынан (шығын) асып түсетін болса, осылай болады. Егер мұндай болмаса, онда фирма патентті кейінге қалдыруы және одан арғы шығындарға ұшырамауы мүмкін. Сондықтан өнімге патент колл-опцион ретінде қарастырылады, онда өнімнің өзі базалық актив болып табылады.

Даму әдісі (опциондық әдіс) іс-әрекеттердің мынадай реттілігін болжайды:

қайта қаржыландыру мөлшерлемесі қабылданатын материалдық емес активтердің жарамдылық уақытына сәйкес келетін тәуекелсіз ставка айқындалады;

базалық активтің құны есептеледі, яғни бағаланатын материалдық емес активті пайдаланудан күтілетін болашақ ақша ағындарының келтірілген құны;

орындау бағасы есептеледі, яғни бағаланатын материалдық емес активті енгізу мен пайдалану үшін қажетті болашақ шығындардың келтірілген құны;

өндірістің әрбір саласы бойынша халықаралық рейтингтік агенттіктер тұрақты есептейтін деректер көмегімен базалық бағаның жылдық стандартты ауытқуы айқындалады;

материалдық емес активтердің әрекет етуінің есептік кезеңі белгіленеді.

"Гринфилд" әдісі, негізінен, материалдық емес активтерді бағалау үшін пайдаланылады, мысалға, франчайзинг туралы келісім, және бизнестің тек бір активі бағалау күніне бағаланатын материалдық емес актив болып табылатын шартта ақша ағындарының болжамдары негізінде бағаланатын материалдық емес актив құнын айқындауды болжайды. Қалған барлық материалдық және материалдық емес активтер сатып алынған немесе жалға алынған болуы тиіс.

Дистрибьютер әдісі клиенттермен байланысты материалдық емес активтерді бағалау үшін пайдаланылатын артық пайданың көп кезеңді әдісін білдіреді.

9. Шығын амалы сәйкестендірілген кіріс көзі жоқ іштей құрылған материалдық емес активтер үшін пайдаланылады. Шығын амалын қолданған кезде ұқсас активтер бойынша ауыстыру шығыны немесе ұқсас қызметтер бойынша салыстырмалы потенциалы немесе пайдалылығы бар шығындар есептеледі.

Шығын тәсілінің әдістері:

1) нақты шығындар әдісі.

Нақты шығындар әдісінің негізіне зияткерлік меншіктің нақты объектісін жасау (сатып алу), сынау және жоспарланған ескіру мен пайданы ескерумен сүйемелдеу, салық және міндетті төлемдер үшін қажетті материалдық шығындардың көрсеткіштері салынған. Бұл әдіс басқа әдістермен бағалау үшін бағдар ретінде және баланстық есепке қою үшін кәсіпорынның өзінде құрылған зияткерлік меншік объектілерін бағалау, лицензияның минималды бағасын айқындау үшін пайдаланылады.

Нақты шығындар әдісі:

бухгалтерлік есеп деректері бойынша бағаланатын объект алынған тарихи (алғашқы) құны және оның балансқа қойылған күні белгіленеді;

статистика деректері бойынша тренд (бағаланатын объект сатып алынған кезден бастап инфляция индексі) есептеледі;

тарихи құн оны алынған трендке көбейту арқылы ағымдағы құнға келтіріледі;

бағаланатын объектінің функционалдық (моральдық) тозуы есептеледі;

нарықтық құн ағымдағы бастапқы құннан алынған тозуды шегеру арқылы есептеледі;

2) қалпына келтіру құны әдісі.

Әдіс іс-әрекеттердің мынадай реттілігін болжайды:

Қалпына келтіру құны әдісі бағалау объектісінің мақсаты мен сапасы бойынша ұқсас қайта жасау (қайта өндіру, ауыстыру) үшін қажетті бағалау күніне барлық шығындарды бағалау күніне айқындаудан тұрады.

Зияткерлік меншік сатып алынған жағдайда оның құнын айқындау кезінде есептерде шығындардың мынадай түрлері есепке алынады:

- 1) мүліктік құқықтарды сатып алу;
- 2) зияткерлік меншікті пайдаланумен тауарларды өндіруді игеру;
- 3) маркетинг (өнеркәсіптік меншіктің болжамды объектілерінің аналогтарын айқындау үшін ақпаратты зерттеу, талдау және іріктеу).

Зияткерлік меншік кәсіпорынның өзінде құрылған жағдайда оның құнын айқындау кезінде есептерде шығындардың мынадай түрлері есепке алынады:

- 1) іздеу жұмыстарына және тақырыптарды әзірлеу;
- 2) эксперименттік үлгілерді жасау;
- 3) ұйымдардың көрсететін қызметтеріне (мысалы, зияткерлік меншікті анықтауға, қорғау құжаттарын беруге);
- 4) патенттік бажды төлеу (патент күшін қолдауға);
- 5) конструкторлық-техникалық, технологиялық, жобалық құжаттарды жасау;
- 6) есепті жасауға мен бекітуге арналған.

Зияткерлік меншік объектілерін құруға шыққан толық шығындар зияткерлік меншік объектілерін (материалдық емес активті) әзірлеуге шыққан бұрынғы шығындардың ағымдағы құны мен нормативті пайдасын ескерумен оның құқықтық қорғалуы ретінде айқындалады.

Зияткерлік меншік объектілерін әзірлеу құны объектіні жасаумен байланысты ғылыми-зерттеу жұмыстарын (бұдан әрі – ҒЗЖ) жүргізуге және конструкторлық-техникалық, технологиялық және/немесе жобалық құжаттарды әзірлеуге шыққан шығындар сомасы ретінде айқындалады.

ҒЗЖ жүргізуге шыққан шығындардың шамасы іздестіру жұмыстары, теориялық зерттеулер жүргізу, эксперименттер жүргізу, есепті жасау, қарау және бекіту, сынақтар жүргізу және ҒЗЖ байланысты басқа да шығыстар сомасы ретінде айқындалады.

Құжаттаманы әзірлеуге шыққан шығындардың шамасы эскиздік жобаны орындауға, техникалық жобаны орындауға, жұмыс жобасын орындауға, есептеулерді орындауға, авторлық қадағалауды жүргізуге, дизайнға шыққан шығындар сомасы ретінде айқындалады.

Жалпы тозу шамасы тиімді жас әдісімен есептеледі.

Өнертабыстар мен пайдалы модельдерді бағалау кезінде жалпы тозумен қоса, бұрынғы шығындардың ағымдағы құнында техникалық–экономикалық мәнінің коэффициенті де есепке алынады.

10. Салыстырмалы тәсілде материалдық емес актив құны нарықтық деректер негізінде айқындалады, мысалы бірдей немесе ұқсас активтермен мәмілелердегі ұсыныс немесе сұраныс бағалары.

Салыстырмалы тәсіл әдістері:

1) салыстырмалы талдау әдісі.

Салыстырмалы талдау әдісін қолдану кезінде материалдық емес активтердің құны жақындағы сатылымдардың нақты бағаларын салыстыру не ұқсас объектілерге сұраныс пен ұсыныс туралы ақпаратты зерттеу арқылы белгіленген бағаларды салыстыру жолымен айқындалады.

Салыстырмалы талдау әдісі іс-әрекеттердің мынадай дәйектілігін болжайды:

кемінде олардың сатылу бағаларының нақтылығы жоғары деңгейде белгілі болған салыстырылатын үш объектіні таңдау жүргізіледі;

осы аналогтың бағаланатын объектіден ерекшелігінің әрбір факторы бойынша индекстер есептеледі (материалдық емес активтер пайдаланылатын сала, материалдық емес активтің құндылығы мен қорғалуы, кәсіпорын рангі (шағын, орта, ірі бизнес), онда материалдық емес актив, материалдық емес активті пайдалану ауқымы, материалдық емес активті пайдалану мерзімі, материалдық емес активті пайдалану тәуекелі, материалдық емес актив, салыстырудың басқа да дәйекті факторлары енгізіледі);

әрбір аналогтың құны жоғарыда көрсетілген индекстердің көмегімен бағаланатын материалдық емес активтердің құнына келтіріледі;

материалдық емес активтердің құны аналогтардың келтірілген құнының орташа шамасы ретінде есептеледі.

Тарату (аллокация) әдісін қолдану шарты кәсіпорынның барлық активтерінің нарықтық құнында материалдық емес активтердің ең ықтимал үлесі туралы ақпараттың болуы болып табылады.

2) тарату (аллокация) әдісі – жанама салыстыру тәсілі.

Тарату (аллокация) әдісі іс-әрекеттердің мынадай әйектілігін болжамдайды:

бағаланатын материалдық емес активтердің аналогтармен салыстыру элементтерін айқындау;

салыстыру элементтерінің әрқайсысы бойынша әрбір осындай материалдық емес активтердің бағаланатын активтерден айырмашылығының сипаты мен дәрежесін айқындау;

салыстыру элементтерінің әрқайсысы бойынша осындай материалдық емес активтердің бағасын түзетулерді айқындау, олардың әрқайсысының сипаты мен ерекшеліктеріне сәйкес материалдық емес активтерден айырмашылығы;

салыстыру элементтерінің әрқайсысы бойынша бағаланатын материалдық емес активтердің ерекшеліктерін көрсететін әрбір осындай материалдық емес активтердің бағаларын түзету;

материалдық емес активтердің нарықтық құнын нәтижелерді түзетуден кейін алынған орташа мәнін айқындау арқылы есептеу;

бағаланатын активке ұқсас кәсіпорын активтерінің жалпы құнындағы материалдық емес активтер үлесінің ең ықтимал мәнін айқындау;

материалдық емес активтердің нарықтық құнын бағаланатын кәсіпорынның барлық активтерінің нарықтық құнындағы үлесі ретінде есептеу.

3) алу (экстракция) әдісі – жанама салыстыру тәсілі.

Алу (экстракция) әдісін қолдану шарттары: кәсіпорынның материалдық активтері құнының шамасы туралы ақпараттың болуы;

кәсіпорынның нақты таза операциялық кірісінің шамасы туралы ақпараттың болуы;

материалдық және материалдық емес активтердің орта салалық рентабельділігінің шамасы туралы ақпараттың болуы.

Алу (экстракция) әдісі іс-әрекеттердің мынадай реттілігін болжайды:

1) есептік орта салалық кіріс шамасын нақты таза операциялық кірісті орта салалық рентабельділікке көбейту арқылы айқындау;

2) осы кәсіпорынның материалдық емес активтерін басқаратын есептік орта салалық кіріс шамасын айқындау.

11. Жағымды іскерлік беделділіктің (гудвилл) құнын анықтау кезінде бағалау мақсаты үшін бизнестен немесе активтен туындайтын оның құрамына кіретін осы бизнестен немесе активтер тобынан ажыратылмайтын кез-келген болашақтағы экономикалық пайда анықталады. Осындай пайданың мысалдары ретінде бизнестерді біріктіру (өзге активтер құнында көрсетілмеген операциялық шығындарды азайту және көлемнен үнемдеу) нәтижесінде туындайтын тиімділіктің артуы, ұйымдастырушылық капитал (мәселен, жаңа желі құру нәтижесінде немесе жаңа нарыққа шығу мүмкіндіктері және т.б.) болуы мүмкін.

Іскерлік беделділік құны ұйымдастыру құнынан (сатып алу бағасы) нақты немесе әлеуетті міндеттемелерді ескере отырып, түзетілген ақшадай және материалдық емес активтерді қоса алғанда барлық анықталатын материалдық активтерді алып тастағаннан кейінгі қалған соманы білдіреді.

12. Бірнеше тәсілді және оларға сәйкес келетін әдістерді қолдану кезінде бағалаушы:

1) есепте басқаларын пайдаланудан уәждеделген бас тарту келтіре отырып, алынған нәтижелердің бірін таңдайды;

2) нәтижелерді келісу рәсімін пайдаланады (екі және одан да көп тәсілдер мен әдістерді пайдалану кезінде);

3) келісудің математикалық әдістерінің кез келгенін пайдаланады;

4) объектіні бағалау құнының алынған нәтижесін екіұшты талқылауға жол бермеу үшін барлық шараларды алдын ала қабылдайды.

	Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 5 мамырдағы № 519 бұйрығына 5-қосымша
--	---

"Бизнесті және бизнеске қатысу құқығын бағалау" бағалау стандарты

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы "Бизнесті және бизнеске қатысу құқығын бағалау" бағалау стандарты (бұдан әрі – стандарт) халықаралық бағалау стандарттарын ескере отырып, "Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы" 2018 жылғы 10 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және бағалау жүргізуге, тәсілдерге, әдістерге және бизнесті және бизнеске қатысу құқығын бағалау кезінде есептерді дайындау ерекшеліктеріне қойылатын талаптарды белгілейді.

2. Осы стандарт шеңберінде бизнестер (шаруашылық субъектілері) және (немесе) оларға қатысу құқықтары бағалау объектісі болып табылады. Бизнесінің анықтамасы бағалау мақсаттарына байланысты әртүрлі болуы мүмкін. Дегенмен, әдетте, бизнес коммерциялық, өндірістік, сервистік немесе инвестициялық қызметті жүзеге асырады.

3. Осы стандартта мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) активтерді генерациялайтын топ – олардың иесіне немесе пайдаланушыға табыс әкелетін активтер тобы;

2) ақша ағыны – өзіндік капиталға және бүкіл инвестицияланған капиталға құрылуы мүмкін кәсіпорынның кірістер мен шығыстар арасындағы айырма;

3) алмастыру құны – бағалау объектісінің тозуын ескере отырып, бағалауды жүргізу күніндегі нарықтық бағалармен бағалау объектісіне ұқсас объектіні құруға шығатын шығындар құны;

4) акциялардың жеңілдіктері мен сыйлықақылары – акцияларының пакеттерін иеленушілерге тән пайданы және миноритарлық пакеттерді иеленушілердің осындай пайдасының болмауын, акциялар пакетінің бағамдалуын және өтімділігін ескеретін акцияларды бағалаған кезде пайдаланылатын ерекше түзетулер;

5) бизнесті бағалау тұжырымдамасы – болашақ кәсіпорын туралы базалық ұйғарым, осыған сәйкес бизнес шексіз әрекет ететін қалыптасқан кәсіпорын ретінде ұғынылады. "Қолданыстағы кәсіпорын" тұжырымдамасы жоюдың болжамына балама ретінде қызмет етеді. Кәсіпорын (бизнес), әдетте,

қолданыстағы кәсіпорын ретінде қарастырылады, ол компания жақын болашақта жұмысы жалғастырады деп болжануда, оған ниеті жоқ және оны жоюға немесе оның ауқымын елеулі түрде қысқартуға болады деп қарастырылады;

6) болжалды мультипликатор – бизнестің немесе акциялардың және қаржы базасының нарықтық бағасы арасындағы қатынасты көрсететін коэффициент;

7) бақылаудың жеткіліксіздігіне жеңілдік – бақылаудың кейбір немесе барлық мүмкіндіктерінің болмауын көрсету мақсатында бизнестің жүз пайыздық қатысу құнынан тепе-тең үлестен шегерілетін сома немесе пайыз;

8) жеткіліксіз өтімділікке жеңілдік – акциялар пакеті құнынан немесе оның өтімділігінің жеткіліксіздігін көрсету үшін қатысу үлесінен шегерілетін сома немесе пайыз;

9) инвестицияланған капитал – кәсіпорынның меншікті қаражатының немесе қарыз капиталының сомасы;

10) кәсіпорынның бухгалтерлік (баланстық) құны – кәсіпорынның жиынтық активтері мен жалпы міндеттемелері арасындағы бағалау күні немесе бағалау күнінен өзгеше күн;

11) күрделі шығындар – кәсіпорынның негізгі құралдардың құруға бағытталған шығындар (инвестициялар). Олар негізгі құралдың жай-күйін қолдауға немесе кәсіпорынды дамытуға (қуатын ұлғайту, өнімділігі, шығындарды қысқарту және т.б.) бағытталуы мүмкін;

12) капиталдандыру коэффициенті – объекті құнындағы таза табысты түрлендіру параметрі;

13) капиталдандыру мөлшерлемесі – бағаланатын кәсіпорынның кірісін оның құнына айналдыратын коэффициент;

14) қарыз капиталы – белгілі бір шарттар негізінде нақты мерзіммен кредиттер, қаржылық көмек, кепілмен және басқа сыртқы көздерден алынған сомалар түрінде бөгде жақтан тартылатын борыштық міндеттемелер;

15) қайтарым мөлшерлемесі – осы инвестициялардың пайыздық қатынасында көрсетілген инвестициялардың құнынан кіріс (шығыс) және (немесе) іске асырылған немесе күтілетін өзгеріс сомасы;

16) меншікті капиталдың құны – кәсіпорынның активтері мен оның міндеттемелерінің құны арасындағы айырма;

17) нарықтық капиталдандыру – акциялары ашық нарықта айналыста болатын кәсіпорындар акцияларының жүз пайыздық құны;

18) таза айналым капиталы – ағымдағы активтер ағымдағы міндеттемелерден асатын сома;

19) таза активтер – кәсіпорын активтерінің нарықтық құны мен оның міндеттемелерінің түзетілген құны арасындағы айырмашылық;

20) таратуға арналған шығындар – кәсіпорынды толық тарату үшін мүдделі тарап (меншік иесі, конкурстық, банкроттық басқарушы немесе басқа да уәкілетті тұлға) көтерген, бағалау күніне келтірілген болжамды шығындар сомасы.

2-тарау. Бағалау жүргізуге қойылатын жалпы талаптар

4. Бизнесі бағалау шаруашылық субъектінің немесе оның қызметінің бір бөлігінің қызметін бағалауды білдіреді. Кәсіпорын құны мен ұйымның жекелеген активтерінің немесе осы субъекті міндеттемелерінің құнын ажырата білу маңызды болып табылады. Егер бағалаудың мақсаты жеке активтер мен міндеттемелерге бағалау жүргізуді көздесе және осы активтер бизнестен бөлінген болса және бір-біріне тәуелсіз берілсе, тиісті активтер мен міндеттемелер бүкіл бизнестің құнын бөлу негізінде емес жеке-жеке бағаланады. Бизнесі бағалауға кіріспей тұрып, бағалау тұтас алғанда кәсіпорынды бағалау осы кәсіпорында акцияларды немесе акциялардың пакеттерін, үлестерін бағалау, кәсіпорын шеңберінде белгілі бір бизнес қызметті бағалау немесе нақты активтерді немесе міндеттемелерді бағалау ма екенін анықтау өте-мөте маңызды.

5. Бизнеске тиесілі жекелеген активтерді немесе міндеттемелерді бағалау "Жылжымалы мүліктің құнын бағалау" және (немесе) "Бағалау базалары мен құнның типтері" және (немесе) "Зияткерлік меншік объектілерінің және материалдық емес активтердің құнын бағалау" стандарттарына сәйкес жүзеге асырылады.

6. Бағалаудың мақсаты бағалау қажеттілігінің себептеріне қарай анықталады:

- 1) құру, қайта ұйымдастыру немесе тарату;
- 2) сату, сатып алу немесе өзге де иеліктен шығару;
- 3) банкроттық;
- 4) акционерлендіру;
- 5) жекешелендіру;
- 6) сенімгерлікпен басқаруға беру;
- 7) жарғылық капиталға, заңды тұлғалардың қаражатына аудару;
- 8) кепіл заты ретінде беру;
- 9) мемлекеттік меншіктегі объектілерге байланысты борыштық міндеттемелерді беру;
- 10) мемлекет мұқтажы үшін сатып алу немесе өзге де алу;
- 11) ұлттандыру;
- 12) сақтандыру;
- 13) салық салу;
- 14) бағалы қағаздардың эмиссиясы;
- 15) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда.

7. Бағалаушы, ол сілтеме жасайтын бағалауға арналған барлық деректер көздерінің сенімді және қолайлы екендігін растау үшін қажетті қадамдарды жасайды.

Бизнесті бағалау кезінде бағалаушы, дұрыстығын тексеру бағалаушының құзыретіне кірмейтін ақпаратқа, Тапсырыс берушіден, талдамалық агенттіктерден және басқа да ақпарат көздерінен алынған ақпаратқа сүйенеді. Мұндай деректердің кез келген ақпарат көзіне сілтеме есепте көрсетіледі.

8. Бизнесті бағалау немесе генерациялаушы топ активтерін бағалау шеңберінде қажеттілігіне қарай бағалаушы жылжымалы немесе жылжымайтын мүлікті бағалаушылардың немесе басқа кәсіп өкілдерінің қызметіне жүгінеді.

9. Бағалау жүргізудің ерекше жағдайлары, ақпарат көздерінде, объектіге қолжетімділікте шектеулер, жалпыға бірдей қабылданған әдіснаманы өзгертуде немесе құнның белгілі бір түрін анықтау талаптарынан өзге де ауытқулар болған кезде бағалаушы мұндай ерекшеліктерді қателіктер мен шектеулерді регламенттейтін бағалау туралы есептің тиісті бөлімі шеңберінде көрсетеді.

3-тарау. Есептер дайындаудың ерекшеліктері

10. Бизнесті бағалау және бизнеске қатысу құқығы туралы есепті дайындау процесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды, сондай-ақ мынадай рәсімдерді қамтиды:

- 1) кәсіпорынның нарықтық (сыртқы) ортасын талдау;
- 2) кәсіпорынның ішкі ортасын талдау;
- 3) кәсіпорын басшысының одан арғы қызметі бойынша жоспарларын талдау.

11. Барлық санамаланған рәсімдер компанияның ағымдағы жай-күйі мен келешекте оның перспективаларын толық бейнелеу үшін қажет және осы рәсімдерді жүзеге асыру барысында алынған нәтижелер бағалау әдістерін қолдану нәтижелерінде көрініс табады.

12. Бағалаушы бағалау туралы есепті дайындау кезінде бағалау рәсімдерінде қамтылған қателіктерге сәйкес келетінін құнды айқындайды.

4-тарау. Бизнесті бағалаудың тәсілдері мен әдістері және бизнеске қатысу құқығы

13. Бизнесті бағалауға және бизнестің қатысу құқығына қатысты тәсілдерге мыналар кіреді: шығындарға негізделген тәсіл (активтерге негізделген тәсіл), салыстырмалы тәсіл және кіріс тәсілі. Әрбір тәсілдер мен нақты әдістер әділ болжамдарға негізделген, бағаланатын объектінің нарықты немесе басқа құндылығын анықтауға мүмкіндік береді.

14. Шығындарға негізделген тәсіл, әдетте:

1) пайда мен (немесе) ақша қаражатының қозғалысы сенімді түрде анықталмағанда, бірақ бизнесті жүргізетін ұйымының активтері мен міндеттемелері туралы шынайы ақпаратқа қол жеткізілсе;

2) бизнес қолданыстағы кәсіпорын болып табылмаса және (немесе) оны тарату кезінде оның активтерінің құны оның қолданыстағы кәсіпорын ретіндегі құнынан асып түссе қолданылады.

15. Шығындар тәсілінің әдістері:

түзетілген таза активтер әдісі;

тарату әдісінің құны.

16. Түзетілген таза активтер әдісі кәсіпорынның баланстық баптарын талдауды және түзетуді, активтердің түзетілген құнының жиынтығын және алынған соманың ұзақ мерзімді және ағымдағы қарыздары бөлігінде түзетілген баланстық баптарды шегеруді көздейді. Құндық түзетуді жүзеге асыру үшін әрбір баланстық баптың нарықтық құны есептеледі немесе мұндай түзетудің қажеті жоқ деп негізделген. Осылайша алынатын соңғы құн компанияның меншікті капиталының нарықтық құнын көрсетеді. Есептеулер үшін кәсіпорынның қаржылық есептілігі объектінің құнын айқындау күніне ең жақын күнде пайдаланылады.

17. Егер бизнес жүргізетін ұйымды таратудың алғышарттары болған жағдайда, бағалау объектісінің құны активтерді сатумен және бизнесті жүргізетін ұйым қызметін тоқтатуға байланысты қолданыстағы борыштар мен шығындардың өтелуін ескере отырып, осындай ұйымның активтері сатылғаннан кейін алынған таза түсім ретінде анықталады.

18. Активтер мен міндеттемелерді, оның ішінде сатуға арналған ұзақ мерзімді активтерді қайта бағалау, Қазақстан Республикасының аумағында есепті күні қолданыстағы бағалау стандарттарымен реттелетін жылжымайтын мүлік (жылжымалы және жылжымайтын мүлік) және материалдық емес активтер үшін бағалау әдістерін пайдаланады.

19. Бағаланатын кәсіпорынның (еншілес кәсіпорындардағы қатысу үлестері, акциялар пакеттері) инвестициялық активтері болып табылатын кәсіпорындардағы қатысу үлесін бағалау осы стандартпен реттелетін тәсілдер мен тиісті әдістер шеңберінде жүзеге асырылады.

20. Төмендегі жағдайлар болған жағдайда салыстырмалы тәсіл қолданылады:

1) қолданыстағы бағалау базасына сәйкес назарға алынуы мүмкін мәміледе жақында қарастырылған актив сатылды;

2) қарастырылып отырған актив немесе ұқсас активтер нарықта белсенді сатылады;

3) осындай активтермен жасалатын және (немесе) жақында жасалған мәмілелер жиі кездеседі.

21. Бағалаудың жабық ақпарат көздері мен ақылы ресурстардың пайдаланылуы бағалаушыға осындай көздердегі ақпараттардың сенімділігін қамтамасыз ету арқылы мүмкін болады.

22. Салыстырмалы тәсілдің әдістері:

1) капитал нарығының әдісі.

Капитал нарығының әдісі қор нарықтарындағы ұқсас компаниялардың акциялары үшін төленген база ретінде нақты бағаларды пайдалануды болжайды. Бұл әдісті қолдану шарттары мыналар болып табылады:

бағалау туралы есепті жасаған күні қор нарығындағы ұқсас кәсіпорындардың акцияларымен мәмілелердің нәтижелері жайлы ақпаратқа, жалпыға қолжетімді ақпарат көздеріне ашық қолжетімділіктің болуы;

кәсіпорындар – ұқсастықтар бағаланатын кәсіпорын ретінде экономиканың сол салаларында да жұмыс істеуі тиіс;

кәсіпорындар – ұқсастықтар салыстырмалы болуы тиіс.

Капитал нарығының әдісін қолдану саласы ұйымдасқан қаржы нарықтарында сатылатын акциялардың бақыланбайтын акциялар пакеттерін бағалау болып табылады.

Бағалаушы келесі бағалау мультипликаторларын пайдалана алады: баға (пайда); баға (ақша ағыны); баға (дивидендтер); баға (түсім); баға (активтердің баланстық құны); баға (таза активтердің құны) және (немесе) басқа да мультипликаторлар.

Капитал нарығының әдісін пайдаланған кезде ұйымдасқан қор нарығының қатысушылары болып табылмайтын, бірақ жалпыға қол жетімді ақпарат көздерінде (ресми интернет-парақтарда) өз есептілігін жариялауға болатын осындай ұқсас кәсіпорындардың пайдаланылуына жол беріледі. Бұл ретте бағаның (нарықтық капиталдандыру мөлшерінің) орнына ұқсас кәсіпорынның меншікті капиталының баланстық құнының көрсеткіші қолданылады;

2) мәмілелер әдісі (кәсіпорынның ұқсас әдісі).

Мәмілелер әдісі (ұқсас кәсіпорын әдісі) тұтастай алғанда кәсіпорынның немесе оның бақылау пакетін сатып алу туралы тарихи деректерге негізделген.

Осы әдісті қолдану шарты ұқсас салыстырмалы кәсіпорындардың бақылау пакетін немесе акциялардың толық пакетін сату бойынша мәмілелердің нәтижесі туралы ашық көздерде сенімді ақпараттың болуы болып табылады.

3) салалық коэффициенттер әдісі.

Сала коэффициенттері әдісі кәсіпорындардың бағасы мен белгілі бір қаржылық өлшемшарттар арасындағы қатынастарды статистикалық зерттеуге негізделген.

Әдістің қолданылуының талаптары – тиісті тәуелділікті белгілеу үшін бағалаушы қолданатын ашық нарықтағы тиісті зерттеудің болуы болып табылады.

23. Кіріс әдісі болашақ ақша ағынын жалпы ағымдағы құнға айналдыру арқылы құндылықты қамтамасыз етеді.

24. Кірістік тәсіл активтің кіріс әкелу мүмкіндігі болған кезде қолданылады, ол қатысушының көзқарасында оның құнына әсер ететін маңызды фактор болып табылады және (немесе) қарастырылып отырған активке қатысты болашақ кірісті алудың сомасы мен мерзімдерінің перспективалы болжамына қолжетімді.

25. Табысқа негізделген әдістерді қолданудың негізгі шарты – нарықтық немесе басқа да іскерлік құндылықтарды есептеу үшін қажетті шынайы ақпараттың болуы болып табылады.

26. Сыртқы және (немесе) ішкі ақпарат ақпарат көздері ретінде пайдаланылады, бұл ретте ақпарат сыртқы жалпыға ортақ ақпарат көздеріне негізделеді. Осындай көздердің мысалдары бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар, статистика, веб-беттердегі деректер, талдамалық зерттеулер және жалпыға ортақ қол жетімді ұйымдастырылған қаржы нарығындағы деректер болып табылады.

27. Кіріс тәсілдерінің әдістері:

капиталдандыру әдісі;

ақша ағындарын дисконттау әдісі.

28. Кез-келген негізделген әдіс дисконттау мөлшерлемесін есептеу үшін пайдаланылады, оның ішінде:

- 1) капитал активтеріне баға белгілеудің моделі;
- 2) капиталдың орташа өлшенген шығындары;
- 3) бақыланатын немесе алынған табыс нормалары;
- 4) қайтарымның ішкі нормасы;
- 5) кумулятивтік құрылыс әдісі.

29. Бизнес құнын есептеу үшін меншікті капиталға немесе инвестицияланған капиталға арналған ақшалай қаражат ағынына пайдалануға болады. Осы ағындардың негізгі айырмашылығы мынада, барлық салынған капиталдың ағымы компанияға, оның ішінде қарыз капиталына салынған барлық қаражаттар компанияның өздерінікі сияқты болжамқа сүйене отырып саналатынында. Бұл ретте, пайыздық төлемдер мен несиелерді өтеу ақша қаражатын айналдыру ретінде қарастырылмайды және инвестицияланған капитал үшін ақша ағындарын есептеу кезінде есепке алынбайды. Сондықтан да инвестицияланған капиталға ақша ағымы борышсыз ақша ағыны деп аталады.

30. Егер болжанатын ақша ағыны номиналды түрде ұсынылса, инфляция немесе дефляция салдарынан болашақтағы бағаның өзгеруін күтуді ескеретін дисконттау мөлшерлемесін пайдаланған жөн. Егер болжамды ақша ағыны нақты жағдайда ұсынылса, инфляцияға немесе дефляцияға байланысты бағалардың өзгеруін күтуді ескермейтін дисконттау мөлшерлемесін пайдаланған жөн.

31. Инфляциялық күтулер жалпыға бірдей қолжетімді немесе ақылы ақпарат көздерінде (мемлекеттік органдар, халықаралық қаржы институттары, рейтингтік

агенттіктердің болжамдары және т.б.) қамтылған болжамдар негізінде ақша ағыны құрылымында ескеріледі.

32. Бизнесстермен және оған қатысу құқықтарымен байланысты кірістер мен ақша ағындары салықтарды төлегенге дейінгідей салықтарды төлегеннен кейінгі негізге де негізделеді. Бұл ретте, пайдаланылған капиталдандыру немесе дисконттау кірістердің қолданылатын типіне немесе ақша ағынына сәйкес келуі тиіс.

33. Өндіріс көлемінің өзгеруін болжау (қызмет көрсету) кәсіпорын басшылығының болжамдарына негізделуі мүмкін. Бұл ретте кредиттеуші ұйымдарда кепілзат мақсаты немесе халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының мақсаты үшін объектілерді бағалау кезінде (активтердің тиісті пайдалылығын тексеру кезінде) кәсіпорында жасалған негізгі қорларға сүйене отырып, өндірістің немесе қызметтерді көрсетудің ықтимал көлемі (жобалық қуаты) белгіленді, ол болжам шеңберінде арттырылмайды.

34. Кәсіпорынның айналым капиталына қажеттілігін талдаған кезде қаржылық талдау нәтижелері (айналыс коэффициенттері) немесе нарықтық (салалық) деректер пайдаланылады.

35. Ақша ағындарын дисконттауды жүзеге асырған кезде, әдетте, кәсіпорын кірістер алады және жыл бойы біркелкі шығыстарды жүзеге асыратынын ескеру қажет, бұл жағдайда ағындарды дисконттауды кезеңнің ортасында жүргізген неғұрлым дұрыс болады.

36. Кәсіпорынның (бизнесінің) болжамдыдан кейінгі кезеңдегі құны бағалаушының ақылға қонымды деп есептейтіндігімен және ең сенімді нәтижеге әкелетін тәсілімен жүргізіледі. Бұл ретте бағалаушы бағалау туралы есеп шеңберінде белгілі бір модельді таңдауды сипаттауы тиіс.

37. Кіріс тәсілі әдістерін пайдалана отырып, бағалаушы ақпарат жинау сатысында сұралған кәсіпорын басшылығының болжамдарын және жоспарларын қолданады.

38. Бағалаудың жабық ақпарат көздерін және ақылы ресурстардың пайдаланылуы бағалаушыны осындай көзде қамтылған ақпараттың дұрыстығын растаумен мүмкін болады.

39. Табыстылыққа негізделген тәсілдер халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының талаптарына сәйкес активтердің генерациялайтын тобының тиімді кірістілігін (кірістілігін) тексеру үшін қолданылады. Бұл ретте, осы стандартты пайдалана отырып, бағалаушы тиісті қаржылық есептіліктің стандарттарында қамтылған талаптарды ескереді.

40. Бірнеше тәсілді және оларға сәйкес келетін әдістерді қолдану кезінде бағалаушы:

- 1) есепте басқаларын пайдаланудан уәждеделген бас тарту келтіре отырып, алынған нәтижелердің бірін таңдайды;
- 2) нәтижелерді келісу рәсімін пайдаланады (екі және одан да көп тәсілдер мен әдістерді пайдалану кезінде);
- 3) келісудің математикалық әдістерінің кез келгенін пайдаланады;
- 4) объектіні бағалау құнының алынған нәтижесін екіұшты талқылауға жол бермеу үшін барлық шараларды алдын ала қабылдайды.

	Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 5 мамырдағы № 519 бұйрығына б-қосымша
--	---

"Қаржы құралдарын бағалау" бағалау стандарты

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы "Қаржы құралдарын бағалау" бағалау стандарты (бұдан әрі – стандарт) халықаралық бағалау стандарттарын ескере отырып, "Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы" 2018 жылғы 10 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және есептерді жасау ерекшеліктерін, қаржы құралдарын бағалау кезінде нарықтық немесе өзге де құнын белгілеу бойынша міндеттерді шешу үшін қажетті тәсілдерге, әдістерге және талдамалық рәсімдерге қойылатын талаптарды белгілейді.

2. Осы стандарт шеңберінде бағалау объектісі қаржы құралы - ақшалай қаражатты не онда көрсетілген тараптар үшін басқа да қаржылық сыйақыны алуға немесе төлеуге құқықтарды немесе міндеттемелерді жасайтын құжат болып табылады. Оның мысалдары туынды құралдар, тіркелген табысы бар құралдар, құрылымдалған өнімдер және үлестік қаржылық құралдар, болмаса нақты таза нәтижеге жету үшін қоржында құрамалау жолымен жасалған басқа да қаржылық құралдар болып табылады.

3. Стандарт, оның ішінде:

- 1) бизнесті немесе бизнестің бөліктерін сатып алған, қосылған және сатқан;
- 2) сатып алған-сатылған;
- 3) қаржылық есептілікті жасаған;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды сақтаған;
- 5) тәуекелді басқарудың ішкі рәсімдері және сәйкестікке тексерілген;
- 6) салық салынған;
- 7) сот талқылаулары жағдайында қолданылады.

4. Биржадан тыс нарықтың қаржы құралдарын не белсенді болудан қалған нарық құралдарын бағалау үшін бағалаушы бағалаудың өзге де стандарттарымен, оның ішінде "Бизнесті және бизнеске қатысу құқығын бағалау" стандартымен регламенттелетін бағалау әдістерін пайдаланады.

5. Бағаланатын активтерді немесе міндеттемелерді сәйкестендіру туралы талаптарды сақтау мақсатында мынадай мәселелерге назар аударылуы керек:

- 1) құралдарды бағалауға жататын сыныптар;
- 2) бағалау жекелеген құралдарға немесе құралдар қоржынына жататы ма жоқ па;
- 3) есепке алу бірлігі.

6. Осы стандартта мынадай ұғым пайдаланылады:

- 1) активтің өтімділігі – сатып өткізу жылдамдығына байланысты ең аз ақшалай залалдармен тездетіп сату қабілеттігі;
- 2) биржалық нарық – биржалық мәмілелерді жүзеге асыру үшін регламенттелген қағидалары бар белгілі бір қаржылық құралдардың нарығы;
- 3) биржадан тыс нарық биржалық саудаға жіберілмеген қаржылық құралдардың айналыс саласы болып табылады. Бұл негізінен айналысқа шектеулі шығарылымына байланысты листингтен өтпеген немесе сенімділігі жеткіліксіз шағын компаниялардың үлестік және борыштық құралдары;
- 4) белсенді нарық – жасалатын операциялардың үлкен көлемімен, жоғары бәсекелестікпен және ұсынысу бағасы мен сатып алу арасындағы болар-болмас айырмамен сипатталатын нарық.

2-тарау. Есептілік жасаудың ерекшеліктері

7. Қаржылық құралдардың қарастырылып отырған санатына байланысты есепті жасаған кезде есепті пайдаланушыларға бағаланатын құралдың әрбір сыныбының сипатын және құнға әсер ететін негізгі факторды түсінуге мүмкіндік беретін толық ақпараттың ашылған жөн.

3-тарау. Қаржылық құралдарды бағалаудың тәсілдері мен әдістері

8. Қаржылық құралдардың нарықтық немесе өзге де құнын анықтау кіріс, шығын және салыстырмалы тәсілдерге топтастырылған бағалау әдістерін қолдану арқылы жүргізіледі.

9. Тәсілдерді және оларға сәйкес келетін бағалау әдістерін пайдалану ашық көздерден алынатын ақиқат нарықтық деректердің негізінде жүргізіледі.

10. Кірістік тәсілдің әдістері:

1) капиталдандыру әдісі

Ақшалай ағынды капиталдандыру әдісін қолдану саласы ақшалай ағындары ұзақ мерзімді негізде күтілетін тұрақты сипаттағы қаржылық құралдар болып табылады;

2) ақшалай ағындарды дисконттау әдісі.

Ақшалай ағынды капиталдандыру әдісін қолдану саласы ағындары тұрлаусыздығына байланысты тұрақты емес сипаттағы қаржылық құралдар болып табылады.

11. Капиталдандырудың (дисконттаудың) тиісті мөлшерлемесін анықтаған кезде ақшаның уақытша құнын және ықтимал қосымша тәуекелдерді өтеу үшін осы құрал бойынша талап етілетін қайтарым мөлшерлемесі бағаланады. Ықтимал

қосымша тәуекелдердің құрылымына жеткілікті негіздеу мүмкін болған кезде мынадай факторлар енгізілуі мүмкін:

- 1) осы құрал бойынша талаптар, мысалы кезектілік;
- 2) кредиттік тәуекел (контрагенттің белгіленген мерзімінде төлем жүргізу мүмкіндігіне байланысты тұрлаусыздық);
- 3) осы құралдың өтімділігі және нарықтық сатымдылығы;
- 4) Қазақстан Республикасы заңнамасының өзгеруі.

12. Шығындық тәсілдің әдістері. Қаржылық құралдарды бағалауға шығындық тәсіл қор биржасының трендтерінің негізінде қаржылық құралдардың құнының өсуі немесе құнсыздануын ескере отырып, тек индекстеу әдісімен іске асырылуы мүмкін.

13. Салыстырмалы тәсіл. Салыстырмалы тәсілді қолданған кезде өтімдік биржасында бағалау күнінде немесе осыған өте жақын күнде сауда-саттықта алынған баға ұқсас құрал пакетінің нарықтық құнының ең үздік көрсеткіші болып табылады.

14. Егер салыстырылатын активтер ұқсас, мәміле күні немесе ұсыным бағасы бағалау күніне жақын және өзінің өзектігін сақтаған және қарастырылып отырған пакеті салыстыруға келетін жағдайда бағаларды түзетудің қажеттігі жоқ болған кезде, қалған жағдайларда бірқатар түзетулер енгізіледі.

15. Қаржылық құралдардың көптеген типтерін ескере отырып, бағалауға арналған тәсілді таңдаған кезде құралдың өтімділігі немесе нарықтық белсенділіктің ағындағы деңгейі қарастырылады.

16. Төмен өтімділік және нарықтық белсенділік болған жағдайда түзетулер немесе басқа да салыстырмалы мәмілелер туралы ақпаратқа негізделген кіріс деректерін өлшемдер тәсілдер қолданылады.

17. Бірнеше тәсілді және оларға сәйкес келетін әдістерді қолдану кезінде бағалаушы:

- 1) есепте басқаларын пайдаланудан уәжделген бас тарту келтіре отырып, алынған нәтижелердің бірін таңдайды;
- 2) нәтижелерді келісу рәсімін пайдаланады (екі және одан да көп тәсілдер мен әдістерді пайдалану кезінде);
- 3) келісудің математикалық әдістерінің кез келгенін пайдаланады;
- 4) объектіні бағалау құнының алынған нәтижесін екіұшты талқылауға жол бермеу үшін барлық шараларды алдын ала қабылдайды.

**«ӨЗІН-ӨЗІ РЕТТЕЙТІН ҚАЗАҚСТАН БАҒАЛАУШЫЛАР
ҚАУЫМДАСТЫҒЫНЫҢ ҰЙЫМЫ» БП**

СТАНДАРТ

«Бұзылған көлік құралының құнын анықтау»

(көлік құралдарының нарықтық құны, көлік құралдарын қалпына келтіретін жөндеу құны және тауарлық құнын жою, сондай-ақ олардың жарамды қалдықтар құны)

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

Осы Стандарт Өзін-өзі реттейтін Қазақстан бағалаушылар қауымдастығының ұйымы» БП бағалаушыларымен бұзылған көлік құралына бағалау жүргізу үшін бірыңғай әдістемелік негізді бекітеді.

Стандарт мәтінінде келесі қысқартулар қолданылған:

КҚ (АМКҚ) – көлік (автомотокөлік) құралы.

ТҚКС – техникалық қызмет көрсету станциясы.

ЖКО – жол-көлік оқиғасы.

ОЖҚ – оқиға жерін қарау.

ЛСЖ – лак сыр жабын.

ТҚЖ – тауарлық құны жойылуы.

ТМД – Тәуелсіздік Мемлекеттер Достастығы.

АЕК – айлық есептік көрсеткіш.

КҚТК – көлік құралын тіркеу туралы куәлік.

1. КӨЛІК ҚҰРАЛЫН ТЕКСЕРУ ЖӘНЕ ДАЙЫНДЫҚ ЖҰМЫСТАРЫ.

1.1. Тексеруге дайындық.

Тексеруге дайындық бағалаушы алдына қойылған нақты зерттеу міндеттерін қамтамасыз етеді.

Білікті сараптау тексерістерін жүргізу үшін қолданыста фотокамера және қажеттілік бойынша қарапайым өлшеу құралы болуы тиіс.

Тексеріс бағалау мекемесінің табылу орны бойынша жүргізіледі, егер көлік құралы тасымалдауға келмейтін жағдайда болса, онда тексеріс оның сақталу орны бойынша жүргізіледі. Тексеріс мамандырылған техникалық орталықта (МТО) жүргізілуі де мүмкін, егер мұндай жағдай сараптама тағайындаған адаммен ұйымдастырылса.

Көлік құралы тексеріске таза түрде ұсынылады және қауіпсіздікті қамтамасыз ету және сапалы қарау мүмкіншілігі жағдайында тексеріледі, моторлы бөлікке, салон, жүксалғыш бөлікке және т.б. қол жеткізу қамтамасыз етілуі тиіс.

Тапсырыс беруші немесе көлік құралының иесі бағалаушыға көлік құралына құқық белгілейтін құжатты ұсынуы тиіс. Жол-көлік оқиғасы нәтижесінде бұзылған көлік құралы үшін қосымша осы ЖКО туралы құжатты мақсатты ұсыну: ООҚ хаттамасы, зақымдау оқиғасы нәтижесінде алынғанын жазумен, қарау және КҚ техникалық жағдайын тексеру хаттамасы, ОЖҚ сұлбасы, қатысушылардың түсініктемесі және т.б.

Мүдделі тұлғаларға (процеске қатысушылар, үшінші тұлғалар) тексеріс жүргізу орны және күні туралы тапсырыс берушімен жазбаша хабарламамен қолға беріледі. Шақырту қағазы дербестендірілген, оның ішінде күні, уақыты

және тексеріс жүргізу орны ескертілу керек, сонымен қатар бағалаушының байланыс телефоны.

Егер шақырылушы сол қалада (ауданда, облыста) тұратын болса, шақырту қағазы тексеріс жүргізгенге дейін үш күннен кешіктірмей және 6 жұмыс күнінде – басқа қаланікі болса жіберілу керек (жеткізу күнін және жол жүрудің қажетті уақытын есептемегенде).

Егер тапсырыс беруші уақытылы шақырту туралы құжатты ұсынған жағдайда және егер басқа тарап белгіленген уақыттан кейін жарты сағат ішінде келмеген болса, Автокөлікті тексеру шақырылған адам болмаған кезде де жүргізілуі мүмкін (Тексеріс актіде белгі қойлады).

1.2. Тексеру.

1.2.1. Бағалаушының алдына қойылған міндеттердің ойдағыдай іске асырылуы үшін бағалауды тағайындаған адам көлік құралын бағалау мекемесіне тексеру үшін әкеледі. Тасымалдауға келмейтін көлік құралы оның табылу орны (сақталу) немесе ТҚКС жағдайында жүргізіледі.

1.2.2. Тексерістің тиісті жағдайда жүргізілуін бағалауды тағайындаған адам қамтамасыз етеді.

1.2.3. Тексеріс барысында анықталады:

- құжаттарда көрсетілген сәйкестендіргіш деректеріне сай келіп тексерумен көлік құралдарының сәйкестендіргіш деректері;

- көрсетілген шаманың дұрыстығын бағалаумен, одометр көрсеткіші бойынша көлік құралы жорығының шамасы;

- көлік құралын жиынтылығы және құрамдалуы, қосымша құрал-жабдықтардың бары;

- ЖКО нақты деректерде уағдаласқан, тексеріс кезіндегі бар ақаулар және бұзылу тізілімі және көлемі,;

- осы көлік құралына бұрын жүргізілген жөндеу белгілері, агрегаттарды, тораптарды және қымбат тұратын жиынтық бұйымдарын ауыстыру.

- қалпына келтіру жұмыстарының номенклатурасы, КҚ әзірлеушілермен ұсынылған техникалық қызмет көрсету және жөндеу бойынша нормативтерге сәйкес оны орындау әдістері мен көлемі.

1.2.4. Көлік құралын қалпына келтіру жұмыстарының құнын анықтау үшін осы жол-көлік оқиғасында бұзылғанын растайтын бастапқы құжаттар болғанда тексерісті мақсатты жүргізеді. ЖКО нәтижесінде бұзылған көлік құралын тексеру үрдісінде бағалаушы анықталған көлік құралының бұзылуы қаралатын оқиға нәтижесінде түзілу мүмкіншілігін анықтайды (яғни олардың ЖКО туралы бастапқы құжаттарда көрсетілген бұзылу, сипаты және оқшаулау бойынша сәйкестігі), егер сараптаманың басқа түрін жүргізуді талап етпесе.

1.2.5. Тексеру кезінде сот фотографиясы ережесін есепке ала отырып, анықталған бұзылуларды тіркеумен фототүсіру жүргізу қажет.

1.2.6. Фотокестені, суретті қорытындыны келесідей ұсынымға сәйкес рәсімдеу керек.

1.2.6.1. Бірінші кезекте фотокестеге зерттеу объектісін теңестіруге мүмкіндік беретін, қаралатын көлік құралының жалпы түрімен фототүсіру

орналастырылады және оның бұзылуын оқшаулау туралы ұсыныс береді. Онда теңестірілген таңбалау және көлік құралының одомердегі көрсеткішін фототүсірілімге мақсатты орналастыру.

1.2.6.2. Көлік құралының жалпы түрімен фототүсіру жасалғаннан кейін көлік құралының бұзылған учаскілерін бір бағыттатексеріп шығуды сақтаумен, жеке бұзылған элементтердің басты және толық фототүсірілімі орналастырылады.

1.2.6.3. Байқалмайтын бұзылуларды (болар-болмас сызаттар, кетіктер, ЛСЖ қатпары, жарықтар, сынықтар) макротүсірілім (үлкейтумен) режимінде суретке түсіреді. Бұл ретте шолу, басты және толық фототүсірілімде макротүсірілім режимінде түсірілген бұзылулардың орны көрсетіледі, оған сәйкес фототүсірілім сілтемесімен. Сандық техниканы қолдану кезінде макротүсірілім режимінде түсірілген бұзылу суретін шолу, басты және толық фототүсіріліммен бұзылу суретін үлкейтумен алып шығару түрінде ұсынуға рұқсат.

1.2.6.4. Фотокестеде бағалау күні және нөмірі көрсетіледі, оның аясында фотокесте жасалған. Орналастырылатын фототүсірілімдер олардың негізгі мағынасын ашатын мәтінмен бірге беріледі.

1.2.7. Көлік құралын тексеру қорытындысы бағалаушы қорытындысының зерттеу бөлімінде келтіріледі.

1.2.8. Көлік құралын тексеру қорытындыларын тіркеу және рәсімдеу кезінде техникалық қызмет көрсету және көлік құралын жөндеу, қосалқы бөлшек каталогы бойынша құжаттамалардың нормативтік-техникалық құжаттамасында қабылданған терминдерге сәйкес қолдану қажет.

1.2.9. Көлік құралын тексеру қорытындыда тіркелген деректер бағалаушыға алға қойылған зерттеу міндеттеріне сәйкес мақсатта кірісуге мүмкіндік береді.

2. КӨЛІК ҚҰРАЛЫНЫҢ ТОЗУЫН АНЫҚТАУ

2.1. Тозуда КҚ қайта қалпына келтіре жөндеулердің құнын анықтау кезінде толық КҚ және оның жеке элементтерінің (тораптар, бөліктер) жағдайын сипаттау және пайдалану үрдісінде алынған, ішкі және сыртқы факторлардың әсерінен КҚ табиғи тозу шамасын түсіну керек.

2.2. Шетелде шығарылған және ТМД елдері шығарған көлік құралдарының жинақтаушы бұйымдарын (бөлшектер, тораптар және агрегаттар) ауыстыруды қажет ететін нақты тозу мөлшерінің есебі келесі формула бойынша жүргізіледі:

$$I_{\text{физ}} = 100 \times (1 - e^{-\Omega});$$

мұндағы:

e – табиғи логарифмдер негізі, e = 2,72;

$\Omega = (a \times D + b \times \Pi)$ – пайдаланудан бастап көлік құралының жасы және іс жүзіндегі жүрілген жолына тәуелді функция;

D – үтірден кейінгі бір белгіге дейінгі нақтылықпен көлік құралын пайдалану мерзімі (жыл). Қызмет ету мерзімін есептеу

КҚ пайдалануға беру сәтінен басталады. 2.9-тармағын қараңыз..

П – көлік құралының жүрілген жолы. КҚ іс жүзіндегі жүрілген жолы КҚ жарамды одометрінің көрсеткіштері бойынша айқындалады, ал олардың шынайылығына күмән туған жағдайда – есептік жол жүру бойынша, 2.3-тармағын қараңыз.

a және *b*–1-қосымшаға сәйкес айқындалатын көлік құралдарына түріне тәуелді параметрлер, 1-кесте..

2.2.1. «Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» ҚР Заңының қолданысына жататын жағдайлар үшін, көлік құралының

физикалық тозу шамасын есептеу келесі формула бойынша жүргізіледі:

$$\text{Ифиз} = \text{И1} \times \text{П} + \text{И2} \times \text{Д}, \%$$

мұндағы:

И1 – 1000 км жол жүрісіне шаққандағы тозу көрсеткіші, %;

П – шығарылған күннен бастап (күрделі жөндеуден кейін) тозуы 0,1 дейін дәлдікпен айқындалған сәтке дейін жалпы жүрген жол (іс жүзіндегі Пф немесе есептік Прасч), мың километр;

И2 – 1 жыл пайдаланған кездегі ескіру көрсеткіші, %;

Д – 0,1 дейін дәлдікпен жылдармен есептегендегі нақты қызмет мерзімі

2.3. Іс жүзіндегі жол жүру мәні КҚ-ның жарамды одометрінен алынады немесе КҚ-на берілген есепке алу құжаттары бойынша қабылданады. Күмәнді жағдайларда есептік жол жүру бір типті КҚ-ның орташа жылдық жол жүруіне және пайдаланылу ұзақтығына сүйеніп айқындалады, келесі формула бойынша:

$$\text{Прасч} = \text{Псг} \times \text{Д},$$

мұндағы:

Псг – орташа жылдық жол жүру, мың км;

Д - нақты қызмет мерзімі (жыл).

И1, И2 көрсеткіштерінің мәні, сондай-ақ Псг орташа жылдық жүрілген жол 2-бөлімнің 1-қосымшасында көрсетілген.

КҚ-ның тозуын айқындау

1.4, 1.5, 1.6, 1.7 және 1.8-кестелерде берілген. 2.4. КҚ қайта қалпына келтіре жөндеулердің құнын анықтау кезінде сыртқы түрі бойынша қанағаттанарлық жағдайда табылған және пайдалану сипатына жауап беретін, Жол қозғалысы ережесі талаптарына және қауіпсіз пайдалану шартына сәйкес келетін, бірақ тозу 75% аса есептелген пайызға жеткен, соңғысы 75% деңгейге дейін төмендеуі тиіс.

2.5. Ауыстыруды талап ететін КҚ бөліктері, тораптары мен агрегаттары үшін олардың шығарылған күнін растайтын құжаттар жоқ, олардың жеке тозуын анықтау кезінде қорытындыда міндетті негізделген 1.3 кестеде 1 қосымшада жазылған сарапшылық бағалау Шкаласы қолдануға болады.

2.6. КҚ бөліктерін және қосымша жабдықтарды, сондай-ақ шынысын, фар, шам және т.б. ауыстыруды талап етеу үшін көлік құралдарын қайта қалпына келтіре жөндеулердің құнын анықтау кезінде қолданылған тозу жалпы тозу пайызына сәйкес қабылданады.

Жүргізуші мен жолаушының қауіпсіздігін қамтамасыз ететін бөліктерді ауыстыруды талап ететін тозу, егер автомобиль ресми дилердің ТҚКС қызмет

көрсету кепілдеме постында немесе кепілде табылса есептелмейді. Осы мәтінде қауіпсіздікті қамтамасыз еетін бөлікке төмендегілер жатады:

1. Қауіпсіздік жастықшасы (көлік құралында орнатылған құрылғы, ол көлік құралы соғылған кезде автоматты түрде жұмсақ компонент ашылады, ішіндегі газдың қысылуы арқылы соққы күшін жұту үшін арналған).

2. қауіпсіздік жастықшасының іске қосылуын қамтамасыз ететін автомобиль электроникасының элементі (тетік, басқару блогы және т.б.) егер оларды ауыстыру КҚ өндіретін кәсіпорынмен ұсынылған жөндеу қауіпсіздік технологиясы жастықшасын ауыстырумен бірлесе қарастырылса.

3. Қауіпсіздік белбеуі, бекіту құлыбын қосқанда, созылу және күшті шектейтін құрылғы, балаларды құрықтау құрылғысы.

2.7. Шина және аккумулятор батареясының жеке тозуы 2 және 3 қосымшаға сәйкес анықталады.

2.8. Күрделі жөнделген КҚ табиғи тозуы, немесе күрделі жөнделген КҚ торабы және агрегатының дербес табиғи тозуы 20% артуы тиіс - күрделу жөндеу жүргізгеннен кейін ресурстың төмендеуін есептейтін жүктеме. Бұл ретте КҚ бекітуден бастап қызмет, торап немесе агрегат мерзімін есепке алынады.

2.9. Зерттеу жүргізген кезге дейін пайдалануда КҚ шыққаннан бастап КҚ пайдалану ұзақтығы дәлдіктен ондық белгімен жылдарда анықталады. Көлік құралын пайдалану мерзімі КҚТМ деректері бойынша анықталады, егер:

1. КҚТМ артық жағында жолақта «КҚ алғашқы тіркеу күні» көрсетілген жыл күні ұқсас немесе «КҚ шығарылған күні» алдыңғы жағында көрсетілгеннен аса кем болып табылады және бұл ретте бағанда КҚТМ артқы жағында «ерекше белгілер» КҚТМ беру үшін негіз ретінде сатып алу-сату келісімшарты (ССК) көрсетілген. КҚ ағымдағы иесі бұл КҚ бірінші иесі. Мұндай жағдайда пайдалануға енгізілген күн КҚ алғаш рет тіркеу күнімен сай келеді.

2. КҚТМ артқы жағында «КҚ алғашқы тіркеу күні» жолағы жоқ және бұл ретте КҚТМ артық жағында «ерекше белгілер» бағанында КҚТМ беру үшін негіз ретінде сатып алу-сату келісімшарты (ССК) көрсетілген, ССК жылы тепе-тең немесе «КҚ шығарылған күні» алдыңғы жағында көрсетілгеннен аса кем болып табылады. КҚ ағымдағы иесі бұл КҚ бірінші иесі. Мұндай жағдайда пайдалануға енгізілген күн КҚ алғашқы тіркеу күнімен сай келеді.

Ескертпе:

КҚТМ деректері бойынша КҚ пайдалануға енгізілу күнін анықтаумен байланысты қандай да бір күдік туындаған жағдайда (мысалға, егер КҚ алғашқы тіркеу күні және КҚ шығарылған жылы арасындағы айырмашылық бір жылдан аса), бағалауды тағайындаған адамнан, басқа да құжаттардан сұрау қажет, олар бойынша пайдалануға енгізілу күнін анықтауға болады (сатып алу-сату келісімшарты, бухгалтерлік есеп мәліметтері және т.б.).

Егер құжат бойынша КҚ пайдалануға енгізілу күнін анықтау мүмкін болмаса, онда пайдалануға енгізілу күні үшін КҚ дайындау күні қолданылады. Дайындау күні төмендегідей анықталады:

3. КҚ орнатылған сәйкестендіргіш тақта мәліметтері бойынша. Егер зауыт тақтайында жыл және ай ғана көрсетілсе, онда пайдалану басталғаны үшін сол айдың бірінші күні алынады. Егер зауыттық тақтада тек жыл көрсетілсе, онда пайдалану басталғаны үшін сол жылдың бірінші қаңтары алынады.

4. КҚ сәйкестендіргіш нөмірін (VIN) түсіндіру. Егер сәйкестендіргіш нөмірді түсіндіру кезінде жыл және ай ғана қолданылса, онда пайдалану басталғаны үшін сол айдың бірінші күні алынады.

5. Егер сәйкестендіргіш нөмірді түсіндіру кезінде жыл ғана қолданылса, онда пайдалану басталғаны үшін белгіліленген жылдың бірінші қаңтары алынады. Егер сәйкестендіргіш нөмірді түсіндіру кезінде анықталған модель жылы КҚТМ мәліметтерімен сәйкес келмесе, КҚ тіркеу туралы куәлікте көрсетілген жыл қолданылады (бір жылға артық анықталады).

6. Егер (VIN) сәйкестендіргіш нөмірді түсіндіру кезінде жыл ғана анықталса, бұл ретте VIN бойынша анықталған модельді жыл КҚТМ алдыңғы жағында көрсетілген шағарылған жыл, айырмашылығы бір жылдан аса, КҚ сәйкестендіруде жалпы тәсілдемелерге сәйкес КҚ қосымша сәйкестендіргіш жүргізу қажет.

2.10. Тез тозатын бөліктер мен тораптар үшін дербеспайдалану тозуын есепке алу мүмкін болмауына байланысты объективті пайдалану үрдісінде бірнеше рет ауыстыруға әкеледі, олардың тозуы ауыстыруды талап ететін бөліктер, тоаптар мен агрегатартың теңбе-тең тозуын қолданады.

3. КҚ ҚҰНЫН АНЫҚТАУ

КҚ құнын анықтау үшін екі негізгі тәсілдеме қолданылады:

- салыстырмалы, көлік құралдарын сатудың бірінші және екінші нарықтарын талдауға негізделген;
- шығынды, қайта қалпына келтіру, немесе зертелетін объектіні алмастыру үшін қажетті шығынды анықтауға негізделген, оның тозуын есепке ала отырып.

Табысты тәсілдеме КҚ құнын анықтауда қолданылмайды. Бұл, яғни осы тәсілдеме - кәсіпорын, өндірістік кешендер және басқа да бизнес объектілеріне табыс әкелетін объектілерді бағалау үшін айырықша тиімді. Көлік құралы, қағида бойынша табыс әкелетін жүйе элементі болып табылады.

КҚ нарықтық құнын анықтауға арналған бастапқы деректерде КҚ тексеру, осы КҚ құжаттарын зерделеу, анықтамалық әдебиеттер, іс материалдарын, басқа да ұсынылған құжаттарды зерттеу кезінде анықталған мәліметтер болып табылады:

- марка, үлгісі, түрлендіру;
- шанақ түрі;
- шығарылған күні;
- жорығы;
- құрамы және жиынтылығы;
- КҚ техникалық жағдайы;

- бұрын жүргізілген жөндеу жұмыстарының көлемі және сапасы, оның ішінде негізгі тораптар мен агрегаттарды ауыстыру.

3.1. КҚ нарықтық құнын анықтау

3.1.1. КҚ нарықтық құнымен ақшалай соманы есептеуді білдіреді, ол бойынша осы КҚ бәсекелістік жағдайдағы мәміле негізінде иесіздендіріледі, бағалау объекті туралы барлық қолжетімді ақпаратты иегере отырып мәміле тараптары әрекетке кіріседі, ал мәміле бағасына қандай да бір төтенше жағдай көрінбесе, яғни:

- мәміле тараптарының бірі бағалау объектінің иесіздендіруге міндетті емес, ал басқа тарап ие болуға міндетті емес;

- мәміле тараптары мәміле туралы жақсы ақпараттандырылған және өз көзқарастарында әрекет етеді;

- мәміле бағасы бағалау объекті үшін ақшалай сыйақы эквивалентін ұсынады және мәміле тараптары арасында қайсы бірі арасында мәміле жасауға мәжбүрлеу болған жоқ.

3.1.2. КҚ нарықтық құны мынадай сұлба бойынша анықталады:

3.1.2.1. Бағалаушы келесі дереккөздерде бар бағалық ақпараттарға талдау жүргізеді:

- жаңа және ескілеу КҚ іске асырумен айналысатын ұйымдардың преискуранттарына;

- жиі басылымдарда жарияланатын жаңа және ескі КҚ бағалық ақпараттарына;

- тақырыптық Internet-сайттарда жарияланған жаңа және ескі КҚ өңірлік нарықтағы бағалық ақпараттарға.

3.1.2.2. КҚ нарықтық құнын анықтау кезде қолданылатын бағалық ақпараттар дереккөздері, қорытындының зерттеу бөлімінде міндетті түрде көрсетілуі тиіс.

3.1.2.3. Ақпарат дереккөздерін таңдау кезінде, яғни ол мынадай талаптарға жауап беруін ескеру керек:

- ұсынылған ақпаратта ресми басылым мәртебесі немесе басылым (ұйым) сілтемесі бар;

- ұсынылған зерттеу объектісі ақпаратының анық сәйкестігін анықтау үшін айырмалы объектілердің ерекшеліктері туралы мәліметтен (мәселен, белгілеу, түрі, маркасы, үлгісі, сәйкестендіргіш белгілері, негізгі сипаттамасы) тұрады;

- дәлелді және өзекті ақпараттарды ұсынады;

- жаңа ақпаратты ұсынуда жылдамдықты игеру.

3.1.3. Салыстыру тәсілдемесімен КҚ нарықтық құнын анықтау.

Салыстыру тәсілдемесінің әдістері өңірлік нарықта объектілер-аналогтарды сату немесе сатуға ұсыныс жасауды талдауға және тиісті түзетулер жүргізу үшін бағалау объектілерімен сәйкестендіруге негізделген. КҚ нарықтық құнын анықтау үшін нарықтық ақпарат, сатудың салыстырмалы талдауы, жаппай бағалау және корреляциялық модель әдістері қолданылады.

Аса кең тараған және тиімдісі нарықтық ақпарат және салыстырмалы талдау болып табылады.

1.3.1. Нарықтық ақпарат әдісі арқылы нарықтық құнды анықтау.

Нарықтық ақпарат әдісі жаңа автомобильдер немесе пайдалану мерзімі 1 жылға дейін 1000 км жорығымен автомобильдер үшін қолдану ұсынылады.

Бұл жағдайда КҚ нарықтық құнын анықтау мына формула бойынша анықталады:

$$C_p = \frac{\sum C_i}{i}, \text{ теңге}$$

онда:

C_i – i - КҚ аналогының бағасы, теңге

i – ұсыныстар саны, $i \geq 3$.

3.1.3.2. Нарықтық құнды анықтау үшін КҚ баға қолдануға жол берілмейді, зерттелетін КҚ жағдайы және жиынтықтылығы бойынша ерекшеленеді.

3.1.3.3. Нарықтық құнды салыстырмалы таңдау әдісімен анықтау.

Сатудың салыстырмалы талдауы әдісі – тиісті түзетулерді жүргізгеннен соң зерттелетін объектімен салыстырылатын жылжымайтын мүлік объектілерін жуырда сатылғандармен (сатуға ұсынылғандармен) салыстыру арқылы құнын анықтау, олардың арасындағы айырмашылықты ескеру.

Салыстырмалы таңдау әдісімен КҚ құнын анықтау үшін мынадай жүйелі әрекет қолданылады:

1) объектілерді, ұқсас зерттелетін объектілерді сату немесе сатып алу бойынша мәмілелер немесе ұсыныстар туралы ақпараттарды жинау және нарықты зерттеу;

2) ақпаратты дәйектілігі, нақтылығы және нарықтық деректерге сәйкестігін тексеру;

3) нарық үшін зерттелетін объект бірлігін үш типтіктен аса таңдауда салыстыру;

4) салыстыру элементі бойынша (баға-түзілетін фактормен) зерттелетін КҚ салыстырмалы объектілер (объектілер-аналогтар) арқылы түзейтін коэффициенттер есебімен;

5) әрбір салыстыру элементі бойынша зерттелетін объектілерге қатысты әрбір салыстырылатын объектілердің (аналог) бағасына түзетулер енгізу;

б) зерттелетін объектінің нарықтық құнының бірыңғай көрсеткішін (мәнін) алу үшін салыстырылатын объектілердің түзетілген бағаларына келісу.

Сатудың салыстырмалы талдау әдісімен есептеу мысалы 1.1. қосымшада келтірілген.

3.1.4 Шығын тәсілдемесімен КҚ нарықтық құнын анықтау.

КҚ құнын (бағасын) анықтау үшін шығын тәсілдемесі жылжымайтын мүлік нарығының белсенділігі болмаған жағдайда, сондай-ақ жеке мамандырылған активтердің құнын (бағасын) анықтау кезінде қолданылады.

Шығын тәсілдемесі жинақталған тозуды шегеру үшін оның толық өндіру құнын немесе (C_n) алмастыру құнын есептеу арқылы бағалау объектісінің өндіру/алмастыру құнының қалдығын анықтау үшін қолданылады

Шығын тәсілдемесінде әдістер тобы қолданылады, КҚ қолданылатын аса ыңғайлы және тиімді әдіс алмастыру әдісі немесе аналог-параметрлік әдісі болып табылады, ол алмастыру қағидасына негізделген және пайдалылығы мен қызметі бойынша ұқсас бағаланатын объектілерді таңдаудан тұрады. Бұл әдіс зерттелетін объект құнын есептеуде объектілер-аналогтардың техника-экономикалық сипатына және белгілі құнына негізделуге мүмкіндік береді.

Жылжымайтын мүліктің жинақталған тозу шамасы табиғи тозу, қызмет етуі және сырты (экономикалық) ескеру (құнсыздану) жиынтығына тең.

Табиғи тозу жөнделетін және жөнделмейтін болады. Жөнделетін табиғи тозу ағымдық жөндеу шығынының сомасына тең.

Жөнделмейтін табиғи тозу мынадай әдістермен есептеледі:

- тиімді қайтару әдісімен (өмір сүру мерзімі әдісі);
- пайдалану және жорық мерзімін есептейтін әдіс;
- табиғи жағдайын сараптамалық талдау;
- корреляциялық модель әдісі;
- өнімділігін жоғалту әдісі.

Зерттеу объектісінің қызметтік (моральдық) ескеруі зерттеу кезінде нарыққа шыққан жаңа, аса жетілген объект-аналогпен тікелей салыстыру әдісі негізінде анықталады.

Сыртқы (экономикалық) ескеру зерттелетін объектіге сыртқы факторлардың әсер етуіне байланысты. Мұндай ескеру экономикалық немесе басқа да сыртқы факторлардың әсер етуі салдарынан мүліктің пайдалылық дәрежесін төмендетуде байқалады, мәселен, осы мүлік түріне сұрау салу немесе ұсыныс жасау қатынасының өзгеруі, жеке меншік құқығын шектеу немесе салықтардың артуы салдарынан олардың құнына теріс тию, жаңа енгізілген заңнамалар, техниканы ықтималды қолдануда өзгерістердің енуі салдарынан. Бұл факторлардың әсер ету дәрежесі абсолютті немесе пайыздық көріністе өлшенеді.

3.2 КҚ құнында бар жарамсыздықты және жөндеу іздерін, пайдалану ақауларын есепке алу.

3.2.1. Ауыстыруды, жөндеуді немесе бөліктерді бояуды талап ететін, тиімсіз пайдалану және/немесе сақтау шарттарынан туындаған ақаулар болған кезде КҚ құны – $V_{дз}$ оларды жөндеу үшін қажетті шығындардың шамасын қосымша азайтуы мүмкін. Бұл жөнделетін табиғи тозуды есепке алу болып табылады.

3.2.2. КҚ құнын төмендететін ақауға, осы Стандартқа жататындар:

- тоттану іздері және салдары;
- металдың қажуынан шанақ элементтерінің және басқа да бөліктердің сызылуы;
- кетіктер (ойдым-ойдым), көмескілену, қатпарлану, жарылу, бейметалл бөліктердің (материалдардың) созылуы, бояу және басқа да қорғау жабындары, қаптауыштардың тігістері сөгілу;
- әйнектің тозуы;

- салон қаптауыштарының, автомобиль шанағының және тіркеменің отырғышы, отырғыш және жабын материалдарының сөгілуі (тігісі бойынша), кірленуі;

- көлік құралы тораптарының, (бөліктерінің), агрегаттардың бекітуі нашарлаған;

- ыдыс және жүйелерге ауа кірмеу, басқа да нақты пайдалану ақаулары.

- КҚ өндірушілермен ұсынылған технологияны бұзумен орындалған жөндеу іздері.

3.2.3. Көлік құралында көрсетілген ақауларды анықтау кезінде оларды жөндеуге жұмсалған шығын шамасы ақауды жөндеу бойынша жұмыстардың құнын, пайдаланылған материалдарды, сондай-ақ белгіленген бөлектерді есептей отырып, соңғысының құны КҚ табиғи тозуын есептей отырып, қолданылады:

$$B_{\partial\partial} = C_{pp} + C_m + C_{\partial} \times \left[1 - \frac{I_{\text{физ}}}{100\%} \right], \text{ теңге.}$$

онда

$B_{\partial\partial}$ – ақауды жөндеу шығынының шамасы;

C_{pp} – ақауды жөндеу бойынша жөндеу жұмыстарының құны;

C_m – қолданылған материалдардың құны;

C_{∂} – бөліктердің құны.

3.2.4. Егер КҚ тексеру кезінде анықталған жағдайда:

- тегістеу, түзету, қиыстырып келтіру, шанақ, жақтау элементтерін дәнекерлеп жөндеу іздері;

- апаттық, қызулық және басқа да бұзылулар;

- пайдаланушылық тегіс емес, жапырылған және басқа да механикалық бұзылулар, боялған жабындардың әр алуандылығы;

КҚ құны жалпы құннан элементтер бойынша есеп алуда қосымша төмендейді, бұл жөнделетін табиғи тозуды есепке алу болып табылады. Бұл жағдайда қосымша төмендеуді есепке ала отырып (егер автомобиль ТҚЖ анықтау критерияларына сәйкес болғанда), баға мына формула бойынша анықталады:

$$C_{rem} = C_p \times \left[1 - \frac{\sum K_{UTCi}}{100\%} \right], \text{ теңге}$$

онда:

C_p – КҚ нарықтық құны, теңге

K_{UTCi} – i - элементі бойынша КҚ құнының төмендеу коэффициенті, (5 қосымшаны қара).

3.2.5. Пайдалану ақауларын анықтау кезінде, оларды жөндеу бойынша жұмыс қолданыстарғы преysкуранттарда (кірлену, жабынның көмескеленуі және т.б.) қарастырылмаған, есептеу негізіне тиісті нормо-сағат құны және жұмыстың болжалды еңбек сыйымдылығын (бөліктерді ауыстыруға дейін) қолдануға жол беріледі.

3.2.6. Оның нақты жағдайын (пайдалану ақауларын және жөнделмейтін бұзылуларын) есепке ала отырып, КҚ соңғы құны мына формула бойынша есептеледі:

$$C_{\phi} = C_n \times \left[1 - \frac{I_{\phi_{из}}}{100} \right] - B_{\partialз} - C_{рем}, \text{ тенге}$$

3.2.7. Нарықта сұранысы жоқ және бұрын қолданылған көлік құралдары барлық қаралған бұрын көбіктену факторларын есепке ала отырып, түзету нәтижесінде алынған есептеу құнынан 10% моральді түрде ескерген белгілері бойынша арзандатылуы мүмкін. Мұндай арзандату шамасы 20% дейін артады, егер зерттеу кезінде көлік құралының қарастырылған үлгісінің (түрленімі) шығарылуы тоқтатылса, оған қосалқы бөліктерді шығару тоқтатылған жағдайда 30% -ға дейін.

3.2.8. Моральдық ескеру себебі бойынша көлік құралы құнының шамасы туралы соңғы шешім қабылданған кезде нарықта өткізудің нақты бағасын ескеру керек.

3.2.9. Жоғарыда айтылған барлық факторларды есепке ала отырып, көлік құралының есептік қалдық құнын төмендету оның бөліктерінің металл сынығының құнынан төмен болмауы тиіс.

3.3. Жинақтамасы бұзылған КҚ құнын анықтау.

3.3.1. Жинақтамасы бұзылған КҚ құны жинақтамасы бұзылған КҚ бағасының және бастапқы қалпына келтіру шығынының әртүрлігінен анықталады.

3.3.2. Жинақтамасы бұзылған КҚ құнын анықтау мынадай тәртіпте жүргізіледі:

1). КҚ құны бастапқы, жинақталған жағдайда анықталады;

2). Ұсынылған жинақтамасы бұзылған КҚ бастапқы жағдайға дейін жеткізу шығыны анықталады:

- жоқ бөліктердің және тораптардың тізілімі және құны анықталады;

- жоқ бөліктерді және тораптарды орнату бойынша жұмыс құны және тізілімі анықталады;

3). Жинақтамасы бұзылған КҚ құнының және ұсынылған КҚ толық жасақтау шығынының әртүрлігінен КҚ соңғы құнын есептеу жүргізіледі.

3.3.3. Егер КҚ толық жасақтау шығыны (бөліктердің, тораптардың тозуын, талап ететін ауыстыруларды есепке алмағанда) жинақталған жағдайда оның нарықтық құнына тең немесе асады, жинақтамасы бұзылған КҚ құны 6 тарауда жазылған стандарт бойынша анықталатын КҚ қалдықтарын (бөліктер, тораптар, агрегаттар) қолдану (іске асыру) үшін жарамды құнға тең болады.

4. КҚ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ЖӨНДЕУ ҚҰНЫН АНЫҚТАУ

4.1. КҚ қалпына келтіру жөндеу түсінігі

4.1.1. Қалпына келтіру жөндеу – бұл көлік құралының техникалық сипаттамасын және оның тұтынушылық құрамын, яғни осы көлік құралы

бұзылуға дейін тікелей болған жағдайға дейін қалпына келтіру үшін қажетті жұмыс кешені.

4.1.2. КҚ қалпына келтіру жөндеу құны бастапқы, апатқа дейінгі жағдайға КҚ қалпына келтіру үшін жеткілікті шығын сомасын білдіреді.

4.1.3. Бұзылған КҚ ($C_{вр}$) қалпына келтіру жөндеу құны зерттеу жүргізу кезінде мына формула бойынша анықталады:

$$C_{вр} = C_{рр} + C_{м} + C_{д} , \text{тенге.}$$

онда

$C_{рр}$ – жөндеу жұмыстарының құны;

$C_{м}$ – материалдарды қалпына келтіру үрдісінде пайдаланылған құн;

$C_{д}$ – ауыстыруға жататын (ауыстырылған) бөліктердің, тораптардың, агрегаттардың құны.

4.2. КҚ қалпына келтіру үшін қажетті жөндеу жұмыстарының көлемін анықтау

4.2.1. Жөндеу жұмыстарының көлемі, тәсілдері, түрлері, технологиясы және еңбек сыйымдылығы КҚ кәсіпорын-өндірушілерімен бекітілген технологияларға сәйкес коррозияға қарсы және шуға қарсы жұмыстар, бояу, реттеу, қиыстырып келтіру, талдау/жинау бойынша жұмыстарды жүргізу қажеттілігін есепке ала отырып, бөліктер мен тораптардың жағдайына (коррозияға ұшырауы), бұзылу дәрежесіне және сипаттамасына байланысты, ал кәсіпорын-өндірушілерінен талап етілетін жөндеу технологиясы болмаған жағдайда – бар аналог және ресми кәсіпорын-өндірушілері өкілдерінің мәліметтері бойынша бағалау сараптамасы арқылы анықталады.

4.2.2. Тораптар және агрегаттар бойынша КҚ қалпына келтіру үшін қажетті жөндеу жұмыстарының көлемі және КҚ техникалық жағдайын анықтай отырып, оларда жасырын бұзылулар болуы мүмкін, осы ұсынысты нақты дәлелдегенге дейін есептеуге бөліктерді болашақта ауыстыру құнын қоспағанда, тексеру бойынша жұмыстардың қажеттілігін ескеру керек, (қажеттілік болғанда бұзу және ақау іздеу),

4.2.3. шанақ бөліктерін ауыстыру бойынша еңбек сыйымдылығында мынадай жұмыстар ескерілді:

- темір, босқабатты тотықты (коррозияны) жөндеумен, ескі бөліктерді шешу және ажырату;

- түйісетін жиектің босауы;

- дәнекерлеу нүктелері мен тігістерін тазартумен жаңа бөлікті ерітіп жабыстыру және қиыстыра келтіру;

- ақаулы орындарды тегістеумен үстін толтырғышпен тегістеу.

4.2.4. Жеңіл автомобильдің, микроавтобустың, автобустың шанағын немесе жақтауын, жүк автомобилінің кабинасын немесе жақтауын ауыстыруларды жөндеуге қабылдауда белгілі талаптарға сәйкес келмеуі кезінде белгіленуі мүмкін.

4.2.5. Ауыстыруда белгіленген талаптар болмаған жағдайда мынадай шарттарды жасау кезінде белгілеу:

1) ауыстыру қажеттілігі кезінде шанақта қиын және аса қиын қиғаштану пайда болса:

- шанақтың алдыңғы бөлігінде алдыңғы лонжеронмен пішіннің өзгеруін жөндеу (№2 жөндеуден төмен емес), немесе алдыңғы қалқанын, бүйір жақ алдыңғы бағанын (бір бүйір жағын), әйнектің жел кіретін жақтауын, сол және/немесе оң жақтағы салонның алдыңғы еденінің панелін, төбе панелін ауыстыру;

- шанақтың артқы бөлігінде артқы лонжеронмен пішіннің өзгеруін жөндеу (№2 жөндеуден төмен емес), немесе артқы қалқанын, артқы бүйір жақ артқы бөлігін (бір бүйір жағын), сол және/немесе оң жақтағы салонның артқы еденінің панелін;

2) шанақтың мынадай төбе панелі, лонжеронмен салон едені, бүйір жағы, моторлы қалқан, алдыңғы лонжерон, артқы лонжерон сияқты 50% аса элементтерін ауыстыруды талап ететін бұзылу болғанда;

3) ауыстырылатын немесе жөнделетін бөліктерді сапалы түйіндесуін қамтамасыз етпейтін оның салмақ түсетін элементтерінде толассыз коррозия болғанда шанақтың орта немесе ауыр қиғаштануы;

4) жеке жөндеу элементтері немесе ауыстыру арқылы шанақтарды немесе жақтауларды қалпына келтіре жөндеу экономикалық мақсатты ;

5) шанақ салонының төрт немесе одан аса ойыла өрттену нәтижесінде пішіннің өзгеруі.

4.2.6. Бояу жұмыстарының көлемін анықтау кезінде бағалаушы барлық ауыстырылғандарды және дәнекерленгендерді, тегістелгендерді, боялған бөліктерді түйіскен бөліктер жолағына дейін түзетулерді, сондай-ақ түйіскен бөліктерді (қарайту), егер олардың боялған жабыны дәнекерлеу кезінде зақымдалса толық (жартылай емес) бояу қажеттілігін ескереді.

4.2.7. Егер жоғарыда айтылған талаптарға сәйкес көлік құралының сыртқы боялатын жабыны 50 % аса боялуға жатса, оны толық бояу белгіленеді.

4.2.8. Шанақтың жеке элементтерін және көлік құралының тіреуін бояу бойынша жұмыстар тағайындалмаса, егер көлік құралын тексеру кезінде, яғни:

- барлық элементте ол бұзылғанға дейін ЛБЖ болмағаны;
- бұзылған элемент аумағында бұрын ЛБЖ болмағаны;
- элементте коррозия белгілері анықталса.

4.2.9. Бұзылған көлік құралдарын қалпына келтіру жұмыстарының көлемін анықтауды көзбен шолу әдісі кезінде апаттық бұзылу аумағында, сондай-ақ автомобиль шанағының жасырын бөліктерінде (күшейткіш, арка, доңғалақ және т.б.) табылған трансмиссия тораптарының ішкі бөліктерінде немесе күш агрегаттарында жасырын ақауларды анықтау мүмкіншілігі бола бермейді. Мұндай жағдайда жасырын бұзылу бойынша барлық ұсыныстарды бағалаушы қорытындыда тіркеуі тиіс, бірақ жөндеу кәсіпорнында жұмыстарды орындауда жасырын торапты, агрегатты немесе тапсырыс-нарядты тікелей қарау ұсынысын қолдағанға дейін жасырын ақауды жөндеу құнын көлік құралын қалпына келтіру құнына қоспауы тиіс.

4.3. Қосалқы бөліктер және материалдар құнын анықтау.

4.3.1. Қосалқы бөліктер құны зерттеу жүргізу кезінде осы өңірде туындаған жаңа қосалқы бөліктердің нарықтық құны туралы дәлелді мәліметтер негізінде анықталады.

Қосалқы бөліктердің дәлелді нарықтық құны өзінің негізгі қызметі ретінде қосалқы бөліктерді сататын сатушылар бағасы болып табылады. Бағалаушы экономикалық мақсатты қағиданы қолдана отырып, екеуден кем емес қосалқы бөлік құнының ақпараттық дереккөздерін (атауы, телефон, мекенжайы, сайттың мекенжайы) көрсетуге міндетті. Егер сатушыларда қосалқы бөліктердің құны туралы ақпарат болмағанда (үлгісі өндірістен шыққан, эксклюзивті үлгі), 4.4.6 тармақшада келтірілген ақпараттық анықтамалық тізімді қолдануды ұсынады.

1) кепілдікті пайдалану мерзімінде табылған автомобилдер, сондай-ақ 7 жыл мерзімде пайдалануға дейінгі автомобилдер үшін осы сауда маркасын ресми ұсынатын мамандырылған магазиндер мәліметтері негізінде немесе ресми дилер мәліметтері бойынша жынттылықты қабылдайтын және түпнұсқа қосалқы бөліктерінің құны ұсынылады;

2) пайдалану мерзімі 7 жылдан асқан автомобилдер үшін қосалқы бөліктер мен жиынтылықтың құны экономикалық мақсатты қағидасын есепке ала отырып, көлік құралы өндірісімен бекітілген талаптарға сәйкес қосалқы бөліктердің құны туралы мәліметтер негізінде қабылданады;

3) бөліктер, тораптар, агрегаттар құнын анықтау кезінде көлік құралы өндірушілерімен немесе бұйымдарды жинақтауға қатысты (бөліктер, тораптар, агрегаттар, материалдар) ақпараттар құнының электрондық база деректерінде жасалған көлік құралының нақты маркасы (түрі, модификациясы) үшін қосалқы бөліктер каталогына сәйкес толық атауын көрсету қажет, мұндай дереккөздер болмағанда - бағдарламалық-есептік кешен немесе жинақтаушы бұйымдарға (бөліктер, тораптар, агрегаттар, материалдар) сәйкес жеткізуші прайс-лист, көлік құралын өндірушімен тағайындалған (жинақтаушы бұйым жеткізуші (бөліктер, тораптар, агрегаттар, материалдар) немесе бағдарламалық-есептік кешен) олардың бірегей нөмірі;

4) құрамдас өнімдерді таңдау кезде (бөліктер, тораптар, агрегаттар, материалдар) талап етілген бұйымдардың жеткізілу мерзімі 45 күнтізбелік күннен асырмауды ұсынады;

5) жеке құрамдас өнімдер (бөліктер, тораптар, агрегаттар, материалдар) ауыстыру кезде технологиялық құжаттамаларда қарастырылған жағдайда, жөндеу кешенін есепке ала отырып, ауыстырылатын құрамдас өнімдерді (бөліктер, тораптар, агрегаттар, материалдар) ғана емес, бұзылуды толық жөндеуді қамтамасыз ететін бұйымдарды да ауыстыру қажеттілігін ескереді;

6) толық қайта қалпына келтіре жөндеу ретінде де (нақты шығын: тозудан ауыстырылатын қосалқы бөлшектердің құны түсуін есептеусіз), қайта қалпына келтіре жөндеу құны ретінде де (тікелей шығын: тозудан ауыстырылатын қосалқы бөлшектердің құны түсуін есептеусіз) көрсету қажет;

7) ерекше жағдайда (мысалы, жаңа бөліктерді (тораптарды, агрегаттарды жеткізу мерзімі) жеткізу мерзімі 45 күннен жоғары, кепілдік жеткізу жоқ, немесе

жаңа қосалқы бөліктерді шығару тоқтатылғанда) нарықта бұрынғы қолданылған қосалқы бөлшектер бар, мұндай бөліктерді (тораптарды, агрегаттарды) қайта қалпына келтіру жөндеу кезінде пайдалану мақсатты болып табылады, қосалқы бөліктердің бағасын есептеде олардың нарықтық құны қолданылады. Бұл ретте бұрынғы құрамдас өнімдерді (бөліктер, тораптар, агрегаттар, материалдар) қолдануда құнолардың тозуын есепке ала отырып, жаңа құрамдас өнімдердің (бөліктер, тораптар, агрегаттар, материалдар) құнынан аспауы тиіс. Ауыстыруға жататын, құрамдас өнімдердің(бөліктер, тораптар, агрегаттар) тозуы, көрсетілген жағдайда есептелмейді.

4.3.2. C_{δ} бөліктер, тораптар, агрегаттардың құны табиғи тозуын есепке ала отырып, мына формула бойынша есептеледі:

$$C_{\delta} = C_{\delta}^{\text{нов}} \times \left[1 - \frac{I_{\text{физ}}}{100\%} \right], \text{ теңге.}$$

онда:

$C_{\delta}^{\text{нов}}$ - жаңа бөліктің құны, теңге.

4.3.3. Материалдардың құнын есептеу

4.3.3.1. Шығындардың көлемін есептеу материалдарға қатысты жүргізіледі, оларға КҚ қайта қалпына келтіре жөндеу үрдісінде ықпал ету жүзеге асырылады, сондай-ақ технологиясына сәйкес негізгі пайдаланатын материалдар физикалық немесе химиялық жағдайы өзгертін материалдар, оларды қолдану өндіруші технологиясында қарастырылған (тегістеу, бояу, лактау, қымтақ, технологиялық сұйықтық).

Материалдарға көлік құралының бұзылуы салдарынан болған шығындар және жөндеу үрдісі кезінде қажетті суық агенттер, тежегіш және салқындататын сұйықтықтар жатады. Бұл ретте, яғни егер осындай пайдалану материалдар шығындалмағанын ескерсек, яғни олардың шығыны толықтыру нормативтері бойынша ғана есептеледі.

Бояуға арналған материалдардың шығындалу көлемін есептеу үшін қолданылатын автоматтандырылған бағдарламалық кешендерде тұратын жүйені (мысалға, AZT, DAT-EuroLack, MAPOMAT) қолданумен жүргізілуі мүмкін.

4.3.3.2. Автоматтандырылған кешендерді қолданумен есеп жүргізу мүмкіншілігі болмаған жағдайда, материалдардың шығындалу көлемі мына формула бойынша есептеледі:

$$P_M = \sum_{i=1}^n C_i^M \times N_i^M \times K_i^P;$$

онда:

P_M – КҚ қайта қалпына келтіру жөндеу кезіндегі материалдардың шығыны (теңге);

n – жөндеу кезінде қажетті материалдар түрінің саны;

C_i^M - i -түріндегі бір материал бірлігінің құны (теңге);

N_i^M - i -түріндегі материал шығынының үлес нормасы (материал бірлігі/жөндеу бірлігі);

K_i^P - жөнделетін бірлік саны (бөліктер, тораптар, агрегаттар, килограмм, метр, шаршы метр саны және т.б.), қайта қалпына келтіру үшін *i*-түріндегі қажетті материалдар.

i-түріндегі бір материал бірлігінің құнын анықтау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз қызметін жүзеге асыратын жөндеу-қайта қалпына келтіру жұмыстарын тиісті орынға жүргізу экономикалық өңір шегінде қолданылатын шаруашылық субъектілері арасында жүргізілетін статистикалық қадағалау әдісімен жүзеге асырылады. Орта құнды есептеу кезінде тауар нарығындағы шауашылық субъектілерінің үлесі туралы ашық ақпарат дереккөздерінде болмаған жағдайда олар шартты түрде тең қолданылады.

i- түріндегі материал шығынының үлес нормасы осы материалдың тауар нарығында ұсынылған осындай материалдар өндірісінің мәліметтері бойынша анықталатын орта мән ретінде есептеледі.

Мұндай мәліметтер болмаған жағдайда, *i*- түріндегі материал шығынының үлес нормасы КҚ өндірушілерімен шығарылатын анықтамалық деректер бойынша қолданылады.

i- түріндегі материалды қолданумен қайта қалпына келтіре жөндеуге тартылатын жөндеу бірліктерінің саны (мысалы, бөліктер, тораптар, агрегаттар, килограмм, метр, шаршы метр саны) көлік құралын тексеру қорытындысы бойынша анықталады.

Материалдар құнын есептеу үлгісі

Бөлік: Қақпақ	Ауданы 1,6 ш.м		
Материалдар атауы	Шығын, кг	Бірлік құны, теңге	Жалпы құны, теңге
ЭП-0228			
топырақ	0,4480	6000	2688,0
ЭП-0228 топыраққа арналған еріткіш	0,1344	500	67,2
Эмаль	0,3840	8000	3072,0
Эмальге арналған еріткіш	0,1152	1500	172,8
Полиэфирлі тегістегіш	0,1600	1500	240,0
	0,1900		
Тілімтас қабығы	ш.м	3,00	450,0
Сомасы:	6690,0		
Деталь: Оң жақ алдыңғы қанат	Ауданы 0,32 ш.м		
Материалдар атауы	Шығын, кг	Бірлік құны, теңге	Жалпы құны, теңге
ЭП-0228			
топырақ	0,0896	6000	537,6
ЭП-0228 топыраққа арналған еріткіш	0,0269	500	13,4
Эмаль	0,0768	8000	614,4
Эмальге арналған еріткіш	0,0230	1500	34,6
Полиэфирлі тегістегіш	0,0000	1500	0,0

Тегістегіш	0,0400 кв.м	1,00	150,0
Сомасы:			1350,0
ЖИЫНЫ:			8040,0

Қорытынды кесте

Материалдар атауы	ШЫҒЫНЫ, кг	Бір. құны, теңге	Жалпы құны, теңге
топырақ	0,5376	6000	3226
топыраққа арналған еріткіш	0,1613	500	81
Эмаль			
металлик	0,4608	8000	3686
Эмалға арналған еріткіш	0,1382	1500	207
Тегістегіш	0,1600	1500	240
Шлифшкурка	4,0000	150	600
Жабу пакеті	1,00	250	250
Салон пакеті	0,00	250	0
Антигравия	1,00	1500	1500
Қағаз скотч	1,00	300,00	300
ЖИЫНЫ			10090

4.4. Жөндеу-қайта қалпына келтіру жұмыстарының құнын анықтау.

4.4.1. C_{pp} қайта қалпына келтіру жұмыстарының құны КҚ жөндеу және T_p техникалық қызмет көрсетудің еңбек сыйымдылығының нормативтері, ТК бойынша бір норма-сағат жұмысының, осы түрдегі КҚ жөндеу құны кәсіпорын-өндірушімен бекітілген негіздерде анықталады.

$$C_{pp} = C_{нч} \times \sum T_{ip}, \text{ теңге.}$$

онда:

$C_{нч}$ – норма-сағат құны, теңге;

T_{ip} – i - түріндегі жұмыстың еңбек сыйымдылығы, норма-сағат.

4.4.2. КҚ жөндеудің еңбек сыйымдылығын анықтау кезде КҚ өндірушілермен немесе уәкілетті ұйымдармен әзірленген және бекітілген жөндеу және техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстардың еңбек сыйымдылығының нормасын қолдану қажет, бұл ретте егер бағдарламалық өнім қолданылса, онда қорытындыда оның лицензиялық мәліметтерін (лицензия нөмірі немесе электрондық кілт нөмірі) көрсету қажет.

Бояу, шешу/орнату, бөлшектеу/жинау, ауыстыру сияқты техникалық ықпал етудің еңбек сыйымдылығы, яғни зерттелетін автомобиль, сол марка, түрінде басым тәртібінде қолданылуы тиіс. Егер қандай да бір норма КҚ

кәсіпорыны-өндірушісімен қолданылмаған жағдайда ұқсас маркадағы КҚ үшін еңбек сыйымдылығының белгілі нормаларын қолдану қажеттілігі қарастырылмаған, алайда осы түрге арналған үлгінің техникалық ықпал етуі қарастырылған.

Шанақ бөліктерін жөндеу бойынша техникалық ықпал етудің еңбек сыйымдылығы КҚ кәсіпорын-өндірушісі мәліметтері бойынша қолданылады, егер бұл олармен қарастырылса. КҚ өндірушімен анықталған, жеңіл, жүк КҚ және автобустарға арналған шанақ бөліктерін жөндеу бойынша жұмыстардың еңбек сыйымдылығының нормативтері туралы мәліметтер болмаған жағдайда, (өндірілген бағдарламалық өнімдер немесе анықтамалар жарияланғандар), бұл нормативтерді анықтау былай жүргізіледі:

1) бағдарламалық кешендер ішінде орнатылған ретінде де, арнайы әдебиеттерде келтірілген ретінде де бөліктердің құрылымдық сипаттамасы, бұзылу сипаттамасы, бақылау ауданына байланысты шанақ бөліктерін жөндеу бойынша жұмыстардың еңбек сыйымдылығын анықтайтын формуланы қолданумен;

2) бөлік ауданына және пішін өзгеруінің қиын санатына байланысты еңбек сыйымдылығының үлкейтілген көрсеткіштерін қолданумен (4 қосымша);

3) ұқсас КҚ, оларды шығарушы елдерді есептеусіз, жұмыс еңбек сыйымдылығының нормативтері бойынша, бұл ретте 7 қосымшада жазылған ұсыныстарды есепке алу қажет.

Шанақ қиғаштықтарын жөндеу бойынша техникалық ықпал етудің еңбек сыйымдылығы Lada, VAZ, GAZ, ZAZ, IZH, UAZ маркалы автомобилдер және КҚ кәсіпорын-өндіруші деректері бойынша басқа өндірушілер үшін қолданылады.

Шанақ қиғаштықтарын жөндеу бойынша бекітілген нормалар болмаған жағдайда, көбіне шетел үлгісіндегі автомобилдер үшін (оның ішінде АҚШ елдері аумағында шығарылған), шанақ қиғаштықтарын жөндеу бойынша еңбек сыйымдылығы ұқсас зерттелетін КҚ үшін еңбек сыйымдылығының белгілі нормаларымен тең қолданылады, бұл ретте 7 қосымшада жазылған ұсыныстарды есепке алу қажет.

Егер құжатта немесе бағдарламалық кешенде жұмыс еңбек сыйымдылығының дереккөзінде позиция нөмірі (басқарушы нөмір) көрсетілген, қолданылған еңбек сыйымдылығында бұл нөмір есептеуде келтірілуі тиіс.

4.4.3. Техникалық қызмет көрсету және КҚ жөндеуде бір норма-сағаттың құнын анықтау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз қызметін жүзеге асыратын жөндеу- қайта қалпына келтіру жұмыстарын тиісті орынға жүргізу, автожөндеу қызметтерінің тауар нарығындағы географиялық шекара шегінде қолданылатын шаруашылық субъектілері (автожөндеу ұйымдары) арасында жүргізілетін статистикалық қадағалау әдісімен жүзеге асырылады. Орта құнды есептеу кезінде тауар нарығындағы шаруашылық субъектілерінің (автожөндеу ұйымдары) үлесі туралы ашық ақпарат дереккөздерінде болмаған жағдайда олар шартты түрде тең қолданылады.

Мұндай статистикалық қадағалау жүргізу мүмкіншілігі болмаған жағдайда, техникалық қызмет көрсету және КҚ жөндеуде бір норма-сағаттың құны №4.1. қосымшаға сәйкес бағалаушымен анықталады.

4.4.4. Жинаққа кірмеген жеке жұмыстардың құны, өңірлік нарықта туындаған бағаны ескере отырып, тікелей ақшалай ықпал етуді қолдануы мүмкін.

4.4.5. Есеп жүргізу кезінде бағалаушы КҚ технологиялық және конструктивтік ерекшеліктерін ескере отырып, жөндеу түрлерінің ықпал етуі және болжалды тәсілдері Тексеру актінде (егер бұл КҚ тексеру кезінде толтырылса) тіркелгендерді дәлелдеуі және өзгертуі мүмкін.

4.4.6. Қайта қалпына келтіре жөндеу құнын анықтау кезінде мынадаймамандырылған бағдарламалық өнімдерді қолдануға жол беріледі: «Нами-Сервис», «ПС: Комплекс», «Автобаза», «Автоэкспертиза», «Автонормы», «AutoCalc», «EurotaxRepairEstimate», «EurotaxEgis», «AUDATEX», «SilverDAT», «MITCHEL» және т.б.

5. КӨЛІК ҚҰРАЛЫНЫҢ ТАУАРЛЫҚ ҚҰНЫН ЖОЮ ШАМАСЫН АНЫҚТАУ

5.1. Тауар құнын жою апаттық бұзылу және соңынан жөндеу нәтижесінде көлік құралының нарықтық құнының қосымша төмендеуін түсіндіреді. Көлік құралының тауар құнының шығынын есептеу қажеттілігі, яғни көлік құралының мүлтсіздігі және ұзақ жарамдылығын төмендетумен, қызметтік және пайдалану сипаттамасының сыртқы (тауар) түрінің қайтымсыз өзгеруін бұзғаннан кейін КҚ қалпына келтіру бойынша жеке жөндеу түрлерін жүргізуге негізделген. Жөндеу жұмыстарын жүргізу салдарынан көлік құралының иесіне нақты материалдық шығын түрінде келтірілген залалдар әділ келтірілетін болады. Бұл ретте көлік құралының тауар құнын жою жүргізілген қайта қалпына келтіре жөндеудің қанағаттанарлықсыз сапасына байланысты емес.

5.2. ТҚ ЖКҚ қалпына келтіруге дейін, ол қалпына келтірілгеннен кейін оның апаттық бұзылу дәрежесін анықтау мүмкіншілігі жағдайында анықталады.

5.3. ТҚЖ КҚ үшін есептелуі мүмкін, оны тексеру кезінде төменде келтірілген жөндеу жұмыстарының бір түрін орындау қажеттілігі анықталды немесе оларды орындау анықталды:

- КҚ шанағының қиғаштануын жою;
- КҚ шанағының алынбайтын элементтерін ауыстыру (толық немесе жартылай);
- КҚ шанағының жеке (алынбалы немесе алынбайтын) элементтерін жөндеу (оның ішінде пластикалық қақпақ, қанат, есік, жүксалғыш қақпағы);
- КҚ шанағын және бамперлерінің сыртқы бетін толық және жартылай бояу;
- КҚ салонын толық бөлшектеу, зауыттық жиын сапасын бұзған.

5.4. Егер КҚ бұрын жөндеу жасалса, осы оқиғамен байланысты емес, болмашы бұзылу болса, немесе коррозия бұзылуы жайылса, сондай-ақ бұзылу кезінде КҚ пайдалану тозуының шамасы 35% асса немесе КҚ пайдалану мерзімі асса, ТҚЖ есептелмейді :

- жеңіл автомобилдер үшін 5 жыл;
- жүк автомобилдері және АҚШ өндірісінің автобустары үшін 1 жыл;

- жүктерді тасымалдауға арналған (ершікті тартпақ, борттық, фургон, жүкті өзі түсіретін, арнайы техника) және коммерциялық қолдануда табылған шетел өндірісінің жүк автомобилдері үшін 2 жыл, технологиялық үрдістерді қамтамасыз етуде көмекші қызмет жасайтындарды қоспағанда (жүк автомобилдерінің шассиында орналасқан жылжымалы шеберханалар, генераторлар және т.б.);

- технологиялық үрдістерді қамтамасыз етуде көмекші қызмет жасайтын және коммерциялық қолдануда табылған шетел өндірісінің жүк КҚ үшін кепілдік мерзім;

- маршруттық көлік құралы ретінде қолданылатын және жолаушыларды тасымалдау үшін арналған шетел өндірісінің автобустары үшін 3 жыл;

- жолаушыларды тасымалдауды және өкілдік және туристік мақсатта қолданатын шетел өндірісінің автобустары үшін 5 жыл, оның ішінде жеке пайдалану үшін табылған.

5.5. Тауар құнын жою шамасын есептеу.

5.5.1. КҚ бұзу кезінде ТҚЖ шамасы мына формула бойынша анықталады:

$$УТС = \frac{C_{да} \times \sum K_{УТСi}}{100\%}, \text{ тенге}$$

онда:

$C_{да}$ – өткен апаттық бұзылу кезіндегі КҚ нарықтық құны, теңге;

$K_{УТСi}$ – i - КҚ элементінің болжалды ықпал етуін сипаттау және тәсіліне байланысты ТҚЖ шамасын өзгерту коэффициенті.

5.5.2. $K_{УТСi}$ мәні КҚ барлық түрлері үшін 5 қосымшада келтірілген. Шетел өндірісінің автомобилдері үшін $K_{УТСi}$ коэффициентті таңдау кезде №2 жөндеумен жөндеу жұмыстарының еңбек сыйымдылығы 2-ден 4-ке дейін нормо-сағат, ал №3 жөндеумен 4 нормо-сағаттан жоғары сналады.

5.5.3. Сол бір жөндеу ықпалының әсер етуін қайта есепке алуды болдырмау мақсатында дәнекерлеу арқылы өзара түйіскен алынбайтын шанақ элементтерін ауыстыру «Ауыстыру» позициясы бойынша $K_{УТС}$ коэффициенттерінің сомасы осы элементтер үшін 20%-ға төмендейді.

5.5.4. КҚ алмалы бөлігін жөндеу кезінде жөндеу құнының сомасы (жөндеу үшін бөлшектеу құнын және жөндеу үшін бөліктерді шешу қажеттілігін қосқанда) және ТҚЖ шамасы (бояу салдарынан ТҚЖ есептеусіз) осы бөлік құнының сомасынан (пайдалану тозуын есепке алғанда) және оны ауыстыру бойынша жұмыс құнынан аспауы тиіс.

5.5.5. Шанақты (кабинаны) толық, сыртқы немесе жартылай бояу қажеттілігі кезінде КҚ үшін ТҚЖ есептеледі, шығарылған күннен бастап зауыттық лак-бояу жабыны: АҚШ елдері өндірісі КҚ үшін- 3 жылға дейін қосылған, шетел өндірісі КҚ үшін 5 жылға дейін қосылған (оның ішінде АҚШ аумағында шығарылған), коррозия немесе басқа да бұзылулар жоқ, оларды жөндеу үшін шанақ элементін немесе шанақты толық бояу талап етіледі.

5.5.6. ТҚЖ есептелмейді:

а) жеке элементтерді ауыстыру немесе жөндеу бойынша:

- қыздырусыз және жаңғыртусыз (№1 жөндеу) жөндеуді талап ететін, элементті болмашы бұзу;

- бұрын жөнделген (ауыстырылған) элемент немесе осы оқиғамен байланысты емес себептер бойынша жөндеуді (ауыстыруды) талап еткен оқиға нәтижесінде бұзылу;

б) бояу бойынша:

- бұзылған оқиға элементі нәтижесінде бұрын боялды немесе осы оқиғамен байланысты емес себептер бойынша бояу талап етілді (коррозия бұзылуы (бұзылу) немесе олардың іздері бар, апаттық емес сипаттағы бұзылу (кетік, сызат және т.б.), жөнделмеген бұзылу немесе өткен оқиғадан кейін осы элементті жөндеу (алмастыру) іздері);

- КҚ бұрын толық немесе сыртқы бояу жасалды немесе осы оқиғамен байланысты емес себептер бойынша бояу талап етілді.

6. КӨЛІК ҚҰРАЛЫН ЖОЮ КЕЗІНДЕ ЖАРАМДЫ ҚАЛДЫҚТАРДЫҢ ҚҰНЫН АНЫҚТАУ

6.1. Жарамды қалдықтардың түсінігі және олардың құнын есептеу үшін шарттар.

6.1.1. ЖКО, дүлей апат немесе басқа да сыртқы себептер нәтижесінде бұзылған көлік құралдарының жарамды қалдықтары белгілі сұраныммен нарықта қолданылатын бөліктерді (агрегаттар, тораптар) әрі қарай пайдалану үшін жарамды, дұрыс түсінігін білдіреді.

КҚ шешілген және іске жарайтын жарамды бөлшектерде тозу 60% аспауы және қызмет ету мерзімі 10 жылдан аспауы тиіс. Қызмет ету мерзімі 10 жылдан асатын немесе олардың тозуы 60% асатын бөлшектер үшін сынық құны бойынша жойылған қалдықтар құнын ғана есептейді.

6.1.2. Қалдықтар мынадай жағдайда жарамды деп саналады:

- бөліктің бүтіндігін бұзатын (агрегаттың, тораптың) және тауар, агрегат (торап) түрінде бұзылуы жоқ, бұған қоса, жұмысқа жарамды күнде болуы тиіс;

- көлік құралын өндірушімен қарастырылмаған, құрылысында, пішінінде, бүтіндігінде және бөлік геометриясында (агрегат, торап) өзгеріс жоқ;

- бұрын жүргізілген жөндеулердің белгілері, яғни түзету, тегістеу іздері, тегіштегіш іздері және т.б. жоқ.

6.2. Жарамды қалдық құнын есептеу

6.2.1. Жарамды қалдықтар құны аса ықтимал құн ретінде түсіндіріледі, олар сатар алдындағы шығынды (яғни, бөлшектеуге, ақау іздеуге, сақтауға және т.б. шығын) және іске асыру кезіндегі сауда шығынын есепке ала отырып, нарықта іске асырылуы мүмкін.

6.2.2. апаттық жағдайдағы ұқсас автомобилдерді сату немесе сатуға ұсыныс жасау туралы деректер болған кезде жарамды қалдықтардың құны салыстырмалы тәсілдеме әдістері арқылы анықталады (3 тарауды қара). Болмаған жағдайда

жарамдық қалдықтардың құны 6.2.3 т. сәйкес анықталады.

6.2.3. КҚ жарамды қалдықтарының (агрегаттар және тораптар) нарықтық құны мына формула бойынша анықталады:

$$C_{zo} = Ц \times K_3 \times K_6 \times K_{on} \times \sum_{i=1}^n \frac{C_i}{100}, \text{ теңге};$$

Онда, Ц –жарамды қалдықтар құнын анықтау кезінде бұзылмаған түрдегі КҚ құны;

K_3 – ақау іздеу, бөлшектеу, сақтау, сату шығындарын есептейтін коэффициент, K_3 коэффициенті жеңіл базада жеңіл, аз тонналы жүкавтомобилдері үшін 0,7 тең және мототехника –жүк автомобилдері үшін 0,6 тең қолданылады;

K_6 –бұзылу және бұзылмаған бөліктерге оның сұранымы кезінде АМТС пайдалану мерзімін есептейтін коэффициент;

K_{on} –автомобилдің механикалық бұзылу көлемін (дәрежесін) есептейтін коэффициент.

C_i –автомобиль құнына бұзылмаған элементтер құнының пайыздық қатынасы (салмағы) %.

Есеп б қосымшаны қолданумен жүргізіледі.

C_i жеңіл базада автомобиль құнына жеңіл және аз тонналы жүк автомобилдері үшін 6.1 кестені қолданумен, жүк автомобилдері үшін 6.2 кестені қолданумен және мотоцикл және мопедтер үшін 6.3 кестені қолданумен

n – бұзылмаған элементтердің саны (агрегаттар, тораптар);

6.1-6.3 кесте қосымшасына сәйкес бөліктер топтарын (мысалға, алдыңғы аспа) жартылай бұзу кезінде бұл бұзылулардың пропорционалды көлемі C_i мәнін қабылдау қажет

«Жарамды қалдықтар» құнын анықтау кезінде АМТС пайдалану мерзімін есептейтін K_6 коэффициент шамасы, сондай-ақ бұзылмаған бөліктерге сұраным 6.4 кестеге сәйкес анықталады.

Автомобилдің (K_{on}) механикалық бұзылу көлемін (дәрежесін) есептейтін коэффициент шамасы 6.5 кестеге сәйкес анықталады.

6.3. КҚ жарамды қалдықтарының құнын есептеу.

6.3.1. Жарамды қалдықтарды есептеу кезінде тексерістің негізгі мақсаты бұзылған бөліктер (агрегаттар, тораптар) дәрежесін және номенклатурасын анықтау болып табылады, олар бұзылған көлік құралының жарамды қалдықтарына жатуы мүмкін .

6.3.2. Көлік құралы тексеріске ЖКО кезіндегі жағдайға, түрге сәйкес өзгертілмей ұсынылуы тиіс. Сараптамаға ұсынылған көлік құралдарының қалдықтары осы көлік құралына тиесілі ретінде бір мағыналы сәйкестендірілуі тиіс.

6.3.3. Жарамды қалдықтарды бағалау үшін көлік құралын сараптамалық тексеру көлік құралының және оның жеке агрегаттарының техникалық жағдайын аспаптық бақылау құралдарын тарта отырып, жүргізу ұсынылады.

6.3.4. Әрі қарай пайдалануға жатпайтын КҚ қалдықтары олардың жинақтамасына кіретін сынық, қара және түсті металдар құнымен анықталады. Сондықтан қазіргі уақытта металл сынығына тапсыру үшін жеңіл автомобилді бөлшектеу, ақау шығыны, металл сынығына тапсыру және металл сынығына қабылдауға дейін жеткізу құны, қағида бойынша автомобиль жинағындағыларды металл сынығына тапсыруға болатын құннан асады, жеңіл автомобиль үшін әрі қарай пайдалануға жатпайтын қалдықтардың құны есептелмеді.

ҚОСЫМШАЛАР

**2- тарауға 1-қосымша.
КК тозуын анықтау**

1.1 кесте

КК жылы мен жол жүрісіне байланысты функцияларды есептеуге арналған көрсеткіштер

р/с №	КК санаты (түрі)	КК маркасы	a	b
1	Жеңіл автомобильдер	BA3 (Lada), ГАЗ, ЗАЗ	0.057	0.0030
		Brilliance, BYD, Chery, Derways, FAW, Geely, Great Wall, Hafei, Haima, Lifan, Luxgen, Xin Kai	0.057	0.0029
		Aston Martin, Bentley, Bugatti, Ferrari, Jaguar, Maserati, Porsche Audi, BMW, Mercedes- Benz, Mini, Rover Alfa Romeo, Citroen, Fiat, Ford, Opel, Peugeot, Renault, Saab, SEAT, Skoda, Volkswagen, Volvo	0.042	0.0023
		Acura, Buick, Cadillac, Chevrolet, Chrysler, Dodge, Hummer, Infiniti, Jeep, Lexus, Lincoln, Mercury, Pontiac	0.045	0.0024
		Hyundai, Kia, Ssang Yong, Daewoo	0.052	0.0026
		Daihatsu, Honda, Isuzu, Mazda, Mitsubishi, Nissan, Subaru, Suzuki, Toyota	0.049	0.0025
тежеуіш машинка жиынтықта (иінтірек, басты тежеуіш цилиндр, бачок), акселератор жетегі, рөлдің оң тұтқасында басқару пульты, теңестіргіш жүк	1.50	3.00
Ілінісу машинка жиынтықта (иінтірек, ілінісу цилиндр, бачок, жетек шлангтары немесе тростары), рөлдің сол тұтқасында басқару пульты, теңестіргіш жүк	1.50	
Тежеуіш жүйесі		
Алдыңғы доңғалақтың тежеуіш жүйесі (диск, суппорт, шлангтар), 1 жинақталымға	2.00	4.00
Артқы доңғалақтың тежеуіш жүйесі (диск, суппорт, шлангтар)	1.50	4.00
abs блогы	1.50	
Жүргізушінің сол жақ баспалдағы жиынтықта кронштейн және берілісті ажыратып қосқыш иінтірегімен	1.00	—
Жүргізушінің оң жақ баспалдағы жиынтықта, артқы тежеу иінтірегімен, тежеуіш цилиндры және бачокпен	1.50	—
Жолаушылар баспалдағы жиынтығы кронштейнмен	1.50	—

Агрегат, торап, бөлшек атауы	АМКК зақымдалмаған элементтері бағасы зақымдалмаған түрде АМКК бағасына пайыздық ара салмағы (Сi)	
	Мотоциклдер	Мопедтер, скутерлер
Мотоциклдің бүйір баспалдағы (тірегі)	0.50	1.00
Бак отынды металдан жиынтықта (сорғышпен, қақпақпен, жапсырмалармен және басқ.)	3.50	-
Бак отынды пластиктен жиынтықта (сорғышпен, қақпақпен және басқ.)	2.00	4.00
Ер тоқым (барлығы)	0.60	3.00
Құрылғылар панелі	3.20	5.00
Жарықтандыру құрылғылары		
Алдыңғы оптика	1.50	3.00
Артқы шам	0.50	1.00
Алдыңғы немесе артқы бұрылыс көрсеткіштерінің жиынтығы (1 жиынтық)	0.50	1.00
АКБ	0.20	1.00
Қанат алдыңғы	0.60	2.00
Артқы хагер (артқы қанат)	0.20	-
Артқы көрініс айнасы (1 бірл.)	0.30	1.00
Айналап ағу		
Желдеткіш тереземен алдыңғы айналып ағу	2.00 ¹	9.00
«нейкед» сыныпты мотоциклде алдыңғы жел шағылысу маңдайшасы	0.50 ¹	
Бүйір айналап ағу жиынтықта (1 жаққа)	2.00 ¹	9.00
Қозғалтқыштың төменгі айналып ағуы	1.50 ¹	
Соңғы бөліктің қаптамасы жиынтықта (нөмір ұстағышты қоса)	1	9.00
Өзге есепке алынбаған бөлшектер (ұсақ қаптама бөлшектері, дыбыс белгісі, электр жүйе элементтері, слайдерлер, қорғаныс доғалар, жүк салғыш кофр мен оларды бекітуге кронштейндер	4.00	5.00

¹ – көмірталшығынан әзірленген бөлшектерге арналған (табиғи карбон, кевлар), жоғарыңқы коэффициент қолданылады $K_1 = 2$;

6.4 кесте.

КК пайдалану мерзімін есептейтін коэффициент мағынасы K_v

Автомобильді пайдалану мерзімі, жыл	Жеңіл автомобильдер мен мототехника базасында жеңіл, шағын тоннажды, жүк автомобильдерінің K_v мағынасы	Жүк автомобильдерінің K_v мағынасы
0–5 (қоса)	0.80	0.80
6–10 (қоса)	0.65	0.60
11–15 (қоса)	0.55	0.50
16–20 (қоса)	0.40	0.35
20 жылдан астам	0.35	0.30

6.5 кесте.

Автомобильдің механикалық зақым көлемін (деңгейін) есептейтін $K_{оп}$ коэффициентінің мағынасы

Механикалық зақым көлемі	Зақымдалмаған элементтер бағасының автомобиль бағасына ара салмағы, C_i , %	Механикалық зақым көлемін $K_{оп}$ есептейтін коэффициент мағынасы
Маңызды емес	80–100	0.9–1
	60–80	0.8–0.9
Орташа	40–60	0.7–0.8
	20–40	0.6–0.7
Маңызды	0–20	0.5–0.6

Анықтамалық. КҚ әр түрлеріне ұқсастарын таңдау әдістемесі.

Көлік құралдары ұқсас немесе бір немесе бірнеше тұтынушылық қасиеттері (тағайындалуы, техникалық және пайдаланушылық сипаттамасы және т.б.), бойынша бір бірінен сәл айырмашылығы болса ұқсастық болып табылады.

Ұқсастарды таңдаған кезде сол елдің және өндіруші фирманың КҚ артықшылық беру қажет. Төменде ұқсастарды таңдау кезінде пайдаланатын негізгі ең маңызды көрсеткіштер атап өтілді. Көрсеткіштер тізімі міндетті болып табылады және шешілетін тапсырмаға сәйкес өзгертілуі мүмкін.

1. Мотоциклдер мен мопедтер.

Мотоциклдер мен мопедтерге ұқсастар келесі көрсеткіштер бойынша таңдалады:

- тағайындалуы (жол, спорттық, арнайы және т.б.);
- сыныбы (аса шағын, шағын, орта, үлкен);
- жабдықталған салмағы;
- қозғалтқыш көлемі;
- қозғалтқыш қуаты;
- доңғалақ формуласы;
- отынның пайдаланушылық шығыны;
- ресурс;
- арбаны қосу мүмкіндігі;
- беріліс қорапша типі (механикалық, автоматты және т.б.);
- жинақталымы.

2. Жеңіл автомобильдер.

Жеңіл автомобильдерге ұқсастар келесі көрсеткіштер бойынша таңдалады:

- тағайындалуы (коммерциялық, коммерциялық емес, арнайы және т.б.);
- толық салмағы;
- габариттері;
- сыныбы (аса шағын, шағын, орта, үлкен);
- шанақ типі (седан, хэтчбек, универсал, кабриолет, родстер және т.б.);
- жетек типі (артқы, алдыңғы, толық және т.б.);
- қозғалтқыш қуаты;
- қозғалтқыш көлемі;
- отын түрі (бензин, диз.отын, газ және т.б.);
- отынның пайдаланушылық шығыны;
- ресурс;
- беріліс қорапша типі (механикалық, автоматты және т.б.);
- жинақталымы.

3. Автобустар.

Автобустарға ұқсастар келесі көрсеткіштер бойынша таңдалады:

- тағайындалуы (қалалық, қала маңында, жергілікті қатынау, қаларалық, туристік және т.б.);

- толық салмағы;
- габариттері;
- отыруға орын саны;
- доңғалақ формуласы;
- қозғалтқыш қуаты;
- қозғалтқыш көлемі;
- отын түрі (бензин, дизельдік отын, газ және т.б.);
- отынның пайдаланушылық шығыны;
- ресурс;
- беріліс қорапша типі (механикалық, автоматты және т.б.);
- жинақталымы.

4. Жүк автомобильдері

Жүк автомобильдеріне ұқсастар келесі көрсеткіштер бойынша таңдалады:

- тағайындалуы (ортақ, мамандандырылған, арнайы және т.б.);
- толық салмағы;
- автопоездың толық салмағының шегі;
- жүк көтергіштігі;
- шанақ типі;
- доңғалақ формуласы;
- қозғалтқыш қуаты;
- қозғалтқыш көлемі;
- отын түрі (бензин, дизельдік отын, газ және т.б.);
- отынның пайдаланушылық шығыны;
- ресурс;
- габариттері;
- доңғалақ базасы;
- жинақталым сұлбасы (капоттық, жартылай капоттық және капотсыз);
- кабина типі (отыратын орындардың бір немесе бірнеше қатарымен, ұйықтайтын орын бар болуы);
- жүк кеңістігінің мөлшері;
- қосымша жабдықпен жинақталымы;
- қосымша жабдықтың негізгі сипаттамасы.

5. Тіркемелер мен жартылай тіркемелер.

Тіркемелер мен жартылай тіркемелерге ұқсастар келесі көрсеткіштер бойынша таңдалады:

- тағайындалуы (ортақ, мамандандырылған, арнайы және т.б.);
- толық салмағы;
- осьтер саны;
- ресурс;
- шанақы типі;
- жүк кеңістігінің мөлшері;
- қосымша жабдықпен жинақталымы;
- қосымша жабдықтың негізгі сипаттамасы.

8-қосымша.

Анықтамалық. КҚ шанақ қиғаштығының жіктелуі.

Шанақ қиғаштығы – ойықтардың (терезе, есік, капот, жүк салғыш қақпағы) геометриялық параметрлерін шектен тыс, сондай-ақ күштік агрегатты бекітудің базалық нүктелерінің орналасқан жерін, ілмектерді (көпірлер), негізгі шанақтың қаңқа негізінде трансмиссия тораптарының бұзылуы.

Шанақ қиғаштығын жою - ойықтардың (терезе, есік, капот, жүк салғыш қақпағы), лонжерондардың, салон қаңқасы мен шасси тораптарын бекітудің негізгі нүктелерін қалпына келтіру.

Қиғаштықтардың іріленген классификациясы

№	Қиғаштық типі	Основные виды перекосов, относящихся к данному типу
1	Шағын күрделілік қиғаштығы	1.1. Бір бүйір есік ойығының қиғаштығы 1.2. Желдеткіш терезе ойығының қиғаштығы 1.3. Артқы терезе ойығының қиғаштығы 1.4. Капот ойығының қиғаштығы 1.5. Жүк салғыш қақпағы ойығының қиғаштығы (артқы есік) 1.6. Алдыңғы фараның отыратын орынның қиғаштығы (радиатор рамасының бүйір бөлігі)
2	Орташа күрделілік қиғаштығы	2.1. Капот және жүк салғыш қақпағы ойығының біруақытылы қиғаштығы (артқы есік). 2.2. Артқы жетекті автомобильдерге арналған шанақ қаңқасының геометриясын бұзуынсыз алдыңғы лонжерондар қиғаштығы. 2.3. Артқы жетекті автомобильдерге арналған шанақ қаңқасының геометриясын бұзуынсыз артқы лонжерондар қиғаштығы 2.4. Алдыңғы жетекті автомобильдерге арналған шанақ қаңқасының геометриясын бұзуынсыз артқы лонжерондар қиғаштығы
3	Көтеріңкі күрделілік қиғаштығы	3.1. Шанақ қаңқасының геометриясын бұзуынсыз артқы және алдыңғы лонжерондардың біруақытылы қиғаштығы 3.2. Шанақ қаңқасының геометриясын бұзуынсыз алдыңғы жетекті автомобильдерге арналған алдыңғы лонжерондар қиғаштығы 3.3. Шанақ қаңқасының қиғаштығы 3.4. Шанақ қаңқасының қиғаштығы 3.5. Шанақтың сол немесе оң жақ орталық тірегі аумағында төбе панеліндегі майысу (немесе екі жақ бойынша біруақытылы)
4	Аса күрделілік қиғаштығы	4.1. Алдыңғы лонжерондар мен шанақ қаңқасының біруақытылы қиғаштығы (немесе салонның) 4.2. Артқы лонжерондар мен шанақ қаңқасының біруақытылы қиғаштығы (немесе салонның). 4.3. Артқы және алдыңғы лонжерондар мен шанақ қаңқасының біруақытылы қиғаштығы (немесе салонның)

Көлік құралын тексеру барысында келесі фактілер анықталған жағдайда көлік құралдарының жеке элементтерін бояу бойынша жұмыстар тағайындалмайды:

- зақымдалғанға дейін бүкіл элементтерде бояу болмаған жағдайда;
- зақымдалғанға дейін элемент зақымдалу аумағында бояу болмаған жағдайда;

- зақымдалғанға дейін элемент бояуы көлік құралының базалық бояуына сай болмаса (белгіленген тәртіпте реттелген көлік құралын арнайы графикалық ресімдеу немесе автомобильдік аэрография жағдайлардан басқа);

- зақымдалған элементте зақымдалу аумағында тесіп өткен коррозиялар іздері болған жағдайда.

Зақымдалған элементте тесіп өткен коррозия іздері зақымдалу аумағынан тыс болса элементтің зақымдалған аумағына ғана бояу тағайындалады.

Зақымдалу түріне байланысты элементтің ішінара немесе толық боялуы, көлік құралының сыртқы немесе толық боялуы тағайындалады. Көлік құралын бояу түрлерінің сипаттамасы мен шарттары 9.1 кестеде көрсетілген.

Бояуға қолданылатын материалдар құрамына сыр (эмаль), мөлдір лак, тегістегіш, бітеуіш, тесік толтырғыштар, тастан қорғаныс мастика (түйіршіктерге қарсы төсем), қатайтқыш және еріткіш, тегістегіш тері, тазалағыш және қосалқы құралдар, боялмайтын беттерді жабуға арналған материалдар, респираторлар, сүрткіш материал кіреді.

9.1 кесте: Бояу түрлерін тағайындау бойынша ұсынымдар

р/с №	Бояу түрлері	Сипаттамасы	Тағайындау шарттары
1	Көлік құралы элементін ішінара бояу	Көлік құралы элементінің сыртқы және ішкі бетін ішінара бояу	1. КҚ шығарушы кәсіпорынның ұсынымы бойынша 2. Шығарушы кәсіпорынның ұсынымы болмаған жағдайда: <ul style="list-style-type: none"> • зақымдалу көлемі элемент көлемінің 25 % астам болмаған жағдайда; • элементте бояудың анық шегін жасау мүмкіндігі болғанда (ескі және жаңа жабын шегін бояу мен жасыруға дейін мүмкіндігі болуының қыры бар болғанда)

9.1 кесте жалғасы

2	Көлік құралының элементін толық бояу	Көлік құралы шанағы элементінің сыртқы және ішкі бетін толық бояу	<p>1. Зақымдалған элементті алмастыру кезінде орнатылатын жаңа элементті бояу (дәнекерленетін немесе алмалы).</p> <p>2. Дәнекерлеуге, тегістеуге, түзетуге ұшыраған элементтерді (ұштасқан бөлшекпен оларды бөлудің көрінетін сызығына дейін), сондай-ақ боялған беті дәнекерлеу кезінде зақымдалып ұштасқан элементтерді бояу</p>
3	Көлік құралының сыртқы бояуы	Мотор бөлігін, жүк салғышын, салонды; капоттың ішкі беттерін, есіктерді, жүк салғыш қақпағын (артқы есікті), есіктер бүйірін, есік ойықтарын, жүк салғыштың ағын арналарын бояуынсыз көлік құралының сыртқы бетін бояу	<p>Келесі шарттардың біруақытылы орындалуы:</p> <ul style="list-style-type: none"> • жөндеуге жататын көлік құралының маркасын (моделін, модификациясын) жөндеу бойынша шығарушы кәсіпорынның нормативтік-техникалық құжаттамасымен көлік құралының сыртқы бояуы бойынша жұмыстарды жүргізу қарастырылған • алмалы емес элементтердің ғана көлемін қосатын көлік құралының сыртқы боялатын бетінің 50 % астам көлемін бояу қажет
4	Көлік құралын толық бояу	Көлік құралының сыртқы бетін, сондай-ақ мотор бөлігін, жүк салғышын, салонды; капоттың ішкі беттерін, есіктерді, жүк салғыш қақпағын (артқы есікті), есіктер бүйірін, есік ойықтарын, жүк салғыштың ағын арналарын бояу	<p>Келесі шарттардың біруақытылы орындалуы:</p> <ul style="list-style-type: none"> • жөндеуге жататын көлік құралының маркасын (моделін, модификациясын) жөндеу бойынша шығарушы кәсіпорынның нормативтік-техникалық құжаттамасымен көлік құралының толық бояуы қарастырылған • көлік құралы боялатын бетінің 50 % астам емес көлемін толық бояу
5	Автомобильдік аэрография	Суретті толық қалпына келтіру немесе зақымдалған элементтердегі бөлікте	Зақымдалған элементтерде автомобильдік аэрографияның бар болуы

Анықтамалық. Терминдер мен анықтамалар.**А**

АПАТ – штаттық емес жағдай салдарынан, сондай-ақ пайдалану ережелерін бұзған кезде КҚ немесе оның жинақталымдарының зақымдалуы (ЖКО, сыртқы күш әсері және т.б.).

АПАТТЫҚ – зақымдалған.

АВТОМОБИЛЬДЕР – рельссіз жолдар бойы адамдар мен жүктерді тасымалдауға арналған өздігінен жүретін көлік құралдары; келесіге бөлінеді:

- жеңіл автомобильдер — адамдар мен жүктерді тасымалдауға арналған автомобильдер.
- автобустар — жолаушыларды тасымалдауға арналған көп орынды автомобильдер;
- жүк автомобильдері –жүктерді тасымалдауға арналған автомобильдер; тракторлардан мүмкіндігі тым жоғары қозғалыс жылдамдығымен айырмашылығы бар;

АВТОПОЕЗД — тіркеме (тіркемелер) тіркелген механикалық көлік құралы.

АГРЕГАТ – тораптар мен бөліктерден тұратын көлік құралы құрамында немесе өздігінен белгілі функцияны орындайтын аяқталған (тұтастай жинақталған) механизм.

АКТИВ(тер) – жылжымалы және жылжымайтын мүлікті белгілеу үшін пайдаланатын термин; кәсіпорын меншігінде немесе оның иелігіндегі ресурс және болашақта одан кәсіпорын үшін экономикалық пайда күтілу мүмкін.

АМОРТИЗАЦИЯ - 1. (depreciation – құнсыздану, тозу) тозу, ескіруден актив құнының жоғалуы; 2. (amortization - өтеу) өндірілетін өнім немесе қызмет көрсетуге шығындарды есептен шығару жолымен сатып алу шығындарын дүркіндік өтеу; 3. пайдалану салдарынан физикалық және моральдық тозу, сондай-ақ технологиялық ресурсты өңдеу нәтижесінде объектің алғашқы құн төмендеу.

ТАЛДАУ – кез келген заттың жеке жақтарын, қасиеттерін, құрама бөліктерін қарастыру жолымен зерттеу әдісі.

ҰҚСАСТЫҚ – ұқастықты таңдау тапсырысы бойынша бір немесе бірнеше тұтынушылық қасиеттер (тағайындалуы, техникалық және пайдаланушылық сипаттамалар және т.б.) бойынша бір бірінен сәл айырмашылығы бар болса немесе ұқсастық болса көлік құралдар ұқсастық болып табылады.

Б

КҚ БАЗАСЫ - алдыңғы немесе артқы ось (екі осьті КҚ) немесе арбашық ортасы (үш осьтік КҚ) арасындағы ара қашықтық.

БАЛАНСТЫҚ БАҒА – ұйым балансында көрсетілетін және негізгі құралдар есебінің ережелері бойынша қабылданатын көлік шығындарын қоса объекті сатып алуға толық шығындар.

В

КӨТЕРІЛУ – лак сыр жабын немесе дөңестік түрінде созымды конструктивтік материалдардың зақымдалуы.

ТҮР – түрлер, тип.

СЫРТҚЫ ЕСКІРУ - экономикалық ескіруді қараңыз.

МАЙЫСУ – элемент материалының қалдық майысу салдарынан пайда болатын беттің ішіне майысуымен сипатталатын КҚ конструктивтік элементінің әр түрлі формасы мен мөлшерлерінің зақымдалуы.

ЖҮРГІЗУШІ – қандай да болмасын көлік құралын басқаратын тұлға, жол бойы жүк артатын, салтты жануарлар мен табынды айдап келе жатқан айдаушы. Жүргізушіге көлік жүргізетін адам теңестіріледі.

ҚАЛПЫНА КЕЛТІРЕТІН ЖӨНДЕУ – зақымдалуға дейін тікелей бар болған көлік құралының техникалық сипаттамаларын және оның тұтынушылық қасиеттерін қалпына келтіруге қажетті жұмыстар кешені.

ҚОСАЛҚЫ МАТЕРИАЛ – өндіріс процесіне қажетті, бірақ түпкілікті өнімге заттай нысанда кірмейтін материал (КҚ жөндеу кезінде: еріткіш, шайғыш және т.б.).

ІРКІТЕУ – зерттеуге арнайы түрде іріктелген көптеген объектер.

АДЫРАҚ - элемент материалының қалдық адырақ салдарынан пайда болатын беттің сыртқа шығып тұруымен сипатталатын КҚ конструктивтік элементінің әр түрлі формасы мен мөлшерлерінің зақымдалуы.

Г

НЕГІЗГІ ЖИЫНТЫҚ – тапсырылған шарттарды қанағаттандыратын зерттеу объектілерінің жиынтығы, оның ішінен зерделеуге объектілер іріктеледі (іріктеме, репрезентативтік іріктеме).

ЖАРАМДЫ ҚАЛДЫҚТАР - қалдық құны бар жарамды КҚ бөліктері, тораптары мен агрегаттары, зақымдалған автокөлік құралынан қайта бөлшектеп сатуға немесе әрі қарай пайдалану мүмкіндігі бар.

ЖҮК КӨТЕРГІШТІГІ - тасымалдауға осы көлік құралы есептелген жүк салмағы; көлік құралының негізгі пайдаланушылық сипаттамасы.

Д

ЗЕРТЕТУ КҮНІ - зерттеу объектісінің бағасы немесе қалпына келтіретін жөндеу бағасы белгіленген күн.

КҚ ШЫҒАРЫЛҒАН КҮНІ – шығарушы зауыт КҚ өндірісін аяқтау күні («КҚ» өнімінің бірлік өндірісіне байланысты барлық технологиялық және әкімшілік процестерін аяқтау күні). Шығарылу күнін модельдік жылдан айыру қажет.

КҚ ПАЙДАЛАНУЫН БАСТАУ КҮНІ – КҚ пайдалануға рұқсат етілген күні (КҚ пайдалануға рұқсат алады, мысалы: техникалық паспортты, көлік құралы паспортын немесе басқа да тіркеу құжатын беру күні).

БӨЛШЕКТЕУ - элементті (агрегат, торап, бөлік) немесе оның құрастырмалы бөлігін КҚ орнату орнынан алу.

БӨЛІК – құрастыру операцияларынсыз әзірленген автомобильдің құрастырмалы бөлігі.

АҚАУ – құрастыру қателері, өндірістің технологиялық процесін немесе жөндеу әлде пайдалану ережелерін бұзу салдарынан шығарушы зауыттың нормативтік-техникалық талаптарына жетіспеушілік, сәйкессіздік.

МАҢЫЗДЫ АҚАУ - тағайындалу және (немесе) ұзақ уақыт пайдалануға маңызды ықпал ететін, бірақ өте қиын болып табылмайтын ақау.

ӨТЕ ҚИЫН АҚАУ – өнімді тағайындалу бойынша пайдалану жалпы мүкінсіз болатын ақау.

АЗ МАҢЫЗДЫ АҚАУ – өнімді тағайындалу және ұзақ уақыт пайдалануға маңызды ықпал етпейтін ақау.

ПШІНІНҢ ӨЗГЕРУІ – салмағы өзгеруінсіз сыртқы ықпал немесе ішкі шиеленісу салдарынан дене пішіні мен мөлшерлерінің өзгеруі (бөліктер, конструкциялар). Ең қарапайым түрлері – созылу, қысылу, майысу, бұрмалану.

БЕТ ПШІНІНІҢ ӨЗГЕРУІ – оның салдарынан майысу, адырақтар пайда болады.

ТЕРЕҢ ПШІННІҢ ӨЗГЕРУІ – оның салдарынан қаттылық қырларының қатпарлары, созылымдары, сынулары, жарықтар, үзілістер, фрагменттер бөлінуімен материал тұтастығының бұзылуы немесе біріктірілуі пайда болады.

ЖАЛПЫ ДИАГНОСТИКА ЖАСАУ - нақты ақаулылықты анықтауынсыз (жұмыс қабілеті бар немесе жұмыс қабілеті жоқ) жалпы техникалық қалпын сипаттайтын параметрлер бойынша КҚ (агрегат) жүйелеріне диагностика жасау.

ҚОСЫМША ЖАБДЫҚ – жеке тапсырыс бойынша осы серияның барлық КҚ шығарушы зауыт орнататын жабдық, сондай-ақ сериялық жабдықтан басқа КҚ пайдалану процесінде орнатылған жабдық.

ЖОЛ-КӨЛІК ОҚИҒАСЫ – көлік құралы жол бойынша қозғалу процесінде және оның қатысуымен туындап, адамдар өліп немесе жарақат алған, көлік құралдары, құрылыстар, жүктер зақымдалған немесе өзге де материалдық зиян келтірілген кездегі оқиға

ТАБЫС – таза табысты қараңыз.

ПАЙДАЛЫ ТАБЫС – бағалау объектісінен күтілетін табыс белгіленуімен негізделген бағалау объектісі құнын бағалау әдістерінің жиынтығы.

З

СЫДЫРУ - 1. бет материалының бұзылуына әкеп соққан зақым. 2. алыну және (ішінара немесе толық) немесе үзілу түрінде және материалының ұсақ бөлшектері мен фрагменттерінің әрі қарай ығысып, ізді қабылдағыш бет қабатының зақымдалуымен сырғанау іздері.

ШЫҒЫН - тауарды немесе қызмет көрсетуді құру немесе өндіру үшін талап етілетін ақшалай сома.

ҰДАЙЫ ӨНДІРІС ШЫҒЫНЫ – ұқсас жаңа объекті құруға шығын.

ОРЫНДЫ АЛМАСТЫРУ ШЫҒЫНЫ – ұқсас жаңа объекті құруға шығын.

ШЫҒЫНДЫҚ ТӘСІЛ – тозуын ескере отырып, бағалау объектісін қалпына келтіру немесе орнын алмастыруға қажетті шығындарды белгілеуде негізделген зерттеу объект құнын анықтау әдістерінің жиынтығы.

И

СӘЙКЕСТЕНДІРУ – ұқсастықты тану, объектер ұқсастығы, тану.

СӘЙКЕСТІЛІК – бірдененің бірдеңемен ұқсастығы, ұйқастығы.

СӘЙКЕСТЕНДІРУШІЛІК НӨМІР (VIN) – шығарушы зауыт КҚ иемдеген Бірегей 17 таңбалы нөмір.

КҚ СӘЙКЕСТЕНДІРУ – ішіне кіретін кешендік зерттеу:

1) көлік құралының маркасын, моделін, модификациясын белгілейтін конструктивтік, функционалдық және пайдаланушылық сипаттамаларын анықтау;

2) КҚ туралы ақпаратты ашу мақсатымен КҚ агрегаттарында таңбалау белгілеуін зерттеу;

3) КҚ-да таңбалау белгілеуінің ілеспе құжаттары жазбаларымен сәйкестілігін анықтау (тіркеу /құқық анықтайтын) құжаттар.

КҚ ОРНАТЫЛҒАН ЖАБДЫҚТЫ СӘЙКЕСТЕНДІРУ – келесі кезеңнен тұратын зерттеу:

1) функционалдық тізім бойынша КҚ-ға орнатылған жабдық тізімін анықтау;

2) жабдық моделі мен шығарушысын анықтау.

ҰҚСАС – Ұқсастықты қараңыз.

ТОЗУ – объект бағалауына қатысты, тозу пайдалану немесе ұзақ уақыт сақтау (физикалық тозу) салдарынан бағалау объектісі құнын жоғалтуды белгілейді; тым жетілдірілген конструкцияларды шығаруға әкеп соққан ғылыми-техникалық прогресс дамуы (функционалдық ескіру немесе моральдық тозу); тұтынушылар сұранысының өзгеруі (экономикалық немесе сыртқы ескіру).

ФИЗИКАЛЫҚ ЕСКІРУ – беттер мөлшерлерінің, формаларының немесе қалпының өзгеруі, пайдалану, апат немесе ұзақ сақтау процесінде материалдардың физика-механикалық, химиялық, электр техникалық қасиеттерінің өзгеруі;

- табиғи (қалыпты) - объекті дұрыс пайдалану (шығарушы зауыттың ұсынымдарын сақтау кезінде) және сақтау кезінде туындайтын тозу;

- апаттық тозу – штаттан тыс оқиға (ЖҚО және т.б.), сондай-ақ пайдалану ережелерін бұзу салдарынан туындайтын тозу.

МОРАЛЬДЫҚ ТОЗУ (функционалдық ескіру) – жаңа, конструктивтік тым жетілдірілген ұқсас объектердің пайда болуынан объект құнының жоғалуы.

ОБЪЕКТІҢ ТҰТЫНУШЫЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІНІҢ ӨЗГЕРУІ – зауыттық жағдайлардан тыс қалпына келтіру жөндеу (нүктелік электр дәнекерлеу орнына электр газбен дәнекерлеу, фосфотациясыз және электр фрезсіз және т.б.) салдарынан жеке тораптар мен бөліктердің де жалпы көлік құралының да, қосылымдары мен қорғаныс жабындары сыртқы пішіні, техникалық сипаттамалары нашарлануы, ресурс төмендеуі (қызмет мерзімі). Қалпына келтіру жөндеуі кезінде автомобильге көлік құралына сапасы ғана қайтарылады, ал оның құны мүлік ретінде қалпына келтірілмейді.

ТҮЗУ ҚАЛЫП (ТҮЗУЛІК) – шығарушының нормативтік-техникалық құжаттамамен белгіленген барлық талаптарға сай келетін объект қалпы.

ЗЕРТТЕУ - 1. ғылыми зерделеуге салу. 2. бірдеңені анықтау, зерделеу үшін тексеру (қарау).

К

САПА – затты басқа заттардан айырып, белгілік беретін маңызды белгілер, қасиеттер, ерекшеліктер жиынтығы.

ЖӨНДЕУ САПАСЫ – жөндеуден кейін КҚ техникалық сипаттамаларының, сыртқы пішіні мен интерьерінің нормативтік құжаттама талаптарына сәйкестілігі (сәйкессіздігі).

ЖҰМЫСТАР КЕШЕНІ – операциялар жиынтығы (біреуден кем емес).

ЖИНАҚТАЛЫМ - КҚ құрылғылармен, жабдықпен жабдықтау.

ҚҰРАМДАС БӨЛШЕКТЕР – КҚ конструкциясына кіретін агрегаттар, тораптар, бөліктер.

НАРЫҚ КОНЪЮНКТУРАСЫ – зерттелетін КҚ объектеріне ұқсас сұраныс деңгейі мен ұсыныстар.

КОРРОЗИЯ – сыртқы ортамен өзара әрекет ету кезінде дене, материал бетінде химиялық факторлар, реакциялар ықпалынан қатты денелер бұзылу процесі.

КРИТЕРИЙ – бірдеңені бағалау, белгілеу немесе жіктелу негізінде жүргізілетін белгі.

М

ҰСАҚ БӨЛІКТЕР (БЕКІТПЕ) - метиздер, нормали жәнет тағы басқа бір жолғы пайдалану бекітпе-байланысу бөліктері мен материалдары, олардың пайдаланылуы КҚ жөндеу кезінде қажетті (технологиямен қарастырылған). Калькуляция есебін оңтайландыру мақсатында олардың құны КҚ алмастыратын негізгі бөліктері құнының 2% ретінде алынады. Ұсақ бөліктер құны бағдарламалық кешендерде оларға жөндеу жинақталымдарының құны туралы мәліметтер болмаған кезде жөндеу мақсатында бөлшектеуге жататын тораптар құнының 2% ретінде белгілене алады.

АЙЛЫҚ ЕСЕПТІК КӨРСЕТКІШ (АЕК) – зейнетақы, жәрдемақы және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеуге, сондай-ақ айыппұл санкцияларын, салық есептемесі мен басқа да төлемдерді пайдалануға Қазақстан Республикасында қолданылатын көрсеткіш. Айлық есептік көрсеткіш жыл сайын «Республикалық бюджет туралы» заңымен белгіленеді.

БАҒАЛАУ ӘДІСІ – осы ақпарат әдісі үшін маңызды негізінде бір тәсіл шегінде зерттеу объектісі құнын белгілеуге мүмкіндік беретін процедуралар жүйелілігі.

МЕХАНИКАЛЫҚ КӨЛІК ҚҰРАЛЫ – мопедтен басқа, қозғалысқа қозғалтқыш әкелетін көлік құралы. Термин сондай-ақ кез келген тракторлар мен өздігінен жүретін машиналарға тарайды.

МОДЕЛЬДІК ЖЫЛ - (көбінесе жағдайларда) VIN-де көрсетілетін КҚ шығарылуының шартты жылы. Әдетте, VIN-де шығарудың фактілі күні емес модельдік жылы деп аталатын туралы ақпарат сақталады. Автомобиль жасауда модельдік жыл күнтізбелік жылмен үйлеспейді және көптеген автомобиль шығарушыларда шілдеден басталады. Мәселен: егер автомобиль фактілі 1998 жылдың қазанында шығарылса VIN-де 1999 модельдік жыл көрсетіледі.

МОНТАЖ – КҚ-да қарастырылған орындарға элементті (агрегат, торап, бөлік) немесе оның құрама бөліктерін орнату.

МОПЕД – қозғалтқышпен қозғалыс жасалатын жұмыс көлемі 50 шаршы метрден астам емес және ең жоғары конструктивтік жылдамдығы сағатына 50 км астам емес екі немесе үш доңғалақты көлік құралы. Мопедтерге аспалы қозғалтқышымен велосипедтер, мокиктер және басқа да ұқсас сипаттамалары бар көлік құралдары теңестіріледі.

МОТОТЕХНИКА - мотоциклдер, мопедтер, мокиктер, квадроциклдер, трициклдер және олардың негізінде басқа доңғалақты техника.

МОТОЦИКЛ – бүйір тіркемесімен немесе онысыз екі доңғалақты механикалық көлік құралы. Мотоциклдерге жабдықталған күйде салмағы 400 кг астам емес үш және төрт доңғалақты механикалық көлік құралдары теңестіріледі.

Н

СЫРТҚЫ БОЯУ – КҚ сыртқы беттерінің бояуы (қажетінде – шығарушының талаптарына сәйкес бүйірлерді, есік ойықтарын, капоттың ағынды арналары мен жүк салғыш қақпақтарын бояумен).

ҚАТПАРЛАНУ – із пайда болуы процесіне байланысты, бір объект материалын басқа із қабылдағыш бетке апару. Жол-көлік оқиғалары кезінде бір көлік құралынан басқаға сыр, резеңке немесе басқа да конструктивтік материалдар қатпарлануы, көлік құралы доңғалақтарынан жол төсеміне қатпарлану іздері байқалады.

КҚ ЖОЛ ЖҮРІСІНЕ ЖЕТПЕУ – КҚ фактілі және орта статистикалық айырмашылығының жағымсыз мағынасы.

АҚАУЛЫ ҚАЛЫП (АҚАУЛЫЛЫҚ) – объект қалпының шығарушының нормативтік-техникалық құжататмасымен белгіленген талаптардың біріне де сай келмеуі.

ЖҰМЫСҚА ҚАБІЛЕТСІЗДІК ҚАЛЫП (жұмыс қабілетсіздігі) – объект қалпы, тапсырылған функцияларды орындауға қабілетін сипаттайтын тапсырылған параметрлер мағынасының бірі де шығарушының нормативтік-техникалық құжататмасымен белгіленген талаптарына сай келмеуі.

ЖОЙЫЛМАЙТЫН ТОЗУ (жойылмайтын амортизация) – жоюы экономикалық жөнсіз физикалық қалыптың, функционалдық ескірудің нашарлану түрлері.

О

ЖАБДЫҚ – КҚ жұмыс істеуіне қажетті механизмдер, құрылғылар, құралдар жиынтығы.

ЗЕРТТЕУ ОБЪЕКТІЛЕРІ – осы әдістемеді егер басқасы көрсетілмесе, зерттеу объектілері деп жалпы КҚ, оның бөліктері, тораптары көзделеді.

ОДОМЕТР – КҚ өткен қашықтықты анықтау құралы.

ОПЕРАЦИЯ – КҚ жөндеу және қызмет көрсету бойынша қарапайым мөлшерленген жұмыс түрі.

ҰЙЫМДАСТЫРУ – бірденені реттеу, әзірлеу, бабына келтіру.

ТҮПНҰСҚАЛЫЛЫҚ ҚОСАЛҚЫ БӨЛШЕК – КҚ шығарушы тексеріп сертификаттаған бөлік (торап, агрегат).

КҚ ТЕКСЕРУ – келесі мақсаттарда КҚ органолептикалық тексеру: КӨ сәйкестендіру, КҚ жұмысқа қабілеттігін анықтау, зақымдар мен ақаулықтарды, жөндеу іздерін анықтау.

НЕГІЗГІ МАТЕРИАЛ - негізгі бұйым массасына кіретін материал (сыр, коррозияға, шуға қарсы жабын және т.б.).

ОФЕРТА [лат. offertus ұсынылған] – сатуға қойылған.

П

ҚИҒАШТЫҚ – КҚ негізінде ойықтардың (терезе, есік, капот, жүк салғыш қақпағы) геометриялық параметрлерін шектен тыс, сондай-ақ күштік агрегатты

бекітудің базалық нүктелерінің орналасқан жерін, ілмектерді (көпірлер), негізгі шанақтың қаңқа негізінде трансмиссия тораптарының бұзылуы.

КҚ ТЫМ ЖОЛ ЖҮРІСІ – КҚ фактілі және орташа статистикалық жол жүрісі айырмашылығының жағымды мағынасы.

ЗАҚЫМДАЛУ – нормативтік-техникалық құжаттамада белгіленген деңгейлерден асатын сыртқы ықпал салдарынан физикалық объектің түзулігін бұзу, зақым келтіру, бүлдіру.

ТОЛЫҚ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ҚҰНЫ – зерттеу объектісін құру кезінде қолданылған материалдар мен технологияларды пайдалануымен зерттеудің дәл көшірмесін құру үшін қажетті зерттеу объектісін қалпына келтіруге шығындар.

ОРНЫН АЛМАСТЫРУДЫҢ ТОЛЫҚ ҚҰНЫ – зерттеу күніне қолданылатын материалдар мен технологияларды пайдалануымен ұқсас объекті құру үшін қажетті зерттеу объектің орнын алмастыруға шығындар.

ТОЛЫҚ МАССА – толық жабдықталған және тиелген КҚ массасы.

ТОЛЫҚ БОЯУ – КҚ сыртқы және ішкі беттерін бояу.

КҚ ТОЛЫҚ ЖОЮ – КҚ толық жою ретінде әдістемеде тікелей зақымдалуға дейін КҚ болған қасиеттерін қайта қалпына келтіру физикалық мүмкінсіз немесе экономикалық жөнсіз дегені көзделеді (яғни жөндеу технологиясын сақтау шарттары кезінде алмастыруға жататын жиынтық бұйымдар (бөліктер, тораптар, агрегаттар) тозуының есебінсіз КҚ қалпына келтіру құны зақымдалу кезіне КҚ құнына тең немесе асып түседі).

ЖАРТЫЛАЙ ТІРКЕМЕ – ер тоқым арқылы тартқышқа тіркелетін өздігінен жүрмейтін көлік құралы.

КҚ ТҰТЫНУШЫЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІ – КҚ пайдалылығы, кез келген тұтынуды қанағаттандыру қабілеті (техникалық, экономикалық, әлеуметтік, эстетикалық).

ЭКОНОМИКАЛЫҚ МАҚСАТТЫЛЫҚ ПРИНЦИП - жөндеу кезінде пайдаланатын бөлік және материал құны ең төмен бағамен белгіленетін принцип, осы бағамен эквиваленттік пайдалылықпен ұқсас объект құрылып немесе сатып алынуы мүмкін, сонымен қатар осындай объектің бөлшектеп сату желісінде бар болуы және (немесе) оны жеткізу мерзімі есепке алынады.

ТІРКЕМЕ - 1) қозғалтқышпен жабдықталмаған және механикалық көлік құралы қрамында жүрігу арналған көлік құралы. Термин жартылай тіркемелер мен тіркеме-таратқышқа да таралады. 2) оқ ағаш арқылы тартқышқа тіркелетін өздігінен жүрмейтін көлік құралы; әдетте бұрылыс құрылғысы бар.

ТЕКСЕРІС – жұмыс параметрлерін (сипаттамаларын) бақыалумен КҚ немесе оның элементін (агрегат, торап, бөліктер, жүйелер) зерттеу. Кейде КҚ (агрегатты) және/немесе өлшеу құралдарын пайдаланумен ішінара немесе толық бөлшектеуден кейін ғана орындалуы мүмкін.

ТІКЕЛЕЙ ЗИЯН – басқа адамға (жауапкер) зиян келтіруінсіз және құқықты асыра пайдалануды жоққа шығаратын [ҚР АҚ 8 б. 5 б.], яғни көлік құралын қалпына келтіруге заттай шығын, алайда жауапкер есебінен қалпына келтіру сапасын немесе амортизациялық тозу есебімен көлік құралына қалпына келтіру жөндеу құнын жақсартуынсыз құқығы бұзылған тұлғаның (талапкер) тікелей зиянын көрсететін нақты зиян бірінің құрамасы. КҚ толық жойылған жағдайда

тікелей шығын сараптама өткізу кезіне КҚ нарықтық бағасына тең минус жарамды қалдықтар құны.

Р

ЖҰМЫСҚА ҚАБІЛЕТТІЛІГІ ҚАЛПЫ (жұмысқа қабілеттілігі) – нормативтік-техникалық құжаттамамен белгіленген шекте негізгі шығыс параметрлерінің мағынасын сақтай отырып, тапсырылған функцияларды орындауға қабілеті бар объект қалпы.

БӨЛШЕКТЕУ – Бұйымды бөліктерге және (немесе) жинақтау бірліктерге бөлу.

БҰЗЫЛУ – конструктивтік элементтің бөліктерге бақыланбайтын бөлінуі немесе сыртқы ықпал салдарынан объект формасы мен қасиеттерінің толық жоғалуы.

НАҚТЫ ЗИЯН – мүлкі зақымдалған кезде құқығы бұзылған адам жасайтын немесе жасаған шығындарды көздейтін зиян бірінің құрамасы [ҚР АҚ 9 б. 4 т.], (мысалы, ЖКО кезінде көлік құралы зақымдалғанда басқа адам келтірген зиян салдарынан [ҚР АҚ 8 б. 5 т.], яғни жол көлік оқиғадан кейін зақымдалған көлік құралын қалпына келтіру кезінде немесе қалпына келтіру жөндеуінің құнын төлеу кезінде және амортизациялық тозуды есептеуінсіз көлік құралының тауарлық түрін жоғалтудан адам шығыны;

РЕТТЕУ – қызмет етудің белгілі параметрлеріне қол жеткізу мақсатында жүйедегі байланыс өзгеруінің процесі (операция).

ЖӨНДЕУ – жойылған қасиеттер, сапаларды қалпына келтіру. зақымдарды, ақаулылықтарды түзету.

ЖӨНДЕУ МАТЕРИАЛДАРЫ – жөндеу кезінде қолданылатын негізгі және қосалқы материалдар.

РЕПРЕЗЕНТАТИВТІК ІРІКТЕМЕ – іріктемелік жиынтық, онда негізгі сипаттамаларнегізгі жиынтық сипаттамаларымен үйлеседі. Бірақ осы іріктеме типі үшін бірліктер бөлігін зерттеу нәтижелерін барлық негізгі жиынтыққа таратуға болады.

НАРЫҚ – тауарлар мен қызмет көрсету сатушылары мен сатып алушыларын қосуға мүмкіндік беретін жалпы байланыс формасы. Автомобильдік нарық (тауарлар мен қызмет көрсеті автонарығы) – нарықтың бір сегменті болып табылады.

КӨЛІК ҚҰРАЛЫНЫҢ НАРЫҚТЫҚ ҚҰНЫ – әр тарап құзырлы, үнемді, қысымынсыз тиісті маркетинг жүргізгеннен кейін коммерциялық мәміле нәтижесінде қызығушылық танытатын сатып алушы мен қызығушылық танытатын сатушы арасында зерттеу жүргізу күніне қолдан қолға ауысатын көлік құралына есеп айырысу ақшалай сома.

С

КҚ СЕРИЯЛЫҚ ЖИНАҚТАЛЫМЫ (сериялық жабдық) – міндетті түрде осы модификацияның (серия) барлық КҚ-ға шығарушы зауыт орнататын жабдық.

СЕРТИФИКАТ - [фр. certificat, лат. certum дұрыс + facere істеу] сол немесе өзге фактті (тауар сапасы) куәландыратын құжат.

ӨТПЕЛІ КОРРОЗИЯ – металды тесіп өткен жергілікті коррозия.

КЕТІК – материал фрагментінің КҚ конструктивтік элемент бетінен толық бөлінуі.

ЖАСЫРЫН АҚАУ – көлік құралын тексеру кезінде анықталмайтын ақаулылық, оны анықтау үшін бөліктер, торап немесе агрегаттың қосымша тексерісі қажет.

ЖАБДЫҚТАЛҒАН МАССА – толық құйылған (отын, май, салқындатқыш сұйықтық және т.б.) және жабдықталған (қосалқы донғалақ, құрал-сайман және т.б.) КҚ, алайда жүргізушісіз, жолаушылар мен жүксіз.

ТҮЙІНДЕСУ – конструкторлық құжаттамада тапсырылған беттер және (немесе) кетіктер арасында түйіндесумен сипатталатын құрастыру кезінде бұйымның құрама бөліктерінің шартты қалпы.

МАМАН – арнайы білімі бар адам.

САЛЫСТЫРМАЛЫ ТӘСІЛ – баға туралы ақпараты бар зерттеу объектісі ұқсас-объектілермен зерттеу объектісін салыстыруында негізделген зерттеу объектісінің құнын белгілеу әдісінің жиынтығы. Құнын анықтау мақсаты үшін зерттеу объектісінің ұқсас объектісі ретінде негізгі экономикалық, материалдық, техникалық және басқа да оның құнын анықтайтын сипаттамалары бойынша зерттеу объектісі танылады.

ЖЫЛДЫҚ ОРТАША ЖҮРІС – ұқсас автомобильдің жүрісінің орташа статистикалық көлеміне тең деп шартты алынған автомобильдің жылдық жүріс көлемі.

ОРТАША БАҒА – жөндеу кезінде қолданылатын материалдар, қосалқы бөлшектердің, жөндеу бойынша орындалатын жұмыстардың, норма-сағаттардың және т.б. нарықтық бағасы.

ҰДАЙЫ ӨНДІРУ ҚҰНЫ - ұқсас материалдар мен технологияларды қолданылуымен, бағалау объектісі тозуын есепке алуымен объекті құруға бағалауды өткізу күніне болатын нарықтық бағамен шығындар сомасы.

ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ЖӨНДЕУ ҚҰНЫ – КҚ түпкілікті, апатқа дейінгі қалпына келтіруге жеткілікті шығындардың ең ықтимал сомасы.

ЖАРАМДЫ ҚАЛДЫҚТАР ҚҰНЫ – қалпына келтіруге жатпайтын апаттық КҚ жарамды қалдықтарының нарықтық құны, олар бойынша жарамды қалдықтар қайта сатып алу алдындағы шығындарды және сату кезінде сауда саттық шығындарды есептеуімен нарықта сатылуы мүмкін (яғни бөлшектеге, ақау тапқылауға, сақтауға және т.б. шығындар). Жарамды қалдықтар құны осы КҚ кәдеге жарату құнынан кем болмауы тиіс.

ЖӨНДЕУ ҚҰНЫ – нақты зинға жатып, нормативтік талаптарға сәйкес деңгейге дейін КҚ жойылған техникалық сипаттамалары бойынша қызмет көрсетудің нарықтық құны болып табылады.

Жөндеу құнына келесі шығындар кіреді:

- жөндеуге қажетті материалдарға шығын;
- жөндеуге қажетті қосалқы бөлшектерге шығын;
- тікелей жөндеуге байланысты еңбек шығындары мен жүк қағаз шығындары құнын кіргізетін жөндеу бойынша жұмыстар төлеміне шығын (норма-сағаттың жиынтық құны).

НАРЫҚТЫҚ БАҒА – ең ықтимал баға, жақтар үнемді әрекет етіп, қажетгі ақпаратқа ие болып, ал мәміле көлемінде кез келген төтенше жағдайлар ықпал етпейтін осы баға бойынша бағалау объектісі ашық нарықта бәсекелес жағдайларында иеліктен шығарылуы мүмкін.

КӘДЕГЕ ЖАРАТУ ҚҰНЫ – бағалау объектісін кәдеге жаратуға шығындарды есептеуімен ішіне кіретін материалдардың нарықтық бағасына тең бағалау объектісі құны.

Т

ТЕХНОЛОГИЯ – жұмыстарды, қызмет көрсетулерді орындау кезінде қолданылатын өндірістік әдістер, процестер.

ТИП - 1) маңызды сапалық белгілеріне ие бірдеңенің формасы, түрі; 2) бірдеңенің үлгісі, моделі.

НҮКТЕЛІК КОРОЗИЯ – жеке нүктелік зақымдалу түрінде металдың жергілікті коррозиясы.

КӨЛІК ҚҰРАЛЫ – адамдарды, жүктерді ішінде орнатылған жабдықты жолдармен тасымалдауға арналған құрылғы. Осы әдістемеді – автокөлік құралдары (автомобильдер, автобустар, автомобильдік тіркемелер, сондай-ақ шассиінде арнайы және мамандандырылған) мен мототехника.

ЕҢБЕК СИЫМДЫЛЫҒЫ – жұмыстарды, қызмет көрсетулерді орындауға уақыт нормасы. Жөндеу жұмыстарының еңбек сиымдылығы КҚ шығарушы зауыты белгілейді, ал зауыт бекіткен уақыт нормасы болмаған жағдайда сараптамалық жолмен.

У

ЗИЯН - мүлкі зақымдалған кезде құқығы бұзылған адам жасайтын немесе жасаған шығындарды көздейтін зиян бірінің құрамасы (алынбай қалған пайда) [Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 9-б.]. Мүліктегі зиян жәбірленушінің қолындағы бар мүлік азаюы (мүлік зақымдалуы, жойылуы, асырып шығындану және т.б.).

Зиян екі түрге бөлінеді: нақты зиян және алынбай қалған пайда.

Құқығы бұзылған адамға зиянын өтеу бойынша міндеттемелер бұзылған кезде (орындамау немесе тиісті түрде орындамау) [ҚР АҚ 7, 271 б.] зиян үстінен моральдық зиян өтеледі [ҚР АҚ 352 б.];

ТОРАП – бірнеше бөліктер қосылуы. Бұйымның құрама бөліктерінің басқаларынан немесе жалпы бұйымнан жеке жинауға болатын және басқа құрама бөліктерімен бірге ғана тағайындалуы бір бұйымдарда белгілі қызмет көрсететін құрама бірлік.

АЛЫНБАЙ ҚАЛҒАН ПАЙДА – мүліктік жауапкершілікті ықпал еткен әрекеттермен адамның құқығы бұзылмаған кезде айналымның кәдімгі жағдайларында алуға мүліктік айдалар, табыстарды алмаумен көрінген зиян [ҚР АҚ 9 б. 4 т.] (алынбай қалған пайда мөлшерін анықтаған кезде оны алу үшін несиегер қолданған шаралар және осы мақсатпен жасалған дайындықтар есепке алынады [ҚР АҚ 350 б. 4 т.]).

ПАЙДАЛАНУ ШАРТТАРЫ – КҚ ресурстарын шығындануға ықпал ететін сыртқы факторлар жиынтығы (КҚ тозуы). Оларға жатады: КҚ жүріс режимі

және жүктемесі, жол және ауа райы, отын сапасы, жағар материалдары, техникалық қызмет көрсету мен жүргізу шеберлігі.

ЕСКІРУ – мүлік пайдалылығы төмендеу салдары бойынша құн жоғалуы; функционалдық және экономикалық ескіру бар:

- функционалдық ескіру (моральдық тозу) - жаңа, конструктивтік тым жетілдірілген ұқсас объектердің пайда болуынан объект құнының жоғалуы. Функционалдық ескіруді жою тәсілі объекті жетілдіру болып табылады.

- экономикалық ескіру (сыртқы) - тұтынушылар сұранысының өзгеруі сияқты сыртқы факторлар ықпалымен негізделген құн жоғалуы. Ол белгілі бір объектерге сұраныстың кенет, катастрофалық төмендеуіне әкеп соғатын жалпы экономикалық, ішкі салалық өзгерістер ықпалынан болуы мүмкін.

ШАНАҚ ҚИҒАШТЫҒЫН ЖОЮ - күштік агрегатты, трансмиссия мен аспаларды бекіту үшін шанақ негізінде терезе, есік, капот ойықтарының, жүк салғыш қақпағының, лонжерон, салон қаңқасы мен базалық нүктелер геометриялық параметрлерін қалпына келтіру.

КӘДЕГЕ ЖАРАТУ – қайта өндіру.

КӘДЕГЕ ЖАРАТУ ҚҰНЫ – өз ресурсын бітірген немесе есептен шығарылатын немесе қалпына келтіруге жатпайтын және алынған зақымдардан кейін сатылмайтын көлік құралы құны.

ТАУАРЛЫҚ ҚҰНЫН ЖОЮ (УТС) – жол көлік оқиғасы және әрі қарай жөндеу салдарынан жеке бөліктер, тораптар мен агрегаттар, қосылымдар мен қорғаныс жабындар төзімділігі мен ұзақ жарамдылығының төмендеу салдарынан автомобильдің тауарлық (сыртқы) түрін және оның пайдаланушылық сапасының уақыттан бұрын нашарлануынан көлік құралы құнының төмендеуі болып табылады.

Ц

СЫЗЫҚ - бет формасын бұзбайтын беттегі із (ұзындығы еңінен ұзын сызықша тәрізді сәл шұңқыршаның пайда болуымен геометриясын бұзуынсыз және материалын үзуінсіз КҚ конструктивтік элемент бетінің зақымдалуы. ЛКП және КҚ конструктивтік элементі негізгі материалының сызықтары болады).

БАҒА –зерттеу объектісіне дұрыс көтермелеу.

ОРТАША БАҒА - жөндеу бойынша орындалатын жұмыс, норма-сағат бойынша және материалдарды, қосалқы бөлшектерді жөндеу кезінде пайдаланатын нарықтық баға.

ЖӨНДІ - қойылған мақсатқа, тапсырмаға әбден дұрыс лайық.

Ч

ТАЗА КІРІС – ақшалай түсім минус шығындар

Э

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЕСКІРУ – қарастырылып жатқан активке қатысты негізгі сыртқы факторлармен негізделген бағаны жоғалту (экономикалық формацияның, қоршаған ортаның және т.б. өзгеруі). болған өзгерістерді жою мүмкінсіздігі немесе жөнсіздігінен жойылмайтын деп саналады.

КҚ ПАЙДАЛАНУ – мемлекеттік тіркеу кезінен кәдеге жаратқанға дейін көлік құралын мақсаты бойынша пайдалануды жүзеге асыратын тіршілік циклінің кезеңі.